Key words: language, national-cultural identification, personality, language self-identification.



УДК 371.122

С.М. Бахшиева - п.ғ.д., доцент
Ш.Ү.Арыстанова - М.Өтемісов атындағы
БҚМУ магистранты
E-mail: sbakish@mail.ru

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӨЗІНДІК ОҚУ ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аннотация: Мақала бастауыш сынып оқушыларының өзіндік оқу әрекетін ұйымдастырудың теориялық аспектілеріне арналған және онда орын алатын психологиялық педагогикалық мәселелер талданған.

Түйін сөздер: өзбетіндік жұмыс, танымдық қызмет, шығармашылық ізденіс

Егемен Қазақстанның қалыптасып, түрлі салалардағы адамдар қызметі өрісінің аумағы күрт кеңейіп келе жатқан қазіргі кезеңінде елімізге білімді, ең бастысы шығармашылықпен ойлауға, белсенді еңбек етіп, мәдениет, ғылым және техниканы алға дамытуға және өз бетінше шешім қабылдауға қабілетті азаматтарды тәрбиелеу қажеттілігі артып отыр. Адам бойында мұндай қасиеттер өмір бойы қалыптасатындығына қарамастан, оның негізі мектеп қабырғасында қаланып, оқушының белсенді оқу – іздену қызметі нәтижесінде дамитыны сөзсіз. Сондықтан да қазіргі заман талабына сай оқушылардың сапалы білім алып, орасан қарқынмен дамып отырған ғылыми–техникалық және қоғамдық–саяси ақпараттар ағымында дұрыс бағыт таңдап, өз бетінше ізденіп, оқуға және шығармашылықпен жұмыс істеуге баулуда, білімін үздіксіз жетілдіруде жалпы орта білім беретін мектептің орны ерекше болып табылады.

Оқушылардың оқу–танымдық қызметі мен өзіндік жұмыстарының өзекті мәселелері көптеген ғалым–педагоғтар, психолоғтар мен әдіскерлердің (А.П.Аристовтың, Е.Я.Голант, В.П. Есиповтың, П.И.Пидкасис-тыйдың, М.А. Данилованың, И.Я.Лернердің, Т.И. Шамованың және А.А.Бейсенбаева, Ә.Мұхамбетжанова, Ж.А.Қараев т.б) еңбектерінде кеңінен сөз болады.

Алайда, оқушылардың өзіндік жұмыстары проблемасына арналған әдебиеттердің мол екендігіне қарамастан, бұл – дәріс беру әдісі ме, оқыту тәсілі ме немесе сабақты ұйымдастыру түрі ме деген мәселе толық шешімін таппаған.

Жалпы, тарихи деректерге сүйенсек, өзіндік білім алу проблемасы үш түрлі бағытқа шоғырланған.

Бірінші бағыт тереңнен, яғни көне заманнан тамыр алады. Оның өкілдері баланың ерікті түрде, өздігінен белсенді түрде білімін көтеруінің маңыздылығын жан–жақты дәріптеген. Ежелгі грек ғұламалары – Архит, Аристоксен, Сократ, Платон, Аристотель өз пайымдауларында адамның ойлау қабілеті дербес қызметі барысында, ал тұлға ретінде қалыптасып жетілуі өзін-өзі тану жолымен жүреді деген тұжырым жасайды. Осындай жолмен жетілу балаға қуаныш пен қанағаттанушылық сыйлап, білімнің жоғары сатысына ұмтылуына талпындырады. Бұл қағидалар кейіннен ұзақ ғасырларға созылған мектеп пен педагогикалық қызмет дамуы барысында



көптеген тәлімгер–теоретиктердің пікір–таласын тудырып келді. Қағиданың одан әрі дамуына мектеп өміріндегі схоластика, догматизм мен жаттандылық белең алған, сонау сүреңсіз орта ғасырлардың өзінде, адам бойында сыни баға беру мен ұшқыр ойлау қабілеттерін қалыптастырудың маңыздылықтарын дәріптеген Франсуа Рабле, Мишель Монтень, Томас Мор, Томазо Компанеллалар зор үлес қосты. Адамның өз бетінше жаңа білім алып, тосын заттар мен құбылыстардың “дәмін” жеке татып, таным бағытын дербес анықтауға күш салуының мәні айрықша.

Бұл пікірді педагогикалық еңбектерінде Ж.Ж. Руссо, И. Г. Песталоцци, А.Дистервег, Н.И.Новиков, Г.С.Сковорода, К. Д. Ушинский және басқалар да қуаттады.

Бірінші әлеуметтік–педагогикалық бағыт бойынша жазылған еңбектерді талдау негізінде төмендегіше жүйелеуге болады:

а) ойлау қабілеті ізденушілік әрекет нәтижесінде ғана дамиды, ал оның жүзеге асуы өзіндік таным нәтижесіне байланысты болады.

ә) келесі ұғымдар беріледі: өзіндік әрекет – бұл белсенді оқыту ұстанымы (Руссо); оқыту әдістері – бұл баланың дербестілігі мен өзіндік әрекеті; тәрбиенің шешуші ролі - өзіндік әрекет етуге және өзін дамытуға ұмтылдыру (Песталоцци); өзіндік әрекет - өзіңімен білім алуға жетелейтін таным еркіндігі (Дистервег);

б) бірінші бағыт зерттеушілері баланың өзіндік даму теориясы шеңберінен шықпайды.

Екінші бағыт, біздіңше, Я.А. Коменскийдің еңбектерінен бастау алады. Ол мектеп оқушыларын өзіндік жұмысқа тартудың ұйымдастырушылық, практикалық мәселелерін шешуге бағытталған.

Мұнда оқыту мәселелеріне басты назар аударылады, яғни оқушының еңбегі зерттеліп, терең талдау жасалмай, негізінен мұғалім қызметі жан – жақты теориялық негізделеді. Бұл бағытты шартты түрде дидактикалық - әдістемелік бағыт деп атауға болады. Ол бірнеше ғасырлар бойы жалғасын тауып, дами түсті.

Дидактикалық-әдістемелік бағыт бойынша жазылған еңбектерді талдай отырып, төмендегі тұжырым жасауға болады:

а) бұл бағыттың ерекшелігі – оқушының өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруға бағытталған мұғалімнің әрекеті болып табылады;

ә) келесі анықтамалар берілген: өз бетінше әрекет ету – шынайы білім мен дұрыс түсіну кілті (Коменский); баланың өзіндік жұмысы – оларды дамытудың қажетті шарты (Д. Локк);

б) екінші бағыт зерттеушілері тұжырымында оқушы әрекеті терең зерттелмеген, өзіндік жұмысының процессуальдық жағы ашылмай қалған.

Үшінші бағыт оқушылардың өзіндік әрекеті тек қана оқытудың педагогикалық әдістері мен құралдары төңірегінде ғана емес, сондай – ақ зерттеу мәселесі ретінде танылуымен, ерекшеліктерінен бастау алады. Мұны шартты түрде психологиялық – дидактикалық бағыт деп атауға болады.

К. Д. Ушинский: «өзіндік жұмыс оқытуда жетістікке жетудің бірден – бір жолы», -деп есептеді. Сондай-ақ, ол шәкірттің жас ерекшеліктерін ескерудің қажеттігіне тоқталды.



К.Д.Ушинскийдің пікірінше, оқытудың алғашқы сатысында мұғалімнің басқарушылық әрекеті, сөйлеуі, маңызды сұрақтар қоюы және оны оқушыларға жеткізуі, кітап оқуы және оны әңгімелеп беру, сурет бойынша әңгімелеу сияқты әрекеттері маңызды болып табылады. Ол мұғалімнің ролін ескере отырып, ол оқушының белсенділігі мен ізденушілігін дамытуда ұйымдастырылған өзіндік бақылау мен тәжірибе, көрнекіліктер дайындау сияқты өзіндік жұмыстарының маңыздылығына тоқталады. Автордың тұжырымдауынша, “өзінің ой-пікірін жеткізе алмау кемшілік болып есептелінеді, ал өзіндік ой – пікірінің болмауы - өте үлкен кемшілікке жатады, өзіндік ой-пікірлер тек қана өзіндік білім арқылы жүзеге асады”. [2,8 355]. Соның негізінде ағартушы педагог оқушылардың өз беттерінше еңбек етуі мен өзіндік жұмысын “барлық жемісті білім берудің бір ғана берік негізі” деп есептейді.

Осылайша, К. Д. Ушинский педагогикалық ғылымда алғаш рет оқушылардың өзіндік жұмыстарына философиялық және психологиялық – физиологиялық тұрғыда талдау жасады.

Психологиялық–дидактикалық бағыттың ерекшелігі:

а) бұл бағыт өкілдері еңбектерінің теориялық негізі – оқушының ізденушілік әрекеті болып табылады;

ә) анықтамалар беріледі: өз бетінше әрекет ету – бұл “мұғалімнің көмегінсіз” жаңаны табу, білуге ұмтылу (К. Д. Ушинский); өз бетінше әрекет ету – бұл оқушының жаңа білімді игеруге қажетті ішкі үрдісі (Г. Ф. Каптерев); оқыту әдістері оқушының ізденімпаздық дәрежесі арқылы бағаланады (Б.И. Алтынсарин);

б) психологиялық–педагогикалық бағыт өкілдері тұжырымында оқушылардың ізденімпаздық әрекеті құрылымы мен үрдісі толық анықталмаған.

Профессор Р.Г.Лембергтің пікірінше [5], оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру төмендегі шарттарға байланысты:

а) оқушылардың істейтін жұмысының мақсатын айқын түсінуі;

ә) жұмыстың жемісті аяқталуына, оның алдағы нәтижесіне сенімділігі мен қызығушылығы;

б) жұмыстың оқушылардың өз еркімен, қалауымен орындалуы;

Енді «өзіндік жұмыс» ұғымының мәнін нақтыласақ.

Педагогикалық әдебиетте өзіндік жұмыстың сан алуан анықтамасы кездеседі. Өзіндік жұмысты Р. М. Микельсон оқушының тапсырманы мұғалімнің көмегінсіз, бірақ бақылауымен орындалуы деп анықтама береді. Е.С. Голант, бұл түсінікке анықтама берместен өзіндік жұмыс проблемасын теориялық талдауда, оқушылардың жұмысты дербес орындауын, олардың дербес тұлға ретінде қалыптасуының шартымен теңестіруге болмайды деп қорытынды жасайды. Дербес жұмыстардың негізгі үш элементін ажыратады:

а) ұйымдастырушылық техникалық дербестік;

ә) ойдың дербестігі;

б) іс - әрекеттің, қимылдың дербестігі.

Бірінші элемент оқушының жұмысты жоспарлай білуін, өз уақытын бөлу, жұмыс орнын ұйымдастыра білуін білдіреді. Білімдік жұмыстың техникасын игеру үшін оқушы мектепте рациональды оқуға және қажетті оқу материалдарын меңгеруге, кітапхана каталогы, сөздіктерді пайдалана білуге, жоспар құруға, лекцияны конспектiлеуге, бақылау күнделігін жаза білуге тәжірибе хаттамаларын жазуға, т.б. үйренуі керек.



Ойдың дербес жұмысы – бұл материалдарды іріктеу, оны жүйелеу, салыстыру, қорытындыны тексеру, алынған қорындыны жаңа мәліметтермен бекіту, өзіндік шағын тұжырым жасау, т.б. деп түсіндіреді. Дербес іс- қимыл дербес жұмыстың құрылымын заңды түрде аяқтайды. Сөйтіп, оқушылардың ойлау және практикалық іс- әрекеттердегі белсенділігіне шешуші мән бермей, өзіндік жұмыстың мағынасын оның сыртқы байланысы бойынша қарастырады.

Е.Я. Голант [2] тұжырымының өзгешелігі, ол өзіндік жұмыстың ішкі мағынасы-ойлау, пайымдау және қорытынды жасау дербестігінде деген түйін жасайды. Бұл арада ол, ең алдымен, оқушының өзіндік жұмысының құрылысына баса назар аудара отырып, оның көптеген үй жұмыстарын орындауын өзіндік жұмысқа жатқызуға болмайды, себебі олардың басым-бөлігі мектепте өткенді бұлтарыссыз қайталау деп дәлелді түрде ашып көрсетеді. Сол себепті де автор жарық көрген еңбектерінде өзіндік жұмыстың төмендегідей маңызды белгілеріне тоқталады:

- бірнеше іс-әрекеттерден тұратын белгілі жаттығу тапсырмасының болуы;

- жұмыстың мұғалімінің тікелей басшылығынсыз және әрбір әрекетті тап сол мезетте тексеруінсіз орындалуы;

В.П.Беспалько “өзіндік жұмыс” ұғымын адамның өздігінен, ешкімнің көмегінсіз орындалуымен байланыстырады. Г.П.Семеновтың пікірінше, өзіндік жұмыс оқытуды ұйымдастыру формасы да, әдіс-тәсілі де емес, өзіндік жұмыс - алдын-ала берілген бағдарлама немесе нұсқау арқылы, оқытушының қатысуымен орындалатын танымдық әрекет.

П.И.Пидкасистыйдың пікірінше [6], ең қолайлы және практикада тексерген сабақтың тиімділігін, сабақ үстінде оқушылардың белсенділігін арттырудың бірден-бір жолы оқу жұмысында өзіндік жұмысты тиісті ұйымдастыру болып табылады. Өздігінен жұмыс істеу әрекеті үрдісінде ғана оқушы білімді меңгеруде қол жетімді жетістікке жетеді. Сабақ үстінде оқушылар өз мүмкіндіктерінше өздігінен еңбектену қажет, ал мұғалім оқушылардың өздігінен жұмыс істеу барысын жетекшілікке алып, оны орындауға тапсырма беру қажет. Осыған орай, оқу үрдісінде өзіндік жұмыс деп, мұғалімнің ұйымдастыруымен оқушылардың белсенділік әрекетін, белгілі уақыт ішінде алға қойған дидактикалық мақсатты орындауға бағытталған, білімді іздеу, оны ұғыну, бекіту, білік және дағдыны қалыптастыру және дамыту, білімді жүйелеу және талдап қорытуды айтады.

Т.И.Шамованың айтуы бойынша, “Оқушылардың өзіндік жұмысы дегеніміз-олардың барынша белсенділік, шығармашылық, дербес ойлау мен ынталылық таныта отырып атқаратын қызметтері” [8]. Ал Б.П.Есипов зерттеулерінде біржақтылықтың басымдылығына қарамастан, өзіндік жұмысқа барынша толық анықтама берген: “Оқу процесіне жұмылдырылған шәкірттердің өзіндік жұмысы - мұғалімнің тапсырмасымен, бірақ оның қатынасуынсыз, арнайы белгіленген уақытта орындалатын оқушылардың ақыл-ой мен күш-қуат мүмкіндіктерін пайдаланып, тапсырмада қойылған мақсатқа жету жолындағы іс-әрекеттері [4].

Н.Г.Дайри [3] өзіндік жұмыс ұғымының мағынасын ашуда келесідей белгілерді атап көрсетті:

а) оқушы жұмысты өз бетінше, ешкімнің тікелей көмегінсіз жүргізеді;



б) оқушы мәселелерді білімі, өмір тәжірибесі, іскерлігі, танымы мен сенімін кеңінен пайдаланып, барлық сұрақтарды, жеке көзқарасын білдіріп, белсенділік пен шығармашылық таныта отырып шешуі тиіс;

в) жұмыстың танымдық, тәрбиелік, жүйелік мәні зор болуы, сондықтан да оқушының ой-өрісін дамытуы қажет.

Сондықтан да бұндай өзіндік жұмыстың дәлелді көрсеткіштері төмендегілер болып табылады:

а) оқушының іс жүзінде алынған мәліметтер бойынша белгілі бір құбылыстың мәнін ашуы;

б) осыған қосымша оқушының өз бетінше нақты мәліметтер жинауы;

в) мұғалімнің көрсеткен жүйелі іс- әрекеттерін оқушының дербес қолдана білуі ;

г) мұғалімнің тапсырмасына сай, оқушының қолдануға тиісті іс- әрекеттерді өзі таңдауы;

д) проблеманың мәнін өз бетінше ұғынуы, тапсырманы дербес таңдау және басқа да мүмкіндіктердің болуы .

Біз өз зерттеуімізде П.И.Пидкасистыйдың, Т.И.Шамованың өзіндік жұмыс ұғымына берген анықтамаларын негізге ала отырып, оқу процесінде “өзіндік жұмыс” ұғымын құрамдас екі бөліктен тұратын дидактикалық құбылыс ретінде қарастыра аламыз. Бір жағынан, ол оқу жұмысына қатысты тапсырма, яғни оқушы орындауға тиісті нәрсе, оның іс-әрекет объектісі. Тапсырма оқушыға мұғалім немесе бағдарламалық құрал арқылы беріледі. Екінші жағынан, өзіндік жұмыс- мектеп оқушысының осыған дейін өтілмеген жаңа білім алуына немесе берілген білімді тереңдетуі мен кеңейтуі мүмкіндік беретін, тапсырманы орындау барысындағы оның ақыл-ой, ойлау және шығармашылық пен елестете білу қабілеттерінің жемісі.

Осыған орай, өзіндік жұмыстың білім берудегі сыртқы сипаты- тапсырма, ал ішкі сипаты танымдық немесе интеллектуальдық мәселелер болып табылады.

Сонымен, оқушылардың өзіндік жұмыстарының сапасын арттыру мақсатына жету үшін, мұғалімнің жоғарыда баяндалған оқу әрекетінің психологиялық ерекшеліктерін біліп, соған сәйкес өзінің әдістемелік шеберлігін жетілдіріп отыру қажет. Оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру үшін мұғалім мынадай үш жағдайды ескеруі керек.

1) Оқушылардың өзіндік жұмыстарының мазмұнын анықтау (берілетін білім және оны оқыту міндеттері);

2) Өзіндік жұмысты ұйымдастырудың жоспарын жасау, қолданылатын амал – тәсілдерді белгілеу;

3) Оқушыларға жұмысты ойдағыдай аяқтауға дұрыс бағыт беріп көмектесу (жұмыстың жүйелі барысына басшылық ету, тиісті түзетулер жасап отыру).

Қорыта келгенде, өзіндік жұмысты ұйымдастыруға қойылатын талаптар мыналар деп ойлаймыз:

- оқушылардың орындайтын өзіндік жұмысының мақсатын түсінуде, қабылдауды қамтамасыз ету;

- оқушылардың жұмыстың жемісті аяқталуына, оның алдағы нәтижесіне қызығуына ықпал жасау;

- жұмыстың көлемін шамадан тыс асырмай, оның сапасын арттыруға көңіл аудару;



- оқушылардың өзіндік жұмысын оқу жұмысының басқа түрлерімен дұрыс ұштастыра білу;
- оқушылардың дербестігін арттырып, өзіндік білім алу қабілетін жүйелі түрде дамыту.

Әдебиеттер

1. Асанов Н. Өзіндік жұмыстардың ерекшеліктері. Алматы, 2004ж
2. Голант Е. Я. О развитии самостоятельности и творческой активности учащихся в процессе обучения / Е. Я. Голант. - Казань: Азбука, 1999. - С. 36.
3. Дайри Н. Г. Обучение истории в старших классах / Н. Г. Дайри. - М.: Просвещение, 1997. - С. 42.
4. Есипов Б.П. Самостоятельная работа учащихся на уроках. –М., 1961.-с.34
5. Лемберг Р.Г. О самостоятельной работе учащихся //Сов.педагогика. -1962 №2 с 15-27
6. Пидкасистый П.И. Самостоятельность учащихся П.И.Пидкасистый //Педагогика,1972-184с
7. . Пидкасистый П.И. Самостоятельная познавательная деятельность школьников в обучении / П.И.Пидкасистый//Педагогика,1980-240
8. Шамова Т.И. Управление образовательными системами .М.2007-384
- 9.Михельсон Р.М. О самостоятельной работе учащихся в процессе обучения. – М., 1940. – 198 С.

С.М. Бахешева, Ш.У. Арыстанова

Теоретические аспекты организации самостоятельной работы учащихся начальных классов

В статье раскрываются теоретические аспекты организации самостоятельной работы учащихся начальных классов, анализируются ее психолого- педагогические проблемы

Ключевые слова: самостоятельная работа, познавательная деятельность, творческий поиск

S.M. Bahisheva, Sh.Y.Arystanova

Theoretical aspects of the organization of independent work of pupils of primary school

In given work are describing the theoretical aspects of the organization of independent work of pupils of primary school, it analyzes the psychological and pedagogical problems.

Keywords: independent work, cognitive activity, creative search



УДК 37.017:321.7

Т.Т.Шайхиев - М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік университетінің дүнижүзілік тарих және
әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының аға оқытушысы
E-mail: Shaihiyev1972@mail.ru

ЖАС ҰРПАҚҚА ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ БІЛІМ МЕН АЗАМАТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация: Демократиялық мемлекеттерде білім беру жүйесінің позитивті қызметтеріне аса үлкен мән беріледі. Еуропалық білім беру қағидаларына сай, елдің білім беру жүйесінің ең басты мақсаты қоғам мүддесі мен өз ісі үшін жауапты еркін азаматтар тәрбиелеу болып табылады. Демократиялық құндылықтарды терең ұғынған азаматтардан жасақталған мемлекет қана экономикалық түлдену мен адам игіліктеріне толы екендігін адамзаттың қазіргі дамуы толық дәлелдеп отыр. Мақаланың негізгі міндеті жас ұрпаққа демократиялық білім мен азаматтық тәрбие беру ұстанымдарын ғылыми-теориялық және қолданбалы-тәжірибелік тұрғыдан қарастыру болып табылады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы білім беру жүйесіне демократиялық құндылықтарды толыққанды енгізу мәселелері де ғылыми-теориялық деңгейде қарастырылып отыр.

Түйін сөздер: білім, білім беру жүйесі, демократия, саяси мәдениет, азаматтық жауапкершілік, жалпыадамзаттық құндылықтар.

Білім – кез-келген қоғам, әсіресе демократиялық қоғам үшін өте маңызды. Кезінде, Американың ұлы демократы, «Тәуелсіздік туралы Декларацияның» авторы Томас Джефферсон, - «Өркениетті өмір жолына қадам басқан ұлт еркіндіктің туын көтере отырып, өз дамуының белгілі бір кезеңінде қараңғылық пен надандықта қалғысы келсе, онда оның еш уақытта болмаған және болуы мүмкін емес нәрсені қалағаны», - деген ой тастаған.

Әрине, білім мен саяси мәдениет және демократия арасында тікелей тәуелділік жоқ. Бірақ осыған қарамастан, қоғамдағы білім деңгейі көтерілген сайын, сол қоғам азаматтарының саяси және саяси мәдениеттерінің көтеріле түсетінін және де сол қоғамда демократияның дами түсетінін мойындауымыз қажет.

Білім демократиялық өзгерістер мен үрдістерге әсер етуші ең маңызды фактор болып табылады, себебі, бір жағынан ол жаңа басқару технологияларын игеруге жол ашады, екінші жағынан, белгілі бір демократиялық құндылықтар жүйесін құрайды.

Азаматтары өз білім жүйесіне қанағаттанатын бірде-бір ел жоқ шығар. Бүкіл әлем білім жүйесін жаңартуға, жетілдіруге талпынады, оның бүгінгі күн талабына анағұрлым толық жауап беруін қадағалап отырады. Әр түрлі мемлекеттерде білім жүйесін жаңарту әр түрлі жолдармен іске асырылады. Бұл жерде тұтыныс ерекшелігі, елдің даму деңгейі, білім беру ісінің ұлттық негіздері ескеріледі. Бірақ соған қарамастан, бүкіл әлемге тән ағымдар да байқалады. Біз оны былайша белгілей аламыз:

1. Білім берудің демократиялануы;
2. Білім беру құндылығының артуы;
3. Білім берудің адамгершілік, ізгілік, имандылық негіздерге қарай бағытталуы.



Амернка Құрама Штаттары 1990 жылдың бас кезеңінде білім беру жүйесін жаңартудың арнайы жалпы ұлттық бағдарламасын жасады. Олардың пікірінше, қазіргі заманда білім - өмір сапасының ең негізгі көрсеткіші және бұл ХХІ ғасырдығы әлемде Амернка қабілеттігінің, күштілігінің айқын факторы. Біз білім мен ағартушылықты өте жоғары бағалайтын ұлтпыз деген мағынадағы ойларын амернкандықтар үлкен мақтанышпен білдіреді. Болашақта Қазақстанда да осы бір ұстаным басшылыққа алынатыны сөзсіз. Бұл білім беделін көтеруден басталып, білімге бөлінетін ұлттық кіріс мөлшерін анағұрлым көбейтуді талап етеді.

Демократиялық және тоталитарлық білім жүйелерінің айырмашылықтары, оның мақсаттарында болып табылады. Демократиялық білім беру жүйесінің мақсаты жалпы демократиялық, оның ішінде әсіресе, демократиялық теория мен тәжірибені терең нгерген, тәуелсіз, еркін азаматтар қалыптастыру. Демократиялық білім беру жүйесінде әртүрлі көзқарастарды, қарама-қайшы пікірлерді нгеруге толық мүмкіндіктер бар.

Бұл жерде АҚШ-тағы Вандербилт университетінің профессоры И.Финннің демократиялық білімге берген бағасын тыңдап көрген жөн болар: «Ерікті қоғамда білім өте үлкен роль атқарады. Егер басқа демократиялық емес қоғамда білім бнлік құралына айналса, демократиялық қоғамда бнлік – халық қызметшісі. Ал халықтың осы тәртіпті сақтап қала алуы, білім жүйесінің сапалығына байланысты. Өйткені барлық демократиялық құндылықтар білім жүйесі арқылы өтеді».

Біз Қазақстандағы кеңестік жүйе тұсындағы білім жүйесі жойылып, оның орнына бос қалған жерде жаңа демократиялық білім жүйесін құрайық демейміз. Қазақстан білім беру әдістері еркін бақталастық қорытындысында, жаңа өмір талабына сәйкес білім берудің жаңа құралдары мен әдістеріне орын босатуы тиіс.

Қазіргі уақытта Қазақстан білім беру жүйесін жаңартудың бірнеше бағыттарын атап өтуге болады:

- 1). Білім беру саласынғы монополияны жою;
- 2). Жаңашылдық және төлнелік (авторлық) жүйені енгізу, яғни адамның өзін-өзі көрсетуіне мүмкіндіктер беру;
- 3). Жас адамға жаңа саяси және экономнкалық өмірге бейімделуге мүмкіндік беретін бағдарламалар мен курстар енгізу;
- 4). Гуманитарлық білім беру жүйесінің жаңадан құрылуы.

Қазіргі қолданылып жүрген мектептегі оқыту тәсілдерін осыдан 400 жыл бұрын Я. А. Коменскнй енгізген болатын. Біз оны осылай болу керек деп қабылдап, барлық сәтсіздіктерді осы оқыту тәсілдерінен басқадан іздейміз. Іс жүзінде оқыту тәсілі үш ұйымдастыру нысанынан тұрады, олар – жеке, қос және топталған. Негізгі қолданылып жүргені оқытудың топталған түрі. Бұл жердегі оқытудың сызбасы бірі айтып (мұғалім, дәріс беруші) қалғандары (оқушылар, студенттер) тыңдау арқылы снпатталады. Оқытудың мұндай түрі іскерлікті емес, ағартушылық – пәндік (дәрістер, семинарлар және т.б.) снпат алады. Оқу үрдісінде де оқытудың топталған нысаны жетекші орын алуда. Осыған арналып бағдарламалар, оқу құралдары жасалған, мектептегі оқудың аяқталуы мен басқа оқу орындарына түсу бағындырылған, оқытудың осы түрі тіпті оқушылардың отыратын орындарына дейін анықтайды.



Осындай қалыптасқан жағдайда оқытудың қиыншылықтары мен кемшіліктері туралы айтудың өзі бекер. Тәжірибеден көріп отырғандай мұндай оқытулар тек жекелеген пәндер бойынша ғана білімділік пен іскерлікке үйретеді. Оқытушы мен оқушының арасындағы қарым – қатынастар белгілі бір пәнге байланысты болып, өмірлерінің басқа жақтарын қамтымайды. Мұндай қарым – қатынас көбінесе немқұрайлылыққа, бір – біріне деген парықсыздыққа, түсінбеушілікке, тіпті бір – бірін сыйламауға әкеп соқтырады. Соның салдарынан оқытушы мен оқушының арасындағы байланыс педагогикаға жат, мәдениеттілікке жатпайтын қоғамдық қатынас түрінің өзгеруі болып табылады.

Өмірдегі барлық қиындықтардың шешімі болмайтын сияқты, осы мақалада да күнделікті қолданылатын конспект жоқ. Өздігінен ойлап, азаматтық белсенділігі мен жауапкершілігін қалыптастыратын осындай жұмысты бастай отырып, біздің айтарымыз оқушыны «оқытылатын объекті» күйінен шығару.

Оқыту үрдісінің жаңа түрі қажет. Бұл жердегі біздің негізгі тұжырымымыз мыналар: оқу – тәрбие үрдісінде қоғамдық қарым – қатынастың дамуы басты орын алады. Осы арқылы адамгершілік мәдениеті қалыптасып, білім берудің негізгі міндеттері орындалады. Сондықтан да, ұсынылып отырған мақаладағы барлық оқыту әдістері балалардың жеке өзінің және бір – бірінің өзара қарым – қатынастарына негізделген. Мұғалім балалардың өзін – өзі (әр қырынан танытуын) көрсетуіне мүмкіндік тудыратын ұйымдастырушы – технолог ретінде көрсетілуі керек. Мұндай модель белсенді, жауапты, білікті балаларды тиімді тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқытудың негізгі құқығы демократиялық болуы үшін, оқушы өз ойын айтып және оны дәлелдей алуы керек. Демократиялық оқыту демократиялық әдістермен жүруі қажет.

Біздің ойымызша, демократиялық стратегиялық оқыту мен мұғалімнің арасындағы демократиялық қарым–қатынас, өзара достық пен сыйластық ұстанымы, бірлесу, бірге қиналу, өзара түсіністік негізінде құрылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда бірнеше білікті педагог мамандар демократиялық білім беру мен азаматтық тәрбие беру проблемаларымен тұрақты түрде айналысып келеді. Солардың бірі, көп жылдардан бері құқықтық білім беруді жетілдірумен айналысып келе жатқан, дарынды мұғалім Бауыржан Сәрсекеевтің пікірінше, мұғалім өз алдына демократияны оқып үйренуі үшін оқушылар нені білуі, нені үйренуі тиіс деген мақсат қоя отырып, мына қағидаларды ескеруі қажет:

1. Оқушылардың экономикалық, әлеуметтік және саяси түйінді мәселелердің қнын да күрделі екенін сезінуі;

2. Азамат ретінде өзінің құқықтары мен міндеттерін білуі;

3. Конституциялық басқаруды – демократияның нысаны мен азаматтардың құқықтарына кепілдік беретін қоғамдық келісім ретінде түсінуі;

4. Басқа адамдардың құқықтарын құрметтеуі;

5. Оқушылардың белсенді азамат болып, бейбіт өмір өзгерістеріне қызмет етуі;

6. Демократияны дамытатын немесе тежейтін саяси, экономикалық және әлеуметтік факторларды білуі;



7. Қоғамдағы өмір сапасын арттыратын адамгершілік, азаматтық және мүдделілікті терең сезініп, өз бойында дамыта білуі.

Қазақстанда құрылып жатқан, демократиялық білім беру жүйесінде, жасөспірімдерді демократиялық қоғамдағы өмірге белсене араласуға дайын азамат рухында тәрбиелеп, білім беруде әлемнің көптеген елдерде сыннан өткен төмендегі тәсілдерді қолдануға болады:

1. Оқушыларға азаматтық тәрбие берудегі ең маңызды мәселе, өздері өмір сүріп отырған елдегі басқару жүйесімен таныстыру болып табылады. Олар үкіметтің қалай жұмыс істейтінін, мемлекеттің басшыларын қалай сайлайтынын, саясаттың қалай жүргізілетінін біліп, азаматтардың жергілікті басқару органдары мен орталық үкіметке қалай ықпал ете алатынынан хабардар болуы керек.

2. Жасөспірімдерге демократиялық басқару жүйесін түсіндірудің тиімді тәсілдерінің бірі жергілікті және орталық үкімет орындарының өкілдерін шақырып, кездесу ұйымдастыру болып табылады. Осындай кездесулердің нәтижесінде жас ұрпақ билік органдарының қалай жұмыс істеп, шешімді қалай қабылдайтыны жөнінде мәліметтер алады.

3. Демократияға үйретудің тағы бір ұтымды тәсілі – орта және жоғары оқу орындарында - оқушылардың өзін-өзі басқару жүйесін құру. Өзін-өзі басқару Кеңесінің жетекшілерін оқушылар, оқу орындары әкімшіліктерімен ешқандай келіспей, өздері сайлауы тиіс.

4. Демократиялық үрдісті іс жүзінде танып, білу үшін оқушы жастарға өзін-өзі басқару Кеңестерінің жұмысына араласуға барлық жағдайды туғызу қажет. Ол оқушылар арасында жетекші пайда болуына жағдай туғызады және басшыларды көпшіліктің пікіріне құлақ асуға үйретеді. Жасөспірімдер белгілі бір мәселені шешкенде табандылық пен әділдіктің диктаторлық зорлық пен қысымнан маңызды екенін көреді, басқалардың да қажеттілігін ұға білуге, жалпы мақсатқа жету жолында адамдармен бірлесе жұмыс істеу қажеттігіне көздері жетеді.

5. Өмірде бар демократиялық үрдістің үлгісін жасай отырып та демократияға үйретуге болады. Мысалы, сол жердегі бірнеше оқу орындарының оқушылары бірлесе отырып Біріккен Ұлттар Ұйымының үлгісін жасап, сол ұйымның қарайтын мәселелерін талқылайды, шешім қабылдайды. Бір қаладағы оқу орындарының оқушылары ел парламентінің немесе жергілікті өкілетті орган мәслихаттың үлгісін жасап, мемлекеттік немесе жергілікті маңызы бар мәселелер бойынша түрлі пікір таласын ұйымдастыруға болады.

6. Демократиялық бағыттағы мінез-құлықты қалыптастырудағы тағы бір бағалы педагогикалық әдіс – аудиториядағы сөзжарыстар, пікірталастар болып табылады. Оқушылар бүкіл халықтың өміріне немесе жергілікті жерге қатысты маңызды бір мәселені талқылайды. Бұндай айтыстар қоғамдық істерге деген қызығушылықты оятып, өз ойларын ортаға салуға түрткі болады. Талас аяқталған соң, қарсыласының қолын алып, достық сезімін білдіру де тамаша дәстүр.

7. Демократияны оқытудың басқа бір тәсілі – тарих пен қоғамдық ғылымдардың бағдарламасына демократиялық идеяларды таратуға бағытталған мәселелерді енгізу болып табылады. Оқушылар биліктің шектелуі, жеке адамның құқығы, еркіндік, теңдік пен әділдік сияқты



ұғымдардың қандай күреспен, қасіретпен пайда болғанын, дамығанын үйренуі керек. Оларды қорғай білмесе, қай елде болмасын, басқа адамдарды құлдыққа салуға әзір билікқұмарлардың жеткілікті болатындығын білуі тиіс.

8. Оқушыларды өз еліндегі демократия мен еркіндік жолындағы күрестің нақты мысалдары арқылы оқытудың маңызы ерекше. Олар өз халқының демократия жолындағы қозғалысына қандай жағдайлардың тосқауыл болғанын түсіне білуі керек. Демократия мен ұлттық рухты тұншықтыру әрекетіне қарамай, патриоттардың тәуелсіздік пен демократия жолындағы күресінің ешқашан тоқтамауының себебін оқушылардың өздері іздестіріп тапқаны дұрыс.

9. Демократияның құндылығын түсіндірудің тағы бір тәсілі – бүгінгі қоғамның алдында тұрған проблемаларды зерттеу. Демократиялық қоғамдағы әрбір азамат қоғамның алдында тұрған мәселелерді жете біліп, оның шешілуіне қатысуға әрдайым дайын тұруы қажет. Қажетті мәлімет жете меңгергенде ғана олардың идеясы нақты өмірге қолдануға келеді. Сондықтан да жауаптылыққа үйрену шарт.

10. Жергілікті өзін-өзі басқару органы жұмысының жақсы нәтижеге жетуінің ең тиімді жолы – кез-келген бір жергілікті проблеманы жете зерттеу. Демократия құндылығына оқытудың келесі сатысы – зерттеуден әрекетке көшу болып табылады. Бұл мақсатқа оқушылардың жергілікті өзін-өзі басқару органына қатысуын қолдай отырып жетуге болады. Олар бірнеше сағат өздеріне ұнаған қоғамдық институтта жұмыс істейді немесе қарттар мен сәбилерге көмектеседі. Бұндай жұмыс оқушылардың тынысын кеңейтіп, белсенді де пайдалы азамат болуға мүмкіндік тудырады.

Кейде қарапайым шаралардың өзі жасөспірімдердің бойына іс-әрекеттің демократиялық қағидалары мен тәжірибелік әдістерін сіңіруге көмектесуі мүмкін. Мәселен, дауысқа салуды мысалға алып қарайық. Сыныпта болып жатқан жағдайлар туралы оқушылардың өз бетінше шешім қабылдаулары үшін мұғалімдер нақты бір мәселелерді дауысқа салуларына болады. Оқушыларға шешім қабылдаттыра отырып, дауыс беруге, өз құқықтарын пайдалануға үйрету қоғам азаматы атқаратын міндеттердің негізін қалайды. Сыныпта оқытудың мұндай әдісі қызметтік оқыту мен тренингтік жаттығуларға көшуді жеңілдетеді.

Мұғалімдер сыныптағы жұмысқа барлық уақытта тек өздері ғана басшылық етіп қана қоймай заңгерлер, экономистер, журналистер мен әр түрлі деңгейдегі мемлекеттік шенеуіктер арасынан ағымдағы мәселелерден терең мағлұмат беретін мамандарды баяндама жасау үшін шақырулары қажет. Бұл сабақ өткізудің тиімді бір тәсілі болып табылады. Өйткені, мұндай қарым-қатынас оқушыларды белгілі бір адамдардың жұмысымен немесе қоғамның өзекті мәселелерімен таныстырып қана қоймай, оқытуды өмір шындығымен (шынай өмірмен) байланыстыруға өз септігін тигізеді. Оқушылардың өзі де мұғалімнің қызметін атқара алады. Мысалы, оларға сынып алдында оқу үшін баяндамалар беруге, сыныптағы пікірталастарды басқаруларына, шағын топтарда бірлесе жұмыс істеулеріне болады.

Оқушыларға бұл рөлдерді ауыстырып беріп отыру, балалардың басқару дағдыларын үйренуге, сондай-ақ олардың бойында демократиялық қоғамның әрбір мүшесі бұл өмірге белсене араласуға және жұртшылыққа өзін тыңдата білуге құқығы бар деген пікірдің қалыптасуына мүмкіндік береді. Мұндай жағдайда, әрбір адам өз қалауы бойынша басшы рөлін ойнауына құқылы.



Әрбір қоғамда оқу жүйесінің саяси жүйеге ықшамдалып, үйлесім табатыны белгілі. Авторитарлық жүйедегі мектеп билікті құрметтеп, соған бағынышты болуға үйретеді. Демократиялық жүйеде шешім қабылдауды, қажеттілік туғанда жетекшілікті өз қолына алуды, өз пікіріңнен басқа да көз қарастарды сыйлауды, адамдармен жақын араласып, олардың құқықтарын құрметтеуді оқытады.

Демократия құндылықтарын ойдағыдай оқыта білу үшін және оқушылардың мінез-құлқында, тәртібінде демократия үлгісін қалыптастыру үшін мұғалімдердің өздері де демократиялық қоғамның мән-мазмұнын, яғни оның қандай қоғам екенін, қалай жұмыс істейтінін жақсы меңгеруі қажет.

Әдебиеттер

1. Азаматтық білімге кіріспе. Оқу құралы. - Алматы., 2003. 23 б.
2. Дос Көшімов. Демократия негіздеріне кіріспе. Оқу құралы. - Алматы., 1997. – 9, 146-148 б.
3. Дайен Равич. Демократия дегеніміз не және оны қалай оқыту керек. Оқу құралы. - Алматы., 1996. – 17-18 б.
4. Сәрсекеев Б. Қазақстан мемлекеті мен құқығының негіздері курсын тренинг жүйесінде оқыту. Оқу – әдістемелік құрал. – Алматы., 1999. – 8-9 б.
5. Шынтемірова Б., Шайхиев Т. Құқық теориясының негіздері. Оқу құралы. - Алматы., 1999. – 100 б.
6. Шынтемірова Б. Саясаттану негіздері. Оқу құралы. – Орал., 2008. – 174 б.
7. Гуманистические концепции европейских цивилизаций и проблемы современного мира. Учебное пособие. - Санкт-Петербург., 1997. – с. 56-57.
8. Н. Смелзер. Социология. Учебное пособие. – М., 1994. – с. 427.

Т.Т. Шайхиев

Проблемы демократического обучения и гражданского воспитания молодого поколения

В демократических странах особое внимание уделяется эффективной деятельности системы образования. В соответствии с критериями европейского образования, основной целью системы образования страны является воспитание свободных людей, ответственных за свои поступки и за интересы общества. Современное развитие человечества полностью доказывает, что только та страна, которую населяют граждане, полностью признающие демократические ценности, достойна экономического процветания и благополучия. Основная задача статьи – рассмотрение принципов гражданского воспитания и демократического обучения молодого поколения с научно-теоретической и практической стороны. Кроме того, на научно-теоретическом уровне рассматриваются вопросы полноценного внедрения демократических ценностей в систему образования Республики Казахстан.

Ключевые слова: образование, система образования, демократия, политическая культура, гражданская ответственность, общечеловеческие ценности.

T. T. Shaihiiev

Problems of democratic training and civil education of young generation

In the democratic countries the special attention is paid to positive activity of an education system. According to criterion of the European education, a main objective of an education system of the country education of free people responsible for the acts and for interests of society is. Modern development of humanity completely proves, that only that country, which is occupied by the citizens who are completely recognizing democratic values is full of economic prosperity and wellbeing. The main objective of article – consideration of the principles of civil education and democratic training of young generation with scientific-theoretical and an applied practical side. Besides, in scientific-theoretical level questions of full introduction of democratic values in an education system the Republic of Kazakhstan are considered.

Key words: education, education system, democracy, political culture, civil responsibility, universal values



УДК: 371.2: 504.75

А.С. Ергалиев - б.ғ.к., доцент
М. Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: E77ASK.yandex.ru

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

Аннотация. Басылымға беріліп отырған мақалада республикамыздың білім беру саласында жаңа инновациялық ақпараттық технологияларды пайдалану мүмкіндігі, оқытушылардың ақпараттық білімділігі мен қабілеттілігін жетілдіру, біліктіліктің қазіргі талаптарға сай болуы, болашақ ұрпақты біліммен қаруландыруда білім стандарттарына, мазмұнына сай жетілдіру проблемалары көкейкесті мәселелері қарастырылған.

Түйін сөздер: «экология», «инновациялық технология», «экологиялық тәрбие».

Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2010-2015 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында айқындалған міндеттерді жүзеге асыру, сапалы білім беру арқылы жоғары білікті оқушы тұлғасын қалыптастыру, оның ішінде қоғамның жедел дамуына орай іскер тұлғаны дайындап, білім мен ғылымды интеграциялау арқылы білім берудің сапасын арттыру және инновациялық технологияларды іске тиімді қолдану мәселесіне қол жеткізу, еліміздегі білім беру жүйесін дүниежүзілік озық тәжірибеге сай реформалауды пәрменді жүргізуді талап етіп отыр.

Ел басы Н.Ә. Назарбаев 2013 жылғы халқына арнаған жолдауында: «жедел дамып келе жатқан ортада өмір сүруге қабілетті; ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық мәдениетті бойында қалыптастырған; шығармашылығы дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру» деп атап өткен болатын.

Республикамыздың білім беру саласында жаңа инновациялық ақпараттық технологияларды меңгерген жастарға деген сұраныстың артуы оқытушылардың мектеп табалдырығынан бастап ақпараттық білімділігі мен қабілеттілігін жетілдіру, біліктіліктің қазіргі талаптарға сай болуы, болашақ ұрпақты біліммен қаруландыруда білім стандарттарына, мазмұнына сай жетілдіру проблемалары көкейкесті мәселе болып отыр.

Қазіргі уақытта тек ақпараттық технологияларға байланысты техникалық мамандар ғана даярланып қоймай, қолдану салалары мен ауқымдарына байланысты ақпараттық мәдениеті жоғары жастарды даярлау, оқытушылардың экология саласындағы кәсіптік-ақпараттық бағыттылығын қалыптастыру проблемасының ғылыми-педагогикалық негіздерін анықтау арнайы ғылыми зерттеуді қажет ететін мәселеге айналып отыр.

Инновациялық ақпараттық технологиялар ұғымына – микропроцессорлық, есептеуіш техника базасында қызмет істеуге, ақпаратты табу, жинау, сақтау, өңдеу, беру операцияларын іске асыруға арналған осы заманғы құралдар мен ақпарат алмасу жүйелеріне негізделген бағдарламалық-ақпараттық құралдар мен құрылғыларды жатқызамыз.

Инновациялық ақпараттық технологиялар құралдарына: электронды есептеуіш машиналар, дербес электронды есептеуіш машиналар; жергілікті есептеуіш желілер, ақпаратты енгізу-шығару құрылғылары, мәтіндік және



графикалық ақпаратты енгізу және манипуляциялау құралдары, үлкен көлемді ақпаратты архивтік сақтау құралдар және басқа да осы заманғы электронды перифериялық құрылғылары, графикалық және дыбыстық түрде берілген мәліметтерді цифрлық және керісінше түрлендіру құрылғылары; қазіргі заманғы байланыс құралдары; жасанды интелект жүйелері; машиналық графика жүйелері; бағдарламалық кешендер: программалау тілдері, трансляторлар, компьютерлар, операциялық жүйелер, қолданбалы бағдарламалар пакеті және т.б. жатады. Қазіргі педагогикалық қоғамдастықтың алдында білім берудің жаңа үлгісін құрудың, сынақтан өткізу мен енгізудің ауқымды міндеттері тұр. Бұл жүйенің негізгі принциптері Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында көрсетілген.

Инновациялық-педагогикалық іс-әрекеттің жалпы және өзіндік ерекшеліктерін П.И.Пидкасистый, А.И.Пригожин, Ю.Н.Кулюткин, А.К.Маркова, Я.А.Пономарев, Л.С.Подымова, Л.Н.Фридман секілді біршама шет елдік ғалымдар зерттеген.

Соңғы жылдары Қазақстандық ғалымдар педагогикалық инновация мәселесіне ерекше мән беріп (Ш.Т.Таубаева, Қ.Қ.Қабдықайыров, Қ.Құдайбергенова, С.Н.Лактионова, Р.Р.Масырова, Қ.М.Нағымжанова С.А.Көшімбетова және т.б.) еңбектерінде әсіресе оқу-тәрбие процестерде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдалану туралы қарастырған.

Бүгінгі жаһандану заманында адам тәрбиелеу, болашақ азаматтық қоғамды басқаратын азамат тұлғаны қалыптастыру маңызды мәселе. Тәрбие жеке адамды өзгерту арқылы қоғамға қызмет етеді. Адам дамуының негізгі факторын құрайтын тәрбие процесін тиімді жүргізу қоғам алдында тұрған міндеттердің бірі. «...Адам табиғаттан, бірақ оны дамытып, жасайтын қоғамнан». Бірақ бұл процесте жеке адамның өз белсенділігі мен шығармашыл, бастамашыл қабілеті маңыздылығын да ескеру қажет. Жеке тұлғаны тәрбиелеуде екі факторлар әсер етеді. Сыртқы орта ол қоршаған қоғам әсері болса, ішкі сана сезім, игеру қабілеті, табиғи жаратылысы, рухани дүниесі жатады. Адамды тәрбиелеу барысында ішкі жан дүниесін қозғап, жаны мен санасына ықпал ете білгенде ғана адам өзгеріске ұшырап, тәрбие жемісін бере бастайды. Сол себептен тәрбие мәселесі тереңнен бастау алып, жоспарлы, жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Соның ішінде жастарға рухани тәрбие, білім беру адам дамуының тәндік, жандық, рухани үйлесімділігін, өмірді құндылық деп түсінуін өзін Жаратқанмен, табиғатпен үйлесімділікте ұстай білуін, жердегі тіршілікті сақтау үшін өзінің қажеттігін түсінуді қамтамасыз етеді.

Қалыптасып келе жатқан ақпараттық қоғам жағдайында қоғамдық-саяси, әлеуметтік –мәдени салалардың басты бағдары мен құндылықтары өзгеріп, білім беру үрдісінде тұлғалық тұрғыдағы көзқарас қалыптаса бастады. Әлемдік білім кеңестігімен үйлесімділікке бет алып отырған еліміздің білім беру саласындағы түбегейлі жаңалықтар білім мазмұны мен оқыту әдістеріне өзгерістер енгізуді талап етіп отыр.

Педагогика ғылымында білім мазмұны тұлғаның бойында жағымды қасиеттерді қалыптастыратын, педагогикалық тұрғыдан бейімделген ғылым негіздері, оқушы меңгеруге тиіс білім, икемділік, дағдылар жиынтығы, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен эмоционалды-құндылық қатынастары құрамына енетін адамзаттың әлеуметтік тәжірибесі ретінде қарастырылады (В.С.Леднев, В.В.Карасевский, М.Джадрина).



Әлемдегі барлық адамдардың өміріндегі экологиялық мәселенін үнемі өсіп келе жатқан маңызын халықаралық табиғатты қорғау ұйымымен мен экология саласындағы мамандар, биологтар, дәрігерлер, және т.б. түрлі елдің ғылыми бағыттағы өкілдері қатысқан "Қоршаған орта" тақырыбындағы дүниежүзілік ғылыми конгресс дәлелдеп берді. Өзінің мазмұны жағынан қазіргі экологиялық тәрбие тұлғаның орасан зор біліктілігі мен елеулі зияткерлікті, ізденісті, адамгершілікті, эстетикалық көріністің пайда болуын талап ететін адамның белсенді қызметінің айрықша еңбегі болып табылады.

Оқушыларға инновациялық оқыту технологиялар арқылы экологиялық білім берудің теориялық тұрғыдан негізделуі анықталды; Оқушыларыға инновациялық оқыту технологиясы арқылы экологиялық білім берудің жолдары Инновациялық оқыту технологиясы арқылы (модульдік оқыту технологиясы, компьютерлік және практикалық міндеттер арқылы шешуге болады.

Көптеген жаңа технологиялармен қатар соңғы кездері биология иәні боиынша экологиялық тақырыптары қарастырылатын сабақтарында ақпараттық технологиялар жиі қолданылуда. Зиянды заттардың құрамы мен құрылымын, қасиеттерінің құрылымына тәуелділігін, қасиеттері белгілі жаңа заттар мен материалдар алуды, химиялық өзгерістердің заңдылықтары мен оларды басқарудың жолдарын зерделеу- мектепте экология иәнін оқытудағы негізгі мәселелер. Тірі әлемін (олардың құрамын, құрылымын, бір заттың басқа затқа айналуын) зерделей отырып, оқушылар практикалық қызмет үшін тиынақты білім алуы тиіс. Осыған байланысты күнделікті сабаққа:

- мультимедия (видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, электрондық оқулықтарды);
- зертханалық тәжірибелер;
- компьютер (компьютерлік бағдарламалар, интерактивті тақта);
- анықтамалық мәліметтер (сөздік, энциклопедия, карта, деректер қоры);
- интернет және т.б. көрнекі материалдарды пайдалану айтарлықтай нәтиже береді.

Мұндай қондырғылар оқушылардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдауға және алған мәліметтерді нақтылауға мүмкіндік береді. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ояту мұғалімнің сабақ өткізу тәсіліне де байланысты. Қазіргі таңда оқудың интерактивті әдіс-тәсілдері өте көп. Педагогикалық ғалым мен озық тәжірибенің бүгінгі даму деңгейінде белгілі болған оқыту әдіс-тәсілдерінің бәрін де еркін игеріп, әрбір нақтылы жағдайларға орай ең тиімдісін тандап алу және олардың бірнешеуінің жиынтығын түрлендіре тиімді, үйлесімді әрі шығармашылықпен қолдану-сабақтың сәтті өтуінің кепілі. Осы ретте мына мәселелерге баса назар аударғым келеді.

1. Мұғалім сәтсіз өткен сабақтарға өзіндік талдау жасап өз кемшілігін іздеуге әрекет жасау керек.

2. Білім мен тәрбие беруде жариялылық, педагогикалық, ынтымақтастық, ғылыми-әдістемелік, тың ізденістерге сүйене отырып жаңашылдыққа талпыну қажет.

3. Мұғалім күнделікті әр сабағына шығармашылықпен дайындалуы керек.



Ақпараттық технология негіздері тұлғаның биологиямен химиядан туындайтын экология пәнінен алған білім сапасы мен сауаттылығын кеңейтуге жәрдемдеседі, мысалы: интернет сайты арқылы жоғары деңгейдегі көрнекіліктерді пайдалануға болады. Заман ағымына қарай сабаққа видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану оқушының дүниетанымын кеңейтеді. Әсіресе, оқулықтағы тарауларды қорытындылау кезінде оқушылар қосымша материалдар жинақтап, білімдерін кеңейтіп, танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, қисынды ойлау жүйесін қалыптастырып, шығармашылығын дамытады. Тестік тапсырмалар орындайды. Компьютер көмегімен оқыту оң нәтижелер береді. Ақпараттық мәдениет дегеніміз- тек компьютермен дұрыс жұмыс істей білу ғана емес, кез-келген ақпарат көзін: анықтамаларды, химиялық токсикантардың басқада зиянды заттардың формулалар, сөздіктерді, теледидар бағдарламаларын т.с.с. дұрыс пайдалана білу деген сөз. Мысалы, бір ғана токсикантын химиялық формуласы өзінен көп ақпарат алуға болады. Химиялық формула-экология тілдің ең маңызды бөлігі болып есептелінеді, себебі сол заттың химиялық құрамын ажыратып береді және оның зиянды әсерін көрсетеді.

Жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі – бұл оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістігінен ләззат алуға мүмкіндік береді. Ол үшін мұғалім өткізетін сабағының түрін дұрыс тандай білуі қажет. Сабақты сәтті ұйымдас-тырудағы басты мақсат -оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырып, бүгінгі заман талабына сай білім беру. Сабақтың сәтті өтуі біріншіден, мұғалімнің біліміне, іскерлігіне, тәжірибесіне байланысты болса, екіншіден, сабақ материалына, ал үшіншіден, сынып типіне, төртіншіден мұғалім мен оқушының көңіл – күйіне де байланысты. Сабақты тартымды әрі сәтті өткізе білу мұғалімдер қауымынан көп ізденуді, білімділікті, қабілеттілікті және тапқырлықты қажет етеді. Олар:

- Сабақтың тақырыбына сай сабақ жоспарын жасау. Сабақ жоспары нақтылы жүзеге асатындай етіп жасалынуы қажет. Дұрыс құрылмаған сабақ жоспары жақсы нәтиже бермейді.

- тақырыпқа сай сабақ түрін, оның әдіс-тәсілдерін түрлендіріп отыру.

- қосымша материалдарды тақырыпқа сай шығармашылықпен іріктеп ала білу.

- дидактикалық, техникалық құралдарды, электрондық оқулықтарды мақсатқа сай, оқушы сезіміне әсер ететіндей тұрғыда пайдалану.

- сабақта алдыңғы қатарлы озық іс-тәжірибелер мен жаңа технологияларды пайдалану. Бұл орайда инновациялық технологияларды пән бойынша қандай тарауға, қай тақырыпқа пайдалану тиімді болатынына зерттеу, салыстырып жүргізіп отыру қажет деп ойлаймын. Сонымен бірге оқушының бастапқы білім деңгейін, жаңа технологияны пайдалану барысында қаншалықты білім алып шыққанын, не үйренгенін айқындап, диагностикалап отыру да артық болмайды. Өйткені мұғалім тарапынан білімі мен іскерлігі тексерілмеген оқушылар біртіндеп үлгермеушілер қатарына қосылады. Бұл өз кезегінде сабақтың сәтті өтуіне зиянын тигізбей қоймайды.



Ақпараттық технологиялардың бірі – интерактивтік тақта, мультимедиялық және он-лайн сабақтары. Оқыту үрдісін компьютерлендіру мақсатында интерактивті тақтамен жұмыс жасау тиімді. Қазіргі уақытта Қазақстанның жалпы орта білім беретін мектептерінің барлығы дерлік интерактивті тақтамен қамтамасыз етілген.

Тақтаны қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын, интеллектуалдық танымын, білім сапасын арттыруға болады. Мысалы: сыныптан тыс экология пәнін оқытуда интерактивті тақтамен жұмыс жасауда оқушылардың қызығушылығын танытып қана қоймай, шығармашылық қабілеттерін дамыту мен қатар жаңа ақпараттық технологияны меңгеруге, оны пайдалана алуына мүмкіндік береміз. Сабақта интерактивті тақтаның элементтерін пайдалану, дайындалған арнайы тапсырмаларды тыңдап қана қоймай, көздерімен көріп, оны жетік түсінуге, дағдыланады. Интерактивті тақтаны пайдалану арқылы оқушылардың білімін тексеру үшін әр тарауды аяқтаған кезде немесе жаңа сабақты бекіткен уақытта тестілеу әдісін қолдануға болады. Оқушылардан бір уақытта жауап алуға мүмкіндік береді. Тестілеудің нәтижелерін құрылған график арқылы тексеріп, сол уақытта бағалауға болады. Жауап нәтижелерін бақылап және оқушылардың материалды түсіну деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Интерактивті тақтаны пайдалану арқылы тестілеген кезде мұғалім оқушылардың білім деңгейін анықтай алады. Оқушыға тест сұрақтарына жауап беруі үшін уақыт беріледі. Бұл жүйе тұйық оқушылардың ойын білдіріп, жалқау оқушылардың қызығушылығын арттырады. Оқушылар жауаптарын құпия түрде бере алады.

Ақпараттық технологияларды жүзеге асырудағы тағы бір мүмкіндігі – ол электронды оқулық. Электрондық оқулық - бұл дидактикалық әдіс – тәсілдер мен ақпараттық технологияны қолдануға негізделген түбегейлі жүйе. Электронды оқулықпен оқыту оқытушының оқушымен жеке жұмыс істегендей болады. Электрондық оқулық тек қана оқушы үшін емес, мұғалімнің дидактикалық әдістемелік көмекші құралы да болып табылады.

Қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдерден шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырады. Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары болмақ. Жаңа ақпараттық техникаларын пайдалану соңғы уақытта мектептегі білім беру жүйесінде маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Мультимедиялық технологиялар көбіне компьютерлік сыныптарда қолданылады. Қазіргі уақытта сабақ материалына байланысты көптеген компакт-дискілер бар. Мектептегі экология сабағын компьютердің көмегіне сүйеніп өткізуге көп мүмкіндіктер жасалған. Жаңа материалды түсіндіруде интерактивті компьютерлік графиканы пайдалануды көздейтін аппараттық-бағдарламалық құралдарды пайдалануға болады. Компьютерлік графикалық материал презентациялық монитор көмегімен көрсетіледі. Химия пәні бойынша компьютерлік тестілеуді қолдану оқушылардың интеллектуалдық танымын арттырады. Оқушылар бір тестілеуден жақсы нәтижеге жеткенше бірнеше қайтара өтеді. Бұл тестілердің барлығы экология бойынша минимум талаптарына сәйкес келеді. Келесі бір маңызды жағдай уақытты үнемдеу. Аз



уақыттың ішінде бағдарламаның көптеген қиын сұрақтарын формулалар мен эксперименттер көрсету арқылы түсіндіріліп, бекітіледі. Осындай ақпарат құралдарын пайдалана отырып, сабақ барысында оқушылардың қабілетіне, білім деңгейіне, ынтасына қарай топқа бөліп, өз бетімен еңбектенуге, ізденуге, шығармашылыққа баулып, қорытынды жасауға машықтандыру, оқушының ақыл-ойын дамытып, өзіндік дүниетанымын қалыптастырып, сабаққа ынтасын арттырып, тапсырманы орындау барысында жіберілген қателер мен кемшіліктерді уақытында анықтап түзетуге мүмкіндік береді. Сабақ барысында оқушыларды біліммен қаруландырып қоймай оларды қисынды ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту үшін оқушылардың шығармашылық ізденісін, тапқырлығын, зеректігін, ойлауға икемділігін, өмірге ғылыми көзқарасын дамытуға өткізілген сыныптан тыс жұмыстарды жүргізу қажет. Оқушылардың экологиялық сауаттылығын арттыру, алған білімдерін тиянақты болуын қадағалау үшін сыныптан тыс жұмыстар жүргізіп, оқушыны қызықтыратындай экологиялық ойындар викторина шешу, кроссворд құрастыру, логикалық есептер шығарту арқылы ой-өрісін, пәнге қызығушылығын арттырып, пән аралық байланысты нығайту қажет. Әр тарауды өткен соң, өздік жұмыс, тақырыптық есеп, бақылау жұмыстары, тестік тапсырмалар өткізу арқылы тақырыпты қаншалықты меңгергенін тексеріп, тақырыпты толық меңгере алмаған оқушылармен қосымша сабақтар, сыныптан тыс жұмыстар жүргізген тиімді. Тест түрлері оқушы білімін бекітуге қайталауға, жүйелеуге мүмкіндік береді. Сонымен қоса мұғалім мен оқушылардың уақытын үнемдеуге оқу жұмысын ұйымдастыруға жағдай жасайды. Тестік тапсырмаларды оқушылардың білім деңгейіне байланысты құрастырып, нәтижесін кілтімен тексертіп өздеріне бағалату оң нәтиже береді. Егер жауап-75%-дан жоғары болса-«жақсы», -50%-ға дейін «қанағаттанарлық», -50%-дан төмен-білім деңгейі «төмен» көрсеткішпен бағаланады. Оқушы білімін бағалауға оқушылардың жауап беру мүмкіндігі мен өз бетінше іздену дағдысын ескеріп, оқушы қабілетіне, қабылдау және меңгеру деңгейіне қарай сараптап тұлғаның психологиялық жас ерекшеліктерін ескеру қажет. Баға-бейне бір белгі және сонымен қатар өлшем сияқты, ол оқытудың нәтижелілік дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді. Экологтардың өмірі мен қызметі жайында компакт-дискілерде кең қамтылған. Рефераттар жазуда оқушылар атақты экологтардың өмірбаяны жөнінде ақпарат құралдарынан энциклопедиялық мәліметтер ала алады. Сонымен қатар, оқушылармен сабақта «Эколог анықтамалығы» журналына шығатын CD-де ұсынылған слайд-презентацияларын үнемі пайдаланып отыру сабақ мазмұнын шыңдайды. Журналға шығатын презентациялар кез-келген тақырып үшін таптырмайтын құндылық және оқушылар кеңірек мәліметтер алады. Жалпы оқушылардың ақпараттық технология негіздерінен алған білімі арқылы:

1. Оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, құлшынысы оянады.
2. Шығармашылық қабілеттері артады.
3. Жылдам ойлауға машықтанады, білім сапасы артады.
4. Оқушылар өз бетімен жұмыс жасауға дағдыланды.
5. Экологиялық сауатты болуға үйренеді.
6. Тағамның химиялық құрамының зияндылығын іс-тәжірибелер барысында анықтайды.
7. Экологиялық зиянсыз технологияны меңгеруге ұмтылыс пайда болады.



Ақпараттық технологияның мұғалім жұмысына ең тиімдісі – оқушылардың білім олқылықтарына үнемі зерттеу жасап, түзету жұмыстарын жүргізуге пайдасы бар. Қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдер шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді. Сондықтан, ХХІ ғасыр – информатика ғасыры, яғни ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан-жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Қазіргі уақытта экологиялық тәрбие ғылыми-педагогикалық талаптарға жауап беруі тиіс. Сондықтан оны орындамау сабақ өткізудің жоғары сапасын қамти қоймайды. Сабақтың жоғары сапасы – мектептегі экологиялық тәрбие педагогтың тиімді жұмысының кепілі. Сондықтан интерактивті әдістер әңгіме, сұхбат, нұсқау, ашық дәріс, интеллектуалдық турнир формалары да қолданады. Іздену барысында өзін-өзі оқыту мен дағдылану қалыптасады. Іздену түрлері – туристтік-өлкетанушылық жұмысты, туған жерінің атақты адамдарының өмірі туралы ақпарат жинау, яғни биографиялық іздеу болып ажыратылады. Бұлар қазіргі заманғы, тұлғалар болуымен қатар тарихи тұлғалар болуы да мүмкін. Бұл өте күрделі тәсіл бола келе әдеттің негізін қалаушылар туралы конспектілеуді жиналған деректі сұрыптауды, видеофильм жасауды т.б. талап етеді. Дискуссия – тәрбиеленушілердің пікір алмасуына және өнегелік – этикалық ойларының дамуына, сондай-ақ, сынай білуге, сынды қабылдай білуге, қиын бір жағдайлардан шыға білуге үйретеді. Дискуссия барысында серіктесіңе адамгершілік көмек беріп, оны демеу, қиын жағдайлардан көңіл бөлу де маңызды болып табылады. Дискуссия тақырыбының дамуын, қозғалыс үстінде болуы маңызды болмақ. Бірақ бұл зиянсыз сын мен жалған ұсыныстардың ашылмай қалуына кепіл бола алмайды..

Дискуссия достар, оқушылар мен оқытушы арасындағы сенімділікті нығайтуға, жастар мен қамқоршыларының арасындағы бір-біріне деген сыйластықты күшейтуге, ұжым мүшелерінің жақсылық тілеуін болжайды, көрсетеді.

Біздің зерттеулерімізде оқу процесімен бірге тәрбие үрдісі де қатар қамтылды. Қазіргі тәрбиелеу технологиясы комилекстік әдістемеге міндетті түрде тіркелген талаптар тұрғысынан келуді көздейді:

1. Тәрбиеленушілерге үш бағыттағы: сана, сезім, тәртіп арқылы ықпал ету.
2. Тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуі мен сыртқы педагогикалық ықпалдың шектеулі түрде бірігуі арқылы қол жеткізілген оң қорытындылар.
3. Ұжымдық топ, провалық тәртіп-органдары, жанұялар, әдебиет пен өнер, бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік институттар мен бірлестіктер тәртібіне қатысты бар барлық күштер координациясы мен бірлігі.
4. Тұлғалық қасиеттер нақты тәрбиелік жұмыстарының жүйесі арқылы құрылады.
5. Кешендік әдіс тәрбие процесін және оның басқарылу жүйелілігін көздейді.

Экологиялық тәрбие дәл және нақты педагогикалық міндеттерден тұруы тиіс. Сабақта білімділік және тәрбиелік міндеттер шешуін табуы қажет. Қазіргі уақытта білім беру ісі түбегейлі қайта құрылып жатыр. Жалпы білім берудің қазіргі жағдайға бара-бар және қоғамның әлеуметтік – экономикалық және экологиялық дамуының мақсаттары мен мүдделеріне



жауап беретін жаңарған үлгі-моделі жасалуда. Отандық білім беру жүйесін халықаралық стандарттар деңгейіне жеткізу көзделуде. Осыған байланысты оқушының жан-жақты дамуын, олардың бойында, қоғамдық талаптар алдындағы жауапкершілігін, білім алуға, ғылымға, техникаға, өнерге ұмтылысын, олардың жеке тұлғасын ізгілендіру арқылы қоғамдық өмірге даярлау, жалпы орта мектептің оқу-тәрбие процесінің басты міндеті болып табылады.

Әдебиеттер

1. Аганпна К.Ж. Формирование умения у учащихся в процессе использования инновационных технологии по школьным дисциплинам, Дисс.к.п.н., Алматы., 1996.
2. «Білім баршаға» дүниежүзілік декларациясы, 1995., с.45
3. Барсай Б.Т. Мектеп математикасын және жаратылыс тану пәндерін оқытуда қазіргі инновациялық технологияларды қолдануға болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастыру, Алматы, 2000, 152б.
4. Беркімбаева Ш.К. Жалпы білім беретін қазақ мектебіндегі оқу-тәрбие үрдісінің дамуы (1980-2000жж.), Алматы 2003.
5. Водолад С.Н. Изучение методов представления информации в курсе на примере гипертекстового представления учебного материала по экологии .М.: 2000.

А.С. Ергалиев **Пути использования инновационных технологий** **в экологическом образовании учащихся**

Данная статья посвящена иновационным технологиям преподавания предмета «экология» в образовательных учреждениях страны. Актуальность данной проблемы заключается в необходимости внедрения новых технологий обучения данного предмета, также в работе изложены результаты экспериментальной работы, проведенные в школах города.

Ключевые слова: «экология», «инновационные технологии», «экологические воспитание».

A.S. Ergaliev **The ways of using innovative technologies in the ecological education of students**

This article is dedicated to innovative technologies of teaching the subject “ecology” in educational institutions of the country. The urgency of this problem is the need for the introduction of new teaching technologies of the subject, as in the work presents the results of experimental work carried out the city’s schools.

Key words: “ecology”, “innovative technologies”, “ecological education”



УДК 159.922.4

Г.А. Ергалиева – п.ғ.к.,
Р.Б. Доскалиева – магистр, аға оқытушы,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
Л.М. Маденова – магистр, аға оқытушы,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: lim103@bk.ru
E-mail: E77ASKyandex.ru

ЭТНОПСИХОЛОГИЯДА ЭТНИКАЛЫҚ СТЕРЕОТИПТЕРДІ ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация: Мақалада этникалық сананың теориясы мен этникалық стереотиптерді зерттеу ашылып қарастырылған.

Түйін сөздер: құндылық, этникалық аттитюд, этникалық стереотип, этностық өзіндік сана, этностық иденттілік, эмоциялық қатынас, этностық бағыт-бағдар, этностық ұстаным, этностық құндылық, этностық автостереотиптер, этникалық принциптер.

Қазақстан Республикасының нарықтық заман талаптарының қазіргі жағдайында түрлі экономикалық жүйелерде қарым-қатынасты тиімді жүзеге асыру үшін топ немесе жеке қызметтер іс- әрекетінің тиімділігін дамыту үшін жеке тұлға және жалпы социум дамуының психологиялық механизмдерін білу өте қажетті шарттардың бірі болып отыр.

Халықтық тәрбие адам баласының дүниеге келген күнінен бастап бірге жасасып келеді. Оның қағазға жазылып түспеген, бірақ халық жадында мәңгі сақталып, ұрпақтан ұрпаққа ғасырлар бойы ауызша нақыл-ақыл, өсиет-өнеге, қағида болып келген білім-білік, тәлім-тәрбие беру тағылымдары бар. Этнопсихология іліміндегі этникалық стереотиптер адам мінез - құлқының көптеген жақтарын қамтып, белгілі этностық өзіне тән психикасы жөнінде біршама мәнді мағлұматтар беретін ілім-білімдердің жүйесі.

Этникалық стереотиптер әр ұлттың рухани, мәдени танымдық көрсеткіші. Этникалық стереотиптер - әр түрлі этнос өкілдеріне тән ортақ ақыл-ой, дене бітістерінің сипаттарының тұрақты сапалық белгілері. Этникалық стереотип табиғатын талдап, сипаттау оны зерттеу объектісі ретінде қарау және жеке адамның өзін-өзі бағалауының ғылыми негізі болып саналады. Өзін-өзі бағалау негізі – этностық өзіндік сана – сезім. Этностық өзіндік сананың бір қыры-индивидтік өзіндік сана екендігі тұлға қалыптасуында бөліп қарастыруға болмайды.

Ғылыми әдебиеттердегі (Джандильдин Н., 1971; Романова О.Л., 1994; Солдатова Г.У.; 1998; Лебедева Н.М., 1999; Стефаненко Т.Г., Көмекбаева Л.К., О.Х.Аймағамбетова, т.б.) өзіндік сананың этностық қырына қатысты түрлі аталымдар («ұлттық өзіндік сана», «этностық өзіндік сана», «этностық иденттілік») туралы ғалымдардың пікірлерін саралай келіп, өз тарапынан «этностық білім», «этностық аттитюд» эмоциялық қатынас, «этностық бағыт-бағдар», «этностық құндылық», «этностық автостереотиптер», «этностық ұстаным», т.б. аталымдарды жүйелеп, тұлға бойында қалыптастыру ретін көрсетеді. Оларды аса күрделі әрі қарама-қайшылықты тұтастай иерархиялық құрылымның, өзара байланысты, хронологиялық шеңберлерін білдіретін ұғымдар деп тұжырымдалады және этностық өзіндік сананың құрылымдық моделін ұсынады.



А.ф.Дашдамиров, Э.Суслова, Ж.Пиаже, Г.Чепели, В.С.Мухина, О.Л.Романова, А.П.Оконешникова т.б. этностық өзіндік сананың онтогенезде қалыптасу кезеңі 6-7 жас туралы тұлғаның қалыптасуына арналған психологиялық зерттеуге негізделген өз болжамын ұсынады.

Ж. Пиаже баланың этностық тобын сезіну тұжырымдамасын үш кезеңге бөледі:

1) 6-7 жаста бала алғаш өз этносына тән қасиеттердің белгілі-бір фрагменттерін ғана игереді. Осы кезеңде бала үшін өз отбасы, ұлттық тобы, әлеуметтік ортасы өте маңызды болады;

2) 8-9 жаста өзін этностық тобына ұқсастырады. Идентификацияның негізі – ата-ананың ұлтына, мекен-жайына, ана тіліне байланысты этностық сезімі оянады және дамиды;

3) 10-11жас аралығында әр түрлі халық ерекшеліктері, дәстүрлі тұрмыстық мәдениеттің өзгешелігі байқалады. Жеткіншіктер олардың патриоттық сезімдерін суреттейтін саяси-идеологиялық аргументтерді мысалға келтіреді. Осы кезеңде этностық иденттілік толық көлемде қалыптасады.

Этностық өзіндік сананың когнитивті жағы адамның өткен деңгейлерін, белгілі бір оқиғалар есте қалатын немесе дәріптелген күндер, ұлттық қаһармандар, мәдениет қайраткерлері, фольклор, салт-дәстүрлер және т.б. туралы білімдер мен түсініктерін тарихи және мәдени есте сақтаудан көрінеді.

Ағылшын әлеуметтанушысы А. Тэшфел әлеуметтік ұқсастық теориясындағы негізгі идеясы стереотипизация қызметін адам психикасында түрлі категориялы стереотиптердің қалыптасу процесі және олардың атқаратын қызметтері деп қарастырылады. Олар психологиялық, әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік болып үш түрге бөлінеді.

Психологиялық қызметке айнала қоршаған ортадан қабылдаған ақпараттарды жүйелеу, когнитивті және әлеуметтік маңызды ақпараттың динамикалық өзгерісі, және әлеуметтік болмысты адекватты бейнелеу, индивидтің құндылықтарын сақтау және қорғау жатады.

Әлеуметтік-психологиялық қызметке өз тобын бағалайтын және жүзеге асыратын топаралық дифференциацияны сақтау және топаралық дифференциация арқылы позитивті тоитық иденттілікті қолдау жатады.

Әлеуметтік қызметке топтар арасындағы қарым-қатынас және күрделі әлеуметтік жағдайларды түсіндіру, топ аралық қарым-қатынаста өзге ұлттар ерекшелігін ескеруді жатқызады.

Жеке адамды өзінің әлеуметтік ортасымен, қоғаммен бірге байланыста қарау қажет. Этникалық стереотиптер мінез-құлқын интерпретациялауда әлеуметтік каузалды атрибуцияларға сүйенеді. Атрибуцияның үш түрі бар.

1. Диспозициялық - тұлғалық сапалар мінез-құлық негізі болып саналады.

2. Ситуативті-мінез-құлық әлеуметтік ортада белгілі бір жағдайға байланысты

3.Топтық – мінез-құлық топтағы, ұжымдағы адамдарға байланысты Этникалық стереотиптер этникалық бағыт-бағдармен тығыз байланыста дами отырып, айнала қоршаған ортаны қабылдап, өз мінез-құлқын басқарып және өзге адамдар мінез-құлқын да интерпретациялай алады. Сонда



стереотипизациялау – ақпаратты классификациялау және жүйелеудегі ең қолайлы тәсіл. Стереотипизация- адам психологиясында түрлі категориялық стереотиптердің қалыптасу процесі және олардың атқаратын қызметтері.

Психологияда этностереотиптер екі түрге бөлінеді: автостереотиптер және гетеростереотиптер. Олардың айырмашылығы халықтар арасындағы өзара түсіну деңгейі мен олардың психологиялық ұқсастықтарын бейнелейді. Автостереотип-бұл белгілі бір этникалық топтың келесі бір этникалық топтағы бейнесі. Гетеростереотиптер-бұл өзге этникалық топтың күткен бейнеге сәйкес құрастырған бейнесі, сонымен қатар өз қатынасын білдіру тәсілдерінің бірі. Егер автостереотиптер ұнамды болса, ал гетеростереотиптер ұнамды да ұнамсыз да немесе кейде бейтарап болады (мысалы кеңес адамдарының стереотипіне келетін болсақ, адамгершілік, қонақжайлық, достық, ақкөңілділік, қайырылымдық, сипаттар басым болады).

Этникалық стереотиптердің тағы да бір қасиеттерінің бірі, олардың үйлесімділігі. Этникалық үйлесімділікті зерттеу американ психологы О.Клайнбергтің теориясында түсіндіріледі. Әрбір этникалық стереотипте «иллюзиялық сипаты» мен қатар қандайда бір «ақиқат түйірі» болады. Сонымен қатар шынайы білімнің көлемі жалған білімнің көлемінен басымырақ болады. Егер екі топ арасында үшіншіге қатысты ынтымақты пікір болса стереотиптер шынайы болады. Егер топтар арасындағы терең әрі ұзақ байланыстар олардың өзара стереотиптерінде шынайы ерекшеліктері жоғары болса стереотиптер шынайы болады. Сонда шынайылық белгісі ретінде топтың өзін-өзі қабылдауы мен оны өзге топтың қабылдауы арасындағы үйлесімділік анықталады.

Стереотиптің үш түрі бар: қабылдау стереотипі, интерпретацияның стереотипі, мінез-құлық стереотипі. Этникалық стереотиптерге тән қасиеттердің ең көп тараған түрлерін эмоционалды бағалау сипаты, табандылық, тұрақтылық, келісімділік

Этникалық стереотиптерді психологиялық зерттеу барысында В.С.Агеевтің зерттеу классификациясы көбірек қолданылады:

- еркін сипаттау әдісі
- тікелей сұрақ-жауап әдісі (тұлғалық сипаттар тізімі, диагност. тестер т.б.)
- проективті әдістер
- психосемантикалық әдістер

Аталған әдістер түрлеріне қарай қазіргі уақытта этникалық стереотиптерді зерттеуде В.Ф.Петронко, Д.Кац, К.Макколи, КСтитт, Дж. Бригем, Похилько, Дж.Келли, Шмелевтің проективті және психосемантикалық әдістемелері қолданылады.

Қазіргі кезеңде этникалық стереотиптерді зерттеуде психосемантикалық әдістер ішінде В.С.Агееваның жетекшілігімен жеке семантикалық дифференциал әдістемесі көбірек қолданылады. Әдістемеді 40 биполярлық бағалау шкаласын вербалды семантикалық дифференциал вариантында берілген және факторлық талдау көмегімен қорытындыланады.

Британ психологы А.Тэшфэл стереотиптер индивидтің құндылығын ғана қорғамайды, сонымен қатар, әлеуметтік иденттілігін де қорғайды. Бұдан стереотиптің әлеуметтік-психологиялық сапалық қызметін көруге болады.

Түрлі ұлттық топтарды қабылдау ерекшеліктерін диагностикалау үшін проектілік суреттер қолданылады. Т.В.Иванованың проектілік суреттер



көмегімен зерттеу әдісінде зерттеушілердің бейнелік ойлауына бейімделген, мәнді шамада жалпыланған бейнелік эмоциялық қатынасты білдіретін, ұлттық стереотиптері зерттеудің адекватты құралы бола алады. Сонымен қатар вербалды әдістерді пайдалану, терминдерді адекватты аудару және зерттеу нәтижелерін түрлі топтарда салыстыру мүмкіндігін қояды. Проектілік суретті пайдаланған жағдайда зерттеу процедурасы түрлі мәдениет өкілдер үшін және түрлі жас ерекшелік және білімдік деңгейлердегі адамдар үшін бірдей болады. Бұл әдістеменің негізгі мақсаты проектілік суреттерді талдай отырып, зерттеушілердің этно- стереотиптерін анықтау. Сол себептен, суреттерде бейнеленген әр түрлі ұлт өкілдерінің бейнесі сол ұлтқа тән айқын белгілерде көрсетіледі.

Міне, сондықтан этностық иденттілік, этностық стереотиптерді зерттеу, этностық өзіндік сананың құрама бөлігі ретінде немесе мінез-құлықтың үйреншікті үлгілері туралы этностық топтың мүшелерінің көзқарасын алдын-ала талдау негізінде құрылады. Ал З.В.Сикевичтің айтуынша этникалық мәдениет консервативті болып табылады. Бұл «модалды адамның» бейнесін анықтайтын, әлеуметтік стереотиптер жүйесіне қатынасты. Кез-келген адам өз елінің өкілі ретінде, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін этношартталған стереотиптерді тасымалдаушы болып табылады.

Сонымен этникалық стереотиптер сананың ажырамас бөлігі болып табылады. Олар мәдени өзара қарым-қатынас процесінде қалыптасады.

Келесі әдістемелердің бірі Дж.Таусенд әдістемесі мәдени –құндылықтар бағдарын анықтау мақсатында үш түрлі позицияны пайдалануға мүмкіндік болады.

- 1) жалпы мәдени-құндылық бағдарын анықтау
- 2) этникалық ерекшеліктеріне қарай мәдени-құндылық бағдарын анықтау
- 3) жас ерекшеліктеріне қарай мәдени-құндылықтарын анықтау

Этникалық стереотиптердегі тағы бір маңызды әдіс әдеби еңбектерді мемуарлық әдебиеттерді және өнер шығармаларын талдау әдісі болып табылады. Бұл психологтарды тарихшылар мен әдебиетшілерді біріктіретін ғылыми бірліктің бірі болады.

Этникалық стереотиптерді зерттеудегі аталған әдістемелерді жүйелеуде сұрақнамалар былай топтастырылады:

- тұлғалық сапалық сипаттар
- еркін сипаттау – «портреттер»
- биполярлық шкалалар жинағы
- Дж.Бригеманың проценттік әдістемесі.
- К.Манколи және К.Ститтаның «диагностикалық коэффициенті»

әдістемелері.Аталған әдістемелерді қорытындылау барысында контент-анализ арқылы талдап, категориялар бойынша сипатталады.Категориялар тобы:

- 1) қоғамға, үлкен топтарға қатынасы;
- 2) күнделікті үнемі қатынастағы шағын топтарға қатынасы;
- 3) адамдарға қатынасы – гуманистік және коммуникативтік сипаттама;
- 4) еңбекке қатынасы;
- 5) өзіне қатынасы;
- 6) жеке даралық қатынасы;
- 7) тұлғаның жалпы бағыты;
- 8) тәжірибе және өмір бейнесі;



Ұлтаралық қатынастар әлеуметтік және саяси өмірдің маңызды элементіне айналып отырған қазірге кезеңде тұлға дамуының маңызды тенденцияларының бірі-әр адамның өзін нақты ұлт өкілі ретінде анық ажырата алуға байланысты. Қай халықтың болмасын ұлт болып қалыптасуы үшін қажетті факторлар: оның құрамына енген адамдар тобының материалдық тұрмыс жағдайларының, территориясы мен экономикалық өмірінің, тілі мен мәдениетінің, әлеуметтік психологиядағы сол ұлтқа тән кейбір этникалық ерекшелігінің ортақтығы болып табылады.

Этнопсихологиялық ерекшеліктер ұстанған бағыт-бағдар мен құндылықтар, әдет-ғұрыптар, эмоция және көңіл күйдің қалыптары, ұлттық бейнесі мен оны қоршаған табиғи және тарихи ортаның өзіндік ерекшеліктерімен түрлі әлеуметтік –психологиялық факторларға байланысты қалыптасады. Ол факторлар:

1. Этникалық қажеттіліктер мен қызығушылықтар жүйесі;
2. Этникалық бағыттар мен құндылықтар;
- 3.Этнос психикасы.
4. Этникалық сезімдермен көңіл-күйлер.

Этнопсихологиялық эксперименталды зерттеулер мазмұнына қарай көлемді, күрделі және қорытындылау маңыздылығына қарай нақты принциптерді негізге ала отырып, төмендегідей жүргізіледі:

-этникалық қоғамдар мен олардың психологиясының түрлі факторларға байланысты қалыптасатындығын есепке алу принципі.

-ұлттық психологиялық ерекшеліктерді әрбір ұлт өкілдеріне тән екендігін сипаттау принципі.

-ұлттық психологиялық ерекшеліктеріне салыстырмалы талдау принципі.

Қазіргі кезеңде ұлттық психологиялық ерекшеліктерді зерттеуде стандартты және кросс-мәдени этнопсихологиялық формаларына қарай зерттеу әдістері мен әдістемелері қолданылады. Стандартты этнопсихологиялық зерттеулердің объектілері:

- ұлттық сана және өзіндік сана;
- ұлттық құндылықтар мен бағыт-бағдарлар, қажеттіліктер мен мотивтер
- авто-гетеростереотиптер мен этникалық бағдарлар.
- жеке психологиялық ерекшеліктер, салт-дәстүр;
- нақты ұлт немесе халықтың өзіндік мінез-құлқы.

Кросс-мәдени зерттеулер-этнопсихология ғылымының перспективалы бағыттарының бірі. Этникалық психология үшін мәдениет ұғымы негізгі теориялық конструкт болып табылады.

Мәдени тарихи факторлар адам мінез-құлқына ерекше әсер етеді. Мәдениетаралық зерттеулерде этнопсихологияның әдіснамалық негіздері ескеріледі. Әртүрлі халықтардың мәдени айырмашылықтарын сипаттауда И.С.Кон Кросс –мәдени зерттеулерді талдап, ұжымдық және жекедаралық мәдениеттер деп бөлінетіндігін анықтаған. Бұл зерттеулерде ұжымдық типтегі мәдениет өкілдері-топқа бағытталып туыс, дос-жолдастары ортасында болғанды қалайды, көпқауымды салт-дәстүрлік рәсімдер мен әрекеттерді жасағанды ұнатады, бұларды салт-дәстүрлерді сақтайтын, көпшіл мәдениет деп есептейді. Бұл көбінесе, шығысқа, азиаттық халықтар



мәдениетіне тән. Жекедаралыққа тәуелсіздік, өз күшіне сену, өзі шешім қабылдау, көптік ортадан алыстау, отбасы және шағын орталарда болатын рәсімдер тән. Мұндай мәдениетке Батысты әсіресе американдық қоғамды мысалға алуға болады. Сонымен этникалық стереотиптер сананың ажырамас бөлігі болып табылады. Олар мәдени өзара қарым-қатынас процесінде қалыптасады.

Әр түрлі мәдениеттер арасындағы қарым-қатынастар жөніндегі мәселеде үш тенденция немесе үш түрлі тәсіл қарастырылады.

Этноцентризмді қолдаушылар басқа халықтардың мәдениетін өзінің этникалық қауымдастығының мәдени стандарттары (олардың ойынша үлгі сипатындағы) тұрғысынан бағалайды. Этноцентризм (грекше – халық, тайпа, латынша – шеңбердің ортасы): өз этносының дәстүрі мен нормаларын жалпыға ортақ эталон ретінде түсініп қоршаған ортадағы құбылыстарды осы тұрғыдан бағалайтын этносаралық байланыстағы механизм.

Мәдени релятивизмді қолдаушылар бұл дүниенің барлығына шартты және салыстырмалы түрде қарайды, сондықтан бөтен мәдениеттің құбылыстарын өзіндік өлшеммен бағалауға болмайды деген пікірді жақтайды. Өз мәдениетінің тұрғысынан өзгенің мәдениеті туралы барлығын білетін бағалаушы сияқты пікір айтуға болмайды. Әрбір мәдениеттің өзіндік ерекшелігі бар, сондықтан да оны сол мәдениеттің құндылықтары мен нормаларының деңгейімен қабылдаған дұрыс.

Үшінші тенденция мәдени ықпалдасу ерекше танымал болып келеді. Ол халықтар мен елдер мәдениетін, дәстүрін сақтай отырып жақындай түсетінін көрсетеді. Бұл үрдіс объективті түрде

а) қоғамда өсіп келе жатқан көпұлттылыққа;

б) жақсы ақпараттанған қазіргі кездегі адамдардың барлық жерден хабардар болғысы келетіндігіне байланысты.

Ұлтаралық қатынастар әлеуметтік және саяси өмірдің маңызды элементіне айналып отырған қазірге кезеңде тұлға дамуының маңызды тенденцияларының бірі-әр адамның өзін нақты ұлт өкілі ретінде анық ажырата алуға байланысты. Қай халықтың болмасын ұлт болып қалыптасуы үшін қажетті факторлар: оның құрамына енген адамдар тобының материалдық тұрмыс жағдайларының, территориясы мен экономикалық өмірінің, тілі мен мәдениетінің, әлеуметтік психологиядағы сол ұлтқа тән кейбір этникалық ерекшелігінің ортақтығы, тұтастығы болып табылады.

Этникалық тұтастықтың негізгі белгісі-этникалық мәдениет. Оны қалыптастырушы элементтер- біріншіден, белгілі этносқа тән мінез-құлық стереотипі (психикалық құрылым), екіншіден, объективті шарттар мен факторларды қалыптастыруға әсер ететіндер:(табиғи, климат ландшафт т.б.) әлеуметтік (жергілікті өндірістік экономикалық жағдай және қоршаған орта байланыстары және саяси мұра), этномәдени (күрделілік пен белсенділік деңгейі этностардың жасы, мәдениеті, тілі т.б.), антропоморф(этностардың антробиологиялық ерекшеліктері). Мысалы, Л.Н.Гумилев этносты географиялық, табиғи құбылыс ретінде қарастырады. Оның ойынша этнос «қайталанбас мінез-құлық стереотипі мен ерекше ішкі құрылымы бар, басқа да сәйкес топтарға өзін қарсы қоятын динамикалық жүйе». Сонымен қатар, этностың негізгі белгілеріне ол өзіндік сана мен мінез-құлық стереотипін жатқызады және этностық ерекшеліктер индивидте туа емес, әлеуметтену процесінде қалыптасатынына тоқталады.



Энопсихологияның эксперименталды зерттеулерінде психологиялық эксперименттің:

- корреляциялық зерттеу бағыты;
- кроссмәдени зерттеу бағыты;
- психогенетикалық зерттеу бағыттары болады.

Кросс-мәдени психологияда Т.Хофстед және Т.Триандис бағыттары этникалық стереотиптерді зертеуде танымал, олар түрлі этникалық топ өкілдерінің әлеуметтік мінез-құлқына әсер ететін, мәдениеттің психологиялық өлшемдері арқылы қарастырады. Бұл әдістің интерпретациясы үш деңгейді анықтауға мүмкіндік береді.

- 1 деңгей – дәстүрлі мәдениет
- 2 деңгей – қазіргі мәдениет
- 3 деңгей – динамикалық дамушы мәдениет.

Міне, сондықтан этностық иденттілік, этностық стереотиптерді зерттеу, этностық өзіндік сананың құрама бөлігі ретінде немесе мінез-құлықтың үйреншікті үлгілері туралы этностық топтың мүшелерінің көзқарасын алдынала талдау негізінде құрылады. Ал З.В.Сикевицтің айтуынша этникалық мәдениет консервативті болып табылады. Бұл «модалды адамның» бейнесін анықтайтын, әлеуметтік стереотиптер жүйесіне қатынасты. Кез-келген адам өз елінің өкілі ретінде, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін этношартталған стереотиптерді тасымалдаушы болып табылады.

Сонымен этникалық стереотиптер сананың ажырамас бөлігі болып табылады. Олар мәдени өзара қарым-қатынас процесінде қалыптасады.

Келесі әдістемелердің бірі Дж.Таусенд әдістемесі мәдени – құндылықтар бағдарын анықтау мақсатында үш түрлі позицияны пайдалануға мүмкіндік болады.

- 1) жалпы мәдени-құндылық бағдарын анықтау
- 2) этникалық ерекшеліктеріне қарай мәдени-құндылық бағдарын анықтау
- 3) жас ерекшеліктеріне қарай мәдени-құндылықтарын анықтау

Құндылықтар бір мезгілде мотивациялық әрі когнитивті бағытқа құрылған құрылымдар болып табылады, тұлғаның мінез құлқын белгілі бір мақсатқа бағыттайды, ұйымдастырады, бағдарлайды және көптеген жаңа ақпараттармен когнитивті жұмысты детерминациялайды.

Құндылықтарға бағдарлану мәселесін этнопсихологиялық тұрғыдан шешуде, яғни адамзат жасаған рухани тәжірибені меңгеру. Құндылықтар жүйесі сананың шығармашылық ізденуімен құнды-аналитикалық жұмыстарының негізі болып табылады. Құндылыққа бағдарланудың эмотивті компоненттері (С.Л.Рубенштейн) тұлғаның рухани әлемі мен этнопсихологиялық өнегелік құндылықтарға деген қатынастарға әсерлену формаларында анықтайды. Құндылыққа бағдарланудың когнитивті компоненттері (Л.И.Божович) тұлғаның болмысқа деген ішкі негізін бейнелейтін мінез-құлықтың доминантты мотивтерін ұғынумен байланысты.

Құндылықтарға бағдарланудағы құрылымдар тұлғаның келесі сапаларын қалыптастыруға да негіз болады: сенімділік, адалдық, белсенді өмірлік позиция, мақсатқа жетуге тырысу және т.б.сапалар. Осы қалыптасқан құндылыққа бағдарланулар тұлғаның мінез-құлқының өзіндік реттелуін қамтиды және мәдениеттің этнопсихологиялық аспектілері-ұлттық көркемдік



сана-сезімі мен халықтың ұлттық мәдени мұрасының мәдениетпен байланысты жеткіншектерде құндылықтарға бағдарлаудың позитивті жақтарын қалыптасырады.

Этностық сана сезімді дамыту негізінде – халық мәдениеті ол тек өткен тарих қана емес, қазіргі жаңа ұрпақ үшін руханилық пен өнегеліктің репрезентация тәсілінің бірі екенін түсіндіре отырып, тұтас бір этностық психологиялық, мәдени, әлеуметтік, ұлттық ерекшеліктері жайлы түсініктерді қалыптастыруға болады. Этнопсихология үшін ең маңыздысы, алдында тұрған, идеологиялық мәселелер, демографиялық жоспарлау, оқыту, тәрбиелеу мәселелері, әлеуметтік даму міндеттерін шешу біздің көп ұлтты еліміздің жағдайында ұлттық психологияның және мәдениеттің ерекшеліктерін зерттеуді талап етеді.

Жаңа қоғамдық, әлеуметтік –мәдени жағдайларға байланысты туындайтын көптеген өзгерістер білім жүйесіндегі педагогикалық-психологиялық бағыттарда жаңа бағдарларды талап етеді. Осы мәселені шешу, ең алдымен, ұлттық мәдениет пен жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген мәдени құрылымдарды сақтауға байланысты.

Әдебиеттер

1. Крысько В.Г. Этническая психология.-М.:Изд.центр «Академия», 2008.С.280-290
2. Крылов А.А. Психология.- М.:Изд. Проспект, 2007. С. 173-184
3. Стефаненко Т.Г. Этнопсихология.- М.:Аспект Пресс,2006.С.120-147
4. Стефаненко Т.Г. Этнопсихология.Практикум.-М.:Аспект Пресс,- 2006.С.26-80
5. Шмелев А.Г. Психодиагностика личности черт. - СПб, 2002
6. Аймаганбетова О.Х. Кросс-культурное исследование структуры межэтнических отношений. - Алматы: КазНУ, 2006.

Г.А. Ергалиева, Р.Б. Доскалиева, Л.М. Маденова
Проблемы исследования этнических стереотипов в этнопсихологии

В этой статье раскрывается теория этнического сознания и исследования этнических стереотипов.

Ключевые слова: Ценность, этнос, кросс, этническое самосознание, этнический аттитюд этническое общение, этническая установка, этнические ценности, этнические автостереотипы, этнические принципы.

G.A. Ergalieva, R.B. Doskalieva, L.M. Madenova
Problems of the research the ethno stereotypes in the ethno psychology

In this article is considered the theory of ethno psychological research of ethno stereotypes.

Key words: Value, ethno, cross, “ethno knowledge”, “ethno attitude”, emotion contact, “ethno arrangement”, “ethno auto stereotypes”, “ethno principles”.



УДК: 371.351

В.С. Мулдағалиев – физика–математика ғылымдарының
кандидаты М.Өтемісов атындағы БҚМУ
Б.С. Ибрашева – М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты
E-mail: i.botik_86@bk.ru

МАТЕМАТИКА ПӘНІНДЕ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ТҮРҒЫДАН БІЛІМ БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ МАЗМҰНЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІГІ

Аннотация. Мақалада математика пәнінде құзыреттілік түрғыдан білім берудің ерекшелігі, оқушылардың математикалық құзыреттілігін ұйымдастыру әдістері, мазмұны талданған.

Түйін сөздер: Білім, құзыреттілік, құзырлы, коммуникативті, технологиялық, ақпараттық, математика.

Біз қадам басқан ХХІ ғасыр жан-жақты дамыған, білімді, өз ісіне де, өзгенің ісіне де әділ баға бере алатын, өзіне сенімді, тәуелсіз Қазақстанның әлуметтік-экономикалық жағынан дамуына зор үлес қоса алатын тұлға тәрбиелеуді талап етіп отыр. Осыған байланысты бүгінгі күннің басты мәселесі – жас ұрпаққа нәтижеге бағытталған білім беру болып отыр.

Қазіргі уақытта еліміз дүниежүзілік білім кеңістігіне кіруге бағытталған жаңа білім жүйесін қалыптастыруда. Бұл процесс педагогикалық теориясына және оқу–тәрбиелік практикасына көптеген өзгерістермен жаңалықтар әкелуде. Білім парадигмасына өзгеше құқық, өзгеше байланыс, өзгеше педагогикалық менталитет енгізуде. Құзыреттілікке негізделіп, Қазақстан Республикасының білім дамытудағы 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама қайта жасақталды. Құзыреттілік бағыт бірнеше рет өзгертілді [1,б. 90]. Мысалы, ХХ ғасырдың 70–жылдарында А.Зимняя «түйінді құзыреттілік» терминін ұсынды және сол кезде көп қолданылды, бірақ интернет желісінен, ғылыми, шетелдік немесе ресейлік ақпараттарда сүйенетін болсақ бұл сөздің нақты ғылыми негізделген анықтамасы болмаған. Жалпы «competence» (құзыреттілік) термині ең алғаш рет ағылшын–американдық білім ортасында, дәлірек айтқанда, солтүстік Америка Құрама Штатында туындаған. Әуел бастан құзыреттілік практикада кең көлемде таралған стандартты психометрикалық тесттерінде кездеседі. Сол кезде маңызды оқиғалардың бірі Д.Мак-Клеланданың 1973 жылы «Америка психологы» атты журналында жарық көрген «Тестировать компетентность, а не интеллект» атты мақаласы шыққаннан кейін білімнің әр түрлі саласында осы көзқарасты қолдайтындар көбейді. Сол салалардың бірі - математика саласы [2,б. 60].

Математиканы оқытудағы ең басты мақсат – математикалық әдістердің көмегімен оқушыларды күнделікті өмірде кездесетін мәселелерді шешуге дайындау және жеке тұлғаны қалыптастыру.

Түйінді құзыреттілік жиынтығының ішінен оқу–танымдық құзыреттілігін бөліп қарастыруға болады. Оқу–танымдық құзыреттілік дегеніміз – білім алушының өздігінен танымдық қызметке дайын болу, яғни:

- Жоспарлауға;
- Алдына мақсат қоюға;



- Талдау жасауға;
- Рефлексияға;
- Өзіне өзі баға беруге.

Білімалушы зерттеу объектісіне байланысты қызметтік дағдыларын игереді, яғни өмірлік тәжірибесінен алған білімі мен әдістерді қолданып, туындаған мәселені эвристикалық әдістермен шешеді.[3, б 66]

Пәндік құзыреттілік – ерекшеленген немесе жекеленген (арнайы) пәндік білім, білік, дағдыларды нақты орындау үшін қажетті спецификалық немесе ойлау қабілет.

Білімалушының дайындық деңгейіне байланысты жалпы немесе орта (толық) білім стандартына сәйкес төмендегі талаптар ұсынылған, бұл талаптарды математикалық құзыреттілік деңгейін анықтауға болады:

- Құрамында дәреже, радикал, логарифм, тригонометриялық функциялар формулаларды практикалық есептеугі фигуралар қажет болған жағдайда анықтамалық материалдарды және есептеуіш құралдарын қолдануда;

- Жай математикалық модельдерді зерттеу және құруда;

- Графиктік түрде берілген тәуелді функциялар көмегімен зерттеу және сипаттауда;

- Нақты процестің графиктерін (интерпритациялау) түсіндіруде;

- Геометриялық, физикалық, экономикалық және басқа да қолданбалы есептерді, сонымен қатар құрамында математикалық талдау аппаратының ең үлкен және ең кіші мәндері қолданылған тапсырмаларды шешуде;

- График, диаграмма түрінде келген нақты сандық мәндерді, ақпараттарды статистикалық сипатта талдауда;

- Білетін формулалар негізінде фигуралардың қасиеттерін зерттеуде: ұзындық, аудан, көлемін есептеуде, сонымен қатар практикалық тапсырмаларды шешуде анықтамалық материалдарды, есептеуіш құралдарды қолдану. Күнделікті өмірде пайда болған жағдайда талдау үшін математиканы оқытуда қалыптасатын білім және біліктілік қажет.

- Есептеуді жүргізу біліктілігі, соның ішінде амалдардың шешімдерін дөңгелектеу, бағалау, есептеу үшін білетін формулаларды қолдану.

- Шығару біліктілігі әр түрлі формада (таблица, диаграмма, график, схема және т.б.) келтірілген ақпаратты өзінше түсіндіру және шығару біліктілігі

- Шындық оқиғаларды және үрдістерді сипаттау үшін ықтималдық және статистика элементтерін қолдану біліктілігі.

- Практикалық тапсырмаларды орындауда нақты денелердің (объектілердің) көлемін, ауданын, ұзындығын есептеу біліктілігі.

Халықаралық деңгейдегі білімалушылардың құзыреттілігін тексеру үшін екі түрлі: таза математикалық және мазмұнды (практикаға бағытталған) тапсырмалар беріледі. [3, б. 105]

Мазмұнды есептерге нақты шарттары көрсетілген, есепті шешуде және түсінік бергенде ықпал ететін тапсырмалар жатады. Егер нақты жағдайдан көп бөлектенбеген болса, онда кейбір жағдайда болжамды шарттары бар тапсырмалар қолданады.

Математикалық құзыреттіліктің деңгейлері:

I. Қайта қолдану деңгейі



II. Байланысты қалыптастыру деңгейі

III. Пайымдау деңгейі (ойлау)

I. Белгілі деректерді қолдана отырып, математикалық объектілердің және олардың қасиеттерін анықтау белгілі формулалармен ұғымдармен жұмыс, есепті шығару;

II. Есепті шешуде нәтижесіз жағдайда құрылады, білімалушыға таныс немесе өте аз дәрежеде тереңдей түседі. Тапсырманың мазмұны математиканың қай бөліміне назар аудару керек және қандай әдістерді қолдану керектігіне сілтеме жасайды. Бұндай тапсырманы орындағанда білімалушы өзі түсіндіреді әрі талаптары көп болады.

III. Бұл деңгейдегі тапсырмалар алдыңғы деңгейге ұқсас құрастырылады, есептерді шешу үшін математикалық курсының әр түрлі бөлімдерінен математикалық құрал саймандарды таңдауда нақты бір сезгіштік, толғаныс және шығармашылық талпыныс өз бетімен амалдар алгоритмін орындау талап етіледі және соынмен қатар алынған нәтижені заңдастырып, негіздеп түсіндіру қажет.

Енді құзыреттілік түрлерін ерекшелейік:

1) *Рефлексивті құзыреттілік*. Мен не істеймін (істедім, болашақта істеймін?), мен бұны қалай істеймін (істедім, болашақта істеймін?) мен неге бұны істеймін? (істедім, болашақта істеймін?) мен нәтижесінде нені аламын? (алдым) позицияларына рефлексіті құзыреттілікке сәйкес өз қызметін ұйымдастыру

2) *Технологиялық құзыреттілік* дегеніміз бұл нұсқаулықты түсіну, технологияны сипаттау технологиялық нұсқау қызметтің алгоритмі, қызметтің технологиялық қатаң сақтау қабілеттілігі және дайындығы,

3) *Жобалы құзыреттілік* бұл жағдайды талдау, мәселені ерекшелеу, мәселені шешуге себеп болатындай идея ұсыну, алға мақсат қойып және басқа тұлғалардың ұмтылыстарымен ұштастыру, өз жұмысын жоспарлау, бағдарламалау және қызметтегі өз шешімін бағалау қабілеттері жатады.

4) *Коммуникативті құзыреттілік* қажетті ақпарат алу, өз көзқарасын көпшілік алдында дәлелдей білу және көрсете білу, өзге тұлғалардың құндылықтарын құрметтей білу (діни, этникалық, жеке, кәсіптік және т.б.)

5) *Ақпараттық құзыреттілік* қорытындыны дәлелдеуге, ақпараттық ізденісті жүзеге асырып, соның ішінен қажетті ақпаратты алуға, сол ақпаратты жоспар және қызметті жүзеге асыру үшін қолдануға дайын болу.

6) *Әлеуметтік құзыреттілік* - қабілеттілік өзінің мақсатын басқа адамдардың, әлеуметтік топтардың қызығушылықтарымен сәйкестендіре отырып, топтың мүшелерімен өзара байланыс жасап отыру.[4, б. 202]

Оқу барысындағы ең маңызды элемент бұл – тапсырманы орындау немесе есепті шығару болып табылады. Бұнда студенттер математикалық теорияны меңгереді, олардың шығармашылық және өз бетімен ойлау қабілеттері дамиды.

Өздігінен білім алуға дайын болуды қалыптастыру үшін білімалушыға қандай да бір теориялық материалды өз бетінше меңгеруді, реферат жазу, тапсырма құрастыруды ұсыну қажет.

Математикалық құзыреттілік – математикалық байланыстарды мүшелеу, жүйелеу, мәліметтерді құрастыру қабілеті, мәселенің математикалық моделін ойлап табу, құру, талдау, түрлендіру. Нәтижесінде алынған



шешімдерді интерпритациялау, қысқаша айтқанда білімалушының математикалық құзыреттілігі ол күнделікті тұрмыста туындаған проблеманы шешуде математиканы тиімді қолдануды қалыптастыру болып табылады.

Құзыреттілік негізінде білім жүйесінің түпкі нәтижесі қызмет болып табылады. Қызметті иемдену деген не? Жалпы мағынада «істей білу» дегеніміз не? оқу білу, үйрете білу, емдей білу, құру білу және т.б. Адам қажеттілігіне мұқтаж болып сол себепті әр түрлі жағдайдағы мәселелерді өздігінен шешу үшін қажетті жаңа білімді алу, дұрыс мақсат қоя білу жағдайға сәйкес оларды іске асыру және мақсатқа жеткізу [5, с. 20].

Сонымен қорыта айтсақ, қазір әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында біздің қоғамымызда өздігінше шешім қабылдай алатын және оны жүзеге асыра алатын әлеуметтік белсенді, шығармашыл тұлғаға сұраныс күшейді. Осыған орай, әр тұлғаның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың маңыздылығы да арта түседі. Жоғары дәрежелі кәсіби құзыреттілік маманның бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Өздігінше еркін ойлау қабілеті бар, тәрбие - білім беру үрдісін модельдей алатын, тәрбие беру және білім берудің жеке технологиялары мен жаңа идеяларын өздігінше іске асыра алатын тұлғаның кәсіби құзыреттілігінің деңгейін арттыру - өзекті мәселе болып табылады.

Әдебиеттер

1. Государственная программа развития образования в Республики Казахстан на 2010-2020 Астана 2010
2. Методы практической социальной психологии: Диагностика. Консультирование. Тренинг: Учеб. пособие для вузов/Под ред. Ю.М.Жукова. Москва 2004
3. Атанасян Л.С Геометрия 7-9 кл – М.: Просвещение 1992
4. Н.Я.Великин: учебник для 5 класса общеобразовательных учреждений – М.: Издательство, «Русское слово», 1998, «Компетентностный подход» // Школьные технологии №1 2005
5. Информационно-методический дайджест Педагогика 21-го века на пороге школы. А.А. Жайтапова, Г.А. Рудик, - Алматы, 304 с., 2009

В.С. Мұлдағалиев, Б.С. Ибрашева
Значение и содержание компетентностного подхода
в организации обучения математике

В этой статье разработаны особенности образования компетентностного подхода в преподавании математики, методы и содержание организации компетентностного подхода учеников в математике.

Ключевые слова: Образование, компетентность, компетентный, коммуникативный, технологичный, информационный, математика.

V.S. Muldagaliev, B.S. Ibrasheva
Features and types of knowledge organization for competence in mathematics.

In this article there were discussed the features of education according to competence in teaching mathematics, content and methods of organization the competencial approach of students.

Key words: Education, competence, qualified, communicability, technological, informational, maths.



УДК 371.123

А.Г. Муханбетчина - п.ғ.к., доцент
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
К.Ш. Шамуратова - магистрант,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: shamur_k@mail.ru

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯНЫ ЕНГІЗУДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аннотация. Мақала білім беру жүйесінің жаңару мен даму кезеңіндегі педагогикалық инновацияларды енгізудің педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық аспектілері аясында инновациялық үдерістің сатылары, оны қолдау шарттары, қатысушылардың субъектілеріне қойылатын талаптары назарға алынған.

Түйін сөздер: Инновация, педагогикалық инновация, үдеріс, субъектілер, әлеуметтік-психологиялық факторлар, мотивация, кәсіби құзыреттілік.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі қазіргі кезеңдегі дамуында терең сапалық өзгерістерге бетбұрыс жасауда. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың “Қазақстан 2050” стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты” атты Қазақстан халқына жолдауында: *«Білім беру жүйесін жаңғырту барысында оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу, біліктілікті бекітудің тәуелсіз жүйесін құру қажет»*, -деп атап көрсетті. Бұл саладағы ең басым бағыттардың бірі – қазіргі қазақстандық білім беру жүйесінің жаңа, динамикалық жағдайында шығармашылықпен және белсенді қызмет жасауға қабілетті педагог мамандарды әзірлеу және қайта даярлау.

Инновация терминінің көп ғасырлық даму кезеңдері бар. Ғылымға мәдениеттегі өзгеріс үдерістерін зерттей бастаған кезде, XIX ғасырда антропология мен этнография арқылы енді. XX ғасырда «инновация» терминін экономикалық категория ретінде ғылым аясына Й.А.Шумпетер енгізді. Сол ғасырдың 30-шы жылдарында А.Адамс, А.Маслоу, Ф.Тейлор, т.б. ғалымдардың еңбектерінде инновация «жаңа енгізілім, ұйымдастыру мен басқарудың жаңа түрлерін енгізу» деп түсіндірілді. Ең алғаш «инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Н.Нұрахметов. Ол «Инновация, инновациялық үдеріс деп отырғанымыз - білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі», - деді.

Инновация – кез келген жаңалық немесе жаңалықты енгізу ғана емес, бұл бүгінгі қолданыстағы білім жүйесінің тиімділігін арттырады. Инновациялық іс-әрекет - білім берудің кез келген деңгейінде инновациялық үдеріспен қамтамасыз ететін шаралар кешені және үдерістің өзі. Педагогикалық инновация білім беру жүйесін қайта құру, жетілдіру, модификациялау, өзгертуге байланысты немесе оның белгілі жақтарын, қасиеттерін және аспектілерін (жаңа заңнамалық актілерді, құрылымдарды, тұжырымдамаларды және интеграциялық байланыстарды және т.б.) жасақтау. Инновациялық үдеріс ұйымның мақсаты, құрылымы, міндеттері, технологиясы және адам ресурстарын қамтиды.



«Инновация» ұғымының психологиялық аспектілері. Инновацияны ендіру мәселелерімен әлеуметтік психологияда Н.И. Лапин, Е.Т. Гребнев, А.И. Пригожин, Н.А.Ильина, В.И. Шуванов, К. Девис, Т. Питерс, Р. Уотерман, Н. Тичи, М. Деванна сияқты ғалымдар айналысуда.

Ғылыми әдебиеттерде жаңалық енгізу классификациясының типтерін көптеп кездестіруге болады. Соның ішінде Н.А.Ильинаның классификациясына тоқталайық [1, б. 25]:

- техникалық-технологиялық (жаңа өндіріс құралдары және жаңа технологиялар); бұл жаңалықтан ұйымның қызметкерлері негативті қабылдамайды;

- ұйымдастыру-басқарушылық (ұжымның жаңа құрылымы мен оны басқару әдістері, басқару шешімдерін жасақтау және оның орындалуын бақылау);

- әлеуметтік-экономикалық (жаңа материалдық ынталандырулар, еңбек ақы төлеу жүйесі).

Бұл тізімге келесілерді қосуға болады:

- құқықтық (еңбек және шаруашылық заңнамадағы өзгерістер, жаңа заңдардың пайда болуы, мысалы, интеллектуалдық жеке меншікті қорғау туралы заң);

- педагогикалық (оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдістері, моделдері және формалары, жаңа қоғамдық ұйымдар құру).

Инновацияны енгізудің соңғы төрт типі қызметкерлердің жағымсыз реакциясын туғызады, бұл түсінікті: тиімді өзгеріске қол жеткізу үшін адамдар іс-әрекетіне, мінез-құлқы мен санасына өзгеріс енгізу күрделі іс, себебі адамдар тұрақтылыққа табиғи ұмтылысы, сау консерватизм, өмірлік және кәсіптік таптаурындардың болуы барлық адамдарда сақтық пен қорқынышқа итермелейді.

Кез келген тиітегі инновация көптеген ұйым қызметкерлерінің қызығушылықтарын оятады, олардың әрқайсысы мәселені ұсынушы, новатор, инициатор, өңдеуші, сарапшы, ұйымдастырушы, пайдаланушы сияқты кез келген рөлдік ұстанымды ұстануы тиіс. Бұл рөлдік ұстанымдардың жинағы инновацияны енгізу мазмұны мен көлеміне байланысты және бір өндірісте кездесуі сирек болады. Міндетті ұстанымдар екеу болады: ұйымдастырушы және пайдаланушы. Білім беру саласында жиі көптеген ұстанымдар бір тұлғада педагог-новаторда кезігеді. Жиі қызметкердің инновациялық ұстанымы мен функционалдық орны сәйкес келмеуі мүмкін. Ғалымдардың айтуынша, инновациялық үдерістің ұсынушысы мен жүзеге асырушысы ұжымның басшысы болуы қалыпты, оның әрекеті инновациялық стандартқа сай болуы керек, яғни көшбасшылыққа талиыну, шешім қабылдау, шығармашылық, талантты адамдар әрекетіне еркіндік беруге ұмтылу, энтузиастарды қолдау [2, б. 89]. Басшының инновациялық әрекетіндегі бастысы қызметкерлерде инновациялық мотивациялық дамыту.

Бүгінгі білім беру кеңістігі педагогикалық үдерістің екі тииінен тұрады – инновациялық және дәстүрлі. Педагогикалық инновация – бұл теориялық негізделген, мақсатты бағытталған және тәжірибеге бағытталған жаңалық, ол үш деңгейде жүзеге асады: макродеңгейде, мезодеңгейде және микродеңгейде.



Макроденгейдегі инновация барлық білім беру жүйесіндегі өзгерісті және оның басымдықтарының өзгеруін қамтиды. Мезоденгейдегі инновация аймақтың, нақты оқу орнының өзгерісіне бағытталған. Мезоденгейде негізінен жаңа тұжырымдамалық тұрғы базасында жаңа оқу орнын құру туралы айтылады. Бүгінде оқу орнын төрт типке бөлуге болады: элиталық, конъюнктрлік, эксперименталды және дәстүрлі [3, б. 77]. Микроденгейдегі инновация белгілі бір курстың және курс блогын жаңа мазмұнын жасақтауға (мысалы, экологиялық немесе гуманитарлық); немесе білім беру үдерісінің құрылымдаудың жаңа тәсілдерін, не оқытудың жаңа технологияларын, жаңа формалары және әдістерін жасақтау бағытталған.

Кез келген деңгейдегі білім беру инновациясы бес сатыда дамиды.

Бірінші саты – жаңалық енгізуді ұсыну және инновацияның белгілі бір тиінін енгізу қажеттілігі туралы шешім қабылдау. Ұсыныс ұйым басшысының өмірге ішкі түрткісінен туындауы мүмкін, бірақ себеп ішкі және сыртқы түрткілерден туындайды: министрлік бұйрығы, саланың жаңа маманға сұранысы, ұйымның ішкі үдерістерінің өзгерісі.

Екінші саты – теориялық, яғни психологиялық-педагогикалық талдау негізінде, инновациялық үдерістің дамуын, оның жағымсыз және жағымды салдарын анықтау (экономикалық, құқықтық және т.б.) арқылы инновацияны негіздеу және жасақтау. Бұл саты ең күрделісі болып табылады, өйткені педагогикалық ойтамылау және «басқа педагогикалық нақтылықты ойластыру» қабілеті (Г.П. Щедровицкий) төмендегіні қамтиды:

- психологиялық-педагогикалық теорияны білу;
- өз идеяларын бірыңғай тұжырымдамаға құрылымдай білу;
- инновацияның қажеттілігі немесе өзектілігін негіздей білу;
- жаңалықты енгізуге әсер ететін факторларды бөліп шығару.

Бұл саты жоспарланған жаңалық енгізуді ақпараттық қамтамасыз ету болып табылады. Екінші сатыдағы жан жақты жұмыс педагогикалық үдеріске инновацияны енгізуде сәттілікті қамтамасыз етеді.

Үшінші саты – ұйымдастыру-тәжірибелік – бұл жаңалықты меңгеруге көмектесетін жаңа құрылымдарды: лабораториялар, экспериментальды топтар және т.б. жасақтау. Бұл құрылымдар мобильді, тәуелсіз, өз бетімен жұмыстанатындай болуы тиіс. Бұл сатыда инновациялық идеяларды жақтаушыларды, әсіресе ұжымнан беделді және әсер ете алатын адамдар тапқан маңызды. Сонымен қатар бұл жаңалыққа қатысы бар көптеген басқа қызметкерлердің қатынастарын оңтайландыру керек. Инновациялық үдерістің бұл сатысы ұйым мүшелерінің көпшілігін жаңалықты енгізудің қажеттілігіне мойынсұндыру және қолайлы эмоционалды-мотивациялық фон жасақтау.

Төртінші саты – талдау сатысы – бұл алынған моделді жалпылау және талдау. Бұл сатыда инновациялық үдерістің қай деңгейде жүріп жатқанын айқындау; тұтас білім беру ұйымының жағдайын (немесе нақты пәннің оқытылу жағдайы) жаңалықты енгізу нәтижесінде жорамалдаған жағдаймен сәйкестендіру. Егер де сәйкестік болмаса неге? деген сауалға жауап табу қажет.

Бесінші саты – енгізу, ол сынама болуы мүмкін, сосын толыққанды болады. Бұл сатыда сәттілік үш факторға тәуелді болады:

- жаңалық енгізіліп жатқан сол оқу орнының (немесе білім беру ортасының) материалдық-техникалық базасына;



-оқытушылар мен басшылардың біліктілігіне, олардың инновацияға қатынастарына, олардың шығармашылық белсенділіктеріне;

-ұжымдағы моральдық-психикалық ахуалға (кикілжің деңгейі, қызметкерлердің ұйымшылдық деңгейі, мамандар тұрақтылығы, олардың еңбегінің қоғамдық бағасы және т.б.). В.И. Добрынина мен Т.Н. Кухтевич жоғары мектепке жаңалық енгізу басым деңгейде «оқытушы – студент» және «оқытушы – оқытушы» линиялары бойынша жоғары дау дамай кедергісі болады [4, б. 18].

Инновация-педагогикалық процеске оқыту мен тәрбиенің жаңа тұжырымдамаларын, оқу жоспарларын және бағдарламаларын, түрлерін, әдістерін, құралдарын енгізіп, мақсатқа жету. Инновациялық үдеріссіз мектептің дамуы мүмкін емес. Инновациялық мектептердің мақсаты-жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Н.Нұрахметов инновацияны мынадай топтарға бөледі:

1. Білім мазмұнындағы инновация;
2. Оқу-тәрбие процесінің әдістемесі, технологиясы, түрі, әдістері және құралдарындағы инновация;
3. Оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудағы инновация;
4. Мектептегі басқару жүйесіндегі инновация.

Жаңалықтан кейін болған өзгерістердің сипатына қарай топталған инновациялық түрлері:

-жеке, бір-бірімен байланысы жоқ;

-модульдық (бір-бірімен байланысты): бір-біріне жақын пәндерге және жас деңгейлері бірдей оқушылармен жүргізілетін оқу-тәрбие жұмыстарына енгізілген жаңалықтар;

-жүйелі: барлық мектептерде болатын өзгерістер.

Инновациялық түрлері: модификалық, комбинаторлық, түбірлі.

Модификалық инновация-педагогикадағы әдіс-тәсілдерді жетілдіру. Мысалы: А.С. Макаренконың қиын балаларды тәрбиелеу әдістерін А.Ысқақов осы заманға лайықтап қолданды. Комбинаторлық инновация- белгілі әдістердің элементтерін бір-біріне қосу. Түбірлі: мектепке білімнің мемлекеттік стандарттарының енгізілуі.

Инновациялық іс-әрекет-қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайына сай мектеп жұмысын дамытатын, мектеп өміріне оң өзгерістер әкелетін іс-әрекет. Әрбір мұғалім өзінің оқу-жұмысын дамыту үшін түрлі құралдар арқылы өзінің іс-әрекетін саналы түрде өзгертеді.

Инновациялық іс-әрекетке орта да әсер етеді. Мектеп жаңалықтың себебін, жобасының дұрыстығын дәлелдеп, жаңалыққа мұғалімдерді, оқушыларды, ата-аналарды қызықтыра білгені жөн. Инновациялық үрдісті күшейтін бес фактор:

Мектеп басшыларының шығармашылығы, оқытудың жаңа технологияларын жасауға қабілеттілік, педагогикалық процеске қатысушылардың бір-бірімен өзара әрекеті және қарым-қатынасы, әлеуметтік-экономикалық жағдай, инновациялық үрдіске қатысушылар: бастама көтерушілер, көмектесушілер, қарсы тұрушылар [5, б. 55].

Инновацияны тиімді енгізудің әлеуметтік-психологиялық факторлары. *Инновациялық үдерістің әр сатысында оны тежейтін, не алға ынталандыратын, не бұл үдерістің түрін өзгертетін әлеуметтік-психологиялық факторлар орын алады.*



Факторлардың бірінші тобы – бұл ортаның объективті факторлары. Оларға жатады:

1. Интенсивті, сонымен қатар экстенсивті болатын ұйымның инновациялық саясаты.

2. Өндірістің типі мен сипаты. Өндіріс технологиясы күрделі болған сайын жаңалықтарды енгізу қиындықтары да ауқымды болады.

3. Өндірістің экономикалық жағдайы. Т. Питерс және Р. Уотерменнің айтуынша, материалдық емес өндіріс сферасында қызметкердің идеологиялық және мотивациялық ұстанымдары маңызды болып табылады.

4. Нақты өндірістің ерекшеліктері (кәсіби дәстүрлер, еңбек іс-әрекетінің мазмұны, ұжымның біліктілік құрылымы, шешілетін міндеттер сипаты).

Екінші топ – бұл субъективті факторлар. Оған кіреді:

1. Жынысы мен жасы. Әйел адамдар ерлерге қарағанда комформды, дегенмен америкалық психологтардың мәліметі бойынша телекоммуникациялық өндіріс саласындағы құндылықтар мен көзқарастардың түбегейлі өзгеруіне ықпал етті.

2. Тұлғалық қасиеттер. Инновацияны енгізуге ықпал ететін қасиеттерге тәуекелге бел буушылық, қызметтік өсуге ұмтылыс, жоғары кәсіби құзыреттілік, жаңалыққа құмарлық жатады. Дәл осы қасиеттерді психологтар «новатор тұлға» ұғымына енгізеді.

3. Біліктілік және білім. Прогрессивті типті ұйым жетекшісіне басқару саласындағы білім мен шет тілдерін білу маңызды.

Тізбектелген сипаттамалар инновациялық үдерістің ұсынушылары мен жүзеге асырушыларына да қажет, ал бұл рөлде ұйым басшысы болуы шарт. Р.Л. Кричевскийдің пікірінше, инновациялық саясатты сәтті өткізу үшін инновациялық үдерісті орындаушыларға қатысты жәйттер:

- Қызметкерлердің білім деңгейі және мамандарды арнайы әзірлеу мен қайта даярлау жүйесінің болуы;

- Адамдардың ақпараттың байланыстары мен хабардарлығы, яғни олардың жаңалық енгізуге байланысты адекватты ақпаратты алулары;

- Жаңалықты ұйымдастырушыларға байланысты қызметкерлердің жаңалықты енгізуге мотивациялары, бағыттылығы.

Білім беру инновацияларын орта мектептерге енгізудің басты кедергісі мұғалімдердің сапалық құрамы мен кәсіби құзыреттілік деңгейлері. Мысалы, оқытудың жаңа технологиялары мектеп мұғалімінен (өз пәнінен кәсіби құзыреттілігінен басқа) педагогикалық шеберлікті талап етеді. Мұғалімнен дамыта оқыту технологиялары талап ететін педагогикалық білімдер:

- Оқыту мен тәрбиелеу мақсаттарын диагностикалау іскерлігі;

- Оқу пәнін терең, жүйелі және оның ғылыми негіздерін білу;

- Оқу материалын қайта құрылымдау, бір ғана сабақ емес, тұтас тақырыпты индуктивті мазмұндаудан логикалық индуктивті-дедуктивті проблемалық мазмұндай білу;

- Оқушыны өмірге даярлау, бағыт беруде оқу үдерісін моделдеу (оның мақсатын, мазмұнын, оқыту формасын, әдістері мен тәсілдерін);

- Оқушының өзбеттілік жұмысын ұйымдастыра білу;

- Оқытудың белсенді әдістерін еркін меңгеру;

- Оқушы мен мұғалім ынтымақтастығы, қолайлы психологиялық ахуалды қамтамасыз ету.



Педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік әдебиеттерді талдау барысында мұғалімнің инновациялық іс-әрекеті деген ұғымның бірнеше жолын анықтауға мүмкіндік береді:

инновациялық іс-әрекет мұғалімнің жеке тұлғасының даму тұрғысынан қарағанда іс-әрекетке деген қарым-қатынастың, іс-әрекет түрлерінің ауысуын ұсынатын өзіндік сана нәтижесі ретінде қарастырылады.

тұлғаның танымдылық белсенділік тұрғысынан алғанда инновациялық іс-әрекет «инновациялық, шығармашылық әлеуеттің» қайнар көзі ретінде көрінеді.

педагогикалық іс-әрекеті тұрғысынан идеалды әдістемелер мен бағдарламаларды іздеу, оларды оқыту тәжірибесіне енгізу, жаңалықтарды игеру үдерісі, шығармашылық іс-әрекеттің өнімі, озат тәжірибелер [6, б.21].

Педагог инновация субъектісі ретінде. Инновация тағдыры тікелей субъектінің оған қатынасына тәуелді болғандықтан инновация субъектілері туралы мәселе маңыздылыққа ие. Субъект – бұл қоршаған ортаны танушы және қайта жасаушы, сана мен ерікке ие адам ғана емес, сонымен бірге өз белсенділігін ұйымдастыра алуға қабілетті тұлға. «Тұлғаның өз белсенділігін ұйымдастыруы мобилділігіне, іс-әрекет талаптарына сәйкестігіне, басқа адамдар белсенділігімен үйлесуіне тоғысады. Бұл жәйттер тұлғаның іс-әрекет субъектісі ретінде маңызды мінездемесін құрайды. Олар жүзеге асыруға қажетті іс-әрекетті, психологиялық сапаларды реттеудің жеке тұлғалық тәсілін анықтайды» [7, б.189].

А.И. Пригожин инновация субъектісінің маңызды сипаттамасы – бұл оның әрекеттік өздік санасы, яғни жеке инициативасы субъективті мүмкіндігі мен жеке тіршілік етуінің қоғамдық қабылдауының негізі екендігін түсінуі екендігін атап өтті. Автор субъективтілікті мақсат пен оны жүзеге асырудың бірлігін бір тұлғада тоғысуын ұсынады. Субъект іс-әрекет тиінін, басқа субъектілер арасынан өзіне нақты рөлді таңдауға, жеке мақсаттары мен оған жету тәсілдерін жасақтауға қабілетті оған әрекетшіл тұлға. Оны өз тағдырын, өмір сүру дағдысы айқындауға тілегі мен нақты тәуелсіздік және құзыреттілігін кеңейтуге талпынысы арқылы ажыратады. Бір уақытта субъект қандай да бір біріккен іс-әрекеттің авторы мен орындаушысы, субъектаралық қатынастарда серіктес болады» [8, б. 77]. Субъектінің мұндай түсінігіне А.И. Пригожин тәуелді орындаушыны қарсы қояды, ол өз құзыреттілігін басқалардан алушы және оны берілген көлем мен режимде жүзеге асырушы.

Инновациялық іс-әрекет әрдайым әлеуметтік ортаны өзгерту қажеттілігімен байланысты. Адамдар өмірге деген талап, тілектерін қайта бағалау, көптеген жәйттерге және өзіне көзқарасын өзгерту, жаңа тұлғааралық және әлеуметтік қатынастарды өзгерту қажеттілігі алдында болады. Жаңа әлеуметтік байланыстарды орнықтыру, педагогикалық қоғамдастықта жаңаны енгізуде мәртебеге ие болу ортаның агрессивтілігін, материалдық-техникалық және психологиялық қиыншылықтарды жеңумен қатарлас жүреді.

Педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерінің өсуінің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары:

Оқыту технологиясының психологиялық-педагогикалық негіздерін тұжырымдамалық ұғынуы;

Технологиялық тиетегі оқу үдерісінің жүйесін құраушы компоненттерін түсінуі;



Өз іс-әрекетіндегі тиімсіз тәсілдерді ұғыну, талдау және жою;

Практикалық тәжірибесінде инновациялық технологиялардың формалары, әдістері мен тәсілдерін қолдану;

Оқыту сапасын өздік талдауы, сынып бөлмесіндегі оқытудың дәстүрлі тәсілдерін жоюға бағыттылығы;

Құндылық бағдары өзгерту, кәсіби іс-әрекетіндегі таптаурындарды анықтау және жою.

Мұғалімнің инновациялық іс-әрекетінің өлшемдерінің сипаттары: мотивациялық шығармашылық бағыт, жаңалықтар енгізуге технологиялық дайындығы, өзін-өзі басқару қабілеттілігі. Осының ішіне басқарудың жаңа құндылықтары мен мақсаттары, басқарудағы жаңа енгізулер, дамыту бағдарламасын, түрлі типтегі оқу жоспарлары мен оқыту бағдарламаларды әзірлеудегі технологиясы мен әдіснамасы, білім беру субъектілерін әлеуметтік-құқықтық қорғауы, педагогикалық кадрлардың аттестациялануы да жатады.

Оқушы инновация субъектісі ретінде. Әдебиеттерді талдай отырып, технологияларды енгізу арқылы тек оқыту сапасын ғана арттыру емес, сонымен бірге оқушылардың ақыл-ой еңбегі мәдениеті мен өзбеттілігін, белсенділігін көтеруге болады, оқушы мен мұғалімнің құндылық бағдары мен мотивациялық тұғырларын өзгертуге болады.

Тұлғалық-бағдарлы технологиялардың барлығы адам санасын өздік ұйымдастырылуы синергетикалық постулатына негізделген. Осы технологиялар сананы ояту, өздік ұйымдастырудың тұлғалық әлеуетіне бағдар көрсетуге жағдай туғызады. Мысалы, модулдік технология авторлары жұмыстарында (П. Юцявичене, М.А. Чошанов, Т.И. Шамова, П.И. Третьяков, К.Жанпейсова және т.б.) оқу курсының модулдік құрылымы берілген ғылымды өз бетімен игеруге түрткі болады, әлем туралы жеке түсінік, сезім мен эмоцияларды ой елегінен өткізуге мүмкіндік беретінін ашық айтады [9, б. 52].

Оқушының оқу іс-әрекеті оның тұлғалық мотивациялық сферасына байланысты анықталады. Бүгінгі психологтар мотивация туралы еңбектеріне сүйене отырып, тұлғаның мотивациялық сферасы астарынан тұлғаның бағытын білдіретін және белгілі бір иерархиясы бар тұрақты мотивтер жиынтығы деп қарастыруға болады, ал мотив белгілі бір қажеттілікті қанағаттандырумен байланысты тұлғаның белсенділікке (іс-әрекеті, қарым-қатынас, мінез-құлық) ішкі түрткісі. Әдебиеттерде (С.М.Бондаренко, А.К.Маркова, Ю.М.Орлов, А.А. Реан, Н.И.Симонова және т.б.), оқу іс-әрекетіндегі басты екі мотивация типі бар деп көрсетіледі. Олар жетістікке жету және танымдық мотивация. Оқушылардың үлгерімі тек табиғи қабілеттеріне байланысты емес, оқу мотивациясының дамуына байланысты болып табылады.

Инновациялық технологияға негізделген оқыту үдерісінде оқушы тұлғасының қалыптасуының ұйымдастыру-педагогикалық шарттарының жиынтығын жасақтауға болады. Олар:

- оқытудың мақсаты мен міндеттерін түсіну және қабылдау оқу мотивациясын арттырады;
- ақыл-ой еңбегінің технологиялық шараларын ұғыну;
- технологиялық еңбек тәсілдері мен шараларын игеру;
- технологиялық карталармен жұмыстану барысында өз бетімен білім мен тәрбие алу;



- оқу үдерісіндегі қиыншылықтар мен кедергілерді құзыретті және оптимисті жеңе білу;
- іс-әрекет тәсілдері мен жүйелі жинақталған білімді дамыту: сындарлы, ұйымдастырушылық, коммуникативті, гностикалық;
- ынтымақтастыққа, ұжымшылдыққа және жаңаны қабылдау қабілетін дамыту;
- оқу іс-әрекет сферасында мазмұндық және орындаушылық өзбеттілікті қалыптастыру.

Инновациялық технологиялар негізінде оқыту педагог-новаторлар тәжірибесіне сүйене отырып, оқу үдерісінде оқушыларды төмендегі өзгерістер болады деп айтуға болады:

- енжар, тұтынушы ұстанымынан белсенді, жауапкершілігі артқан оқушыға ауысу, оларда өз оқуына деген жауапкершілікті алуға даярлықты байқауға болады;
- өз беттілік деңгейінің тез өсуі (мазмұндық және орындаушылық);
- оқу білігін игеруі (оқушыларда жүйелі білім және іс-әрекет тәсілдері пайда болады);
- зерттеушілік, шығармашылық деңгейдің артуы;
- ынтымақтастыққа, ұжымшылдыққа, жаңа технологияларды қабылдау қабілеттері дамиды (әлеуметтік қатынастар және әлеуметтік мәдениетке адекватты тәсілдік әрекет ету қабілеті көрінеді);
- зерттеушілік міндеттерді шешуге әзірлік пен мотивацияның өзгеруінен құзыреттілік сезімі мен өздік өзектенудің пайда болуы.

Қорыта келе, білім беру ұйымына инновациялық үдерісті тиімді енгізу үшін сол үдеріске қатысушылардың субъектілеріне қойылатын талаптардың орындалуын қадағалауда, жүзеге асыру сатыларында педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық шарттардың орындалуын басты назарға алу маңызды болып табылады.

Әдебиеттер

1. Ильина Н.А. Отношение к нововведениям в производственном коллективе: Автореф. ... канд. дис., Л., 1985.- с. 45
2. Мескон М.Х., Альберт М., Хедоури Ф. Основы менеджмента /Пер. с англ.- М., 1992.-с. 187
3. Кулемзина А.В. Модель выбора образовательной стратегии в условиях современного социокультурного кризиса // Образование в Сибири. - 1996.- №1.-с. 112
4. Добрынина В.И. , Кухтевич Т.Н. Социальные конфликты в высшей школе М., 1993.- (Система воспитания в высшей школе: Обзорная информация / НИИВО; вып.3).-с.162
5. Балыкова А.С., Кочегарова С.С., Тюрина Н.А., Бутакова Ю.О. Инновации в образовании: учебное пособие для вузов. – Иваново: Корпус 7, 2011.-с. 255
6. А.Т. Шарипбаева. Аймақтық білім беру жүйесіндегі инновациялық процестерді басқару. ХҒПК, Орал, 2008- с. 290
7. Абульханова-Славская К.А. Стратегия жизни.- М.: Мысль, 1991.-с. 210
8. Пригожин А.И. Нововведения: стимулы и препятствия. Социальные проблемы инноватики.- М., 1989.-с. 192



9. Юцявичене П. Теория и практика модульного обучения.- Каунас: Швиеса, 1989. –с. 230

А.Г. Муханбетчина, К.Ш. Шамуратова

Социально-психологические аспекты внедрения педагогической инновации

Статья освещает аспекты социально-психологических и педагогических инноваций в период обновления и развития содержания образования, раскрывает этапы инновационного процесса, условия его применения и требования к субъектам.

Ключевые слова: инновация, педагогическая инновация, процесс, субъекты, социально-психологические факторы, мотивация, профессиональная компетентность.

A. Muhanbetchina, K. Shamuratova

Social-psychological aspects of the introduction of pedagogical innovation

This article has pedagogic introduction of development and renew period of pedagogic innovations in educational system, degree of innovation process in social-psychological aspects, terms of use, involved requirements subject of participation.

Key words: innovation, pedagogic innovation, process, subjects, social-psychological factors, motivation, professional competence

УДК: 811.512.122

А.С. Нуева - №35 мектеп-лицей

мұғалімі, Орал қаласы

E-mail: ainah03@mail.ru

ОРЫС СЫНЫПТАРЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Аннотация. Мақалада орыс сыныптарында қазақ тілін оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану туралы сөз болады.

Түйін сөздер: ақпараттандыру, қазақ тілін оқыту, әдістемелік, жаттанды оқу, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, оқу үрдісін ұйымдастыру, жұмыс түрлері, оқытудың құралы, танымдық әрекетін дамыту.

Қоғам мен білім беру жүйесін ақпараттандырудың қазіргі кезеңі дербес компьютерді қолданудан коммуникацияның дербес құралына көшумен сипатталады. Сондықтан да Қазақстандағы білім беру кеңістігі үшін компьютерлік желілер мен интернет технологияларды терең меңгеру өзекті маңызға ие болды (актуальное значение приобретает).

Ақпараттық қорлардың қол жетімділігі, қазіргі ғаламдық компьютерлік желілердің сипаты ретінде бүгінгі адамзаттың іс-әрекетінің тиімділігінің шешуші факторларының біріне айналып отыр. Сол себепті де адамдардың күнделікті практикалық іс-әрекетіне коммуникациялық технологияларды енгізу білім беру жүйесін айналып өте алмайтыны, әрі осы салада оларды меңгерудің объективті қажеттілігін тудыратыны сөзсіз.

Дегенмен компьютерлік технологиялар мен ғаламдық компьютерлік желілерді мектептегі оқу үрдісінде қолдану туралы зерттеулердің аздығын да айта кеткен жөн болар (бұл мәселе туралы көбіне информатика пәні мұғалімдерінің мақалаларын кездестіреміз).



Дей тұрсақ та орыс сыныптарындағы оқушыларға қазақ тілін үйретуде дәстүрлі әдістер мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланып оқытуды салыстырар болсақ, төмендегідей нәтижелерді байқаймыз:

- оқушылардың тіл үйренуге деген қызығушылығының жоғарылауын;
- олардың қазақ тілін үйренуде орташа білім деңгейлерінің және өзге де көрсеткіштерінің өсуін;
- қазақ тілінде сыни және проблемалық ойлау деңгейлерінің жоғарылауын;
- мұғалім мен оқушы арасындағы қазақша қарым-қатынас пен пікірталастың артқанын;
- қазақ тілін оқытудың тиімділігі мен өнімділігін;
- қазақ тілін үйретуде жаңа бөлімдер мен әдістерді енгізу, дидактикалық құралдарды пайдалану арқылы курс көлемін ұлғайту мүмкіндігін.

А.А. Веряев «Об использовании Internet-класса в качестве средства обучения» деген еңбегінде жоғарыда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланып оқытудың біз атап көрсеткен жетістіктерімен қатар мұны оқытуда қолданудың шектеулілігін де атап көрсетеді. Мысалы:

- пәнді оқытуға байланысты алғашқы дағдының қажеттігі;
- техникалық құрылғылармен жұмыс жасаудың және бағдарламалық камтамасыз етілудің қиындықтары, бұл технологияларға сабақ кезінде тұрақты қол жеткізу мәселесі;
- кейбір оқушыларда байланысқа бейімділік пен мәтінді жылдам теру дағдысының болмауы;
- көзбе-көз байланыс орнатудың болмауы, т.б.

Сонымен қатар ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану барысында компьютерлік дағдының ең төменгі деңгейін меңгергендерге айналасындағылардың жағымсыз қарым-қатынасын тудырмау үшін компьютерлік желілерді толығырақ қолдануды үйрету үшін қосымша оқытуды қажет ететінін де ескертеді [1].

Оқу үрдісіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу әлі де болса шашыраңқы болып отыр, мысалы, бір технологияны белсенді кең көлемді қолданатын авторлық бағдарламалар түрінде (интерактивті бейне еліктеме, аудио жазба, электронды пошта, компьютерлік тұсаукесерлер, теле және бейне конференциялар). Мұндай кең көлемділік, қымбат немесе кең таралмаған бағдарламаларды пайдалану оларды іс жүзінде қолдану мүмкіндігінің жоқтығына немесе осы бағдарламаларды үйренетін оқушы мен мұғалімдердің уақытын алумен қатар, білім беру мекемесінің бұл үшін көптеген қаражат жұмсауына да алып келеді. Мұны мықты теориялық базаның жоқтығы мен тиісті жобалардың жеткілікті үйлестірілмеуімен түсіндіруге болады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды әдістемелік жағынан дұрыс қолдану жобаны жүзеге асыру барысында оқушының мәтінді жаттанды оқуын таныммен ауыстыра отырып оқыту үрдісін өзгертуге мүмкіндік береді. Мұндай таным ең алдымен әлемді қабылдау мен жете түсінуге бағытталған, әрі оқытудың жаңа технологиясының әмбебап бөлігі



бола алады. Бұл жағдайда оқу материалын меңгерудің дәстүрлі әдісі екінші кезекке көшеді. Дегенмен шектен шығып, ұсынылатын материалды барынша қысқартып, оқушы танымына негіз болатын кейбір іргелі материалдарды назардан тыс қалдыруға болмайды. Қазір европалық білім беру жүйесінде қалыптасқан осындай жағдай көптеген мемлекеттер мен білім министрліктерінің алаңдаушылығын тудырып отыр.

Солай бола тұрса да ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланып оқу үрдісін ұйымдастыру мен жобалаудың оңтайлы тәсілі:

- білім алушының түрлі іс-әрекетін ұйымдастыруға ерекше көңіл аударуға мүмкіндік береді;
- оқыту режиссері мен педагог-менеджер роліндегі мұғалімнен оқу материалын баяндауды емес, білім алушыларды белсенді танымдық әрекетке тарта білуді талап етеді;
- материалды оқытудың мақсаты ретінде ғана емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру құралы ретінде пайдаланады;
- білім алушыға мұғаліммен қатар іс-әрекет субъектісі ретінде көрінуге мүмкіндік береді, әрі білім алушының тұлғалық дамуы маңызды білімдік мақсаттың бірі болып табылады.

Дидактикалық үрдістің тиімділігі көбіне дәстүрлі түрде оқытудың ұйымдастыру әдістері мен түрі деп аталатын, белгілі бір деңгейдегі нақты педагогикалық технологияларды таңдау және оны кәсіби түрде жүзеге асырумен анықталады. Ақпараттық – коммуникациялық технологияны пайдаланып өзге тілді үйрету технологиясын жобалаушы мұғалімнің іс-әрекеті өзінің алдында тұрған дербес міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін оқытудың әдістері, түрлері мен амалдарына байланысты болады және негізгі үш құрамдас бөлікпен сипатталады: басқару түрі, ақпаратты жеткізу амалының түрі (электронды және қағаз тасымалдаушыда) және танымдық іс-әрекетті басқару.

Алайда кейбір мұғалімдеріміз оқытудың технологиясы мен құралын шатыстырып алып жататын жағдайларын жиі кездестіріп жатамыз. Мысалы, <http://collegv.ucoz.ru> сайтында жарияланған КММ «№7 жалпы орта білім беретін мектеп-лицейінің» қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері В.К.Балтабаева мен У.А.Джакимбаевалардың «Білім сапасын ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы арттыру» мақаласында: «Көптеген жаңа технологиялармен қатар соңғы кездері қазақ тілі және қазақ әдебиеті сабақтарында ақпараттық технологиялар жиі қолданылуда. Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру процесі. Бұл процесті іске асырудың негізгі құралы компьютер болып табылады. Енді, осы ақпараттық технологияларды жүзеге асырудағы жұмыс түрлеріне тоқталып өтейік.

Ақпараттық технологиялардың бірі – интерактивтік тақта, мультимедиялық және он-лайн сабақтары. Өзіміз қызмет жасайтын мектепте жаңа ақпараттық технологияларды қолдану кеңінен қарастырылған. Мектеп кабинеттерінде интерактивті тақта орнатылған. Сондықтан бұл тақтамен әр сабақты қызықты өткізуді ойластырып, жоспарлаймыз», - деп көрсетілген [2]. Аталған мұғалімдер интерактивті тақтаны ақпараттық технологиялардың бірі ретінде қарастырады. Өз басым бұл пікірмен келісе алмаймын, себебі интерактивті тақта оқыту технологиясы бола алмайды, ол тек оқытудың құралы ғана. Бұл орайда Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы №221 Аққұм мектебінің информатика пәнінің мұғалімі Н.Ж.Садыбаеваның



<http://kk.convdocs.org> сайтындағы «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың білім беру саласын дамытудағы ролі» мақаласындағы: «Мұғалімге жаңа материалды өте қызықты әрі түсінікті етіп түсіндіру үшін керекті ең бірден-бір құрал бұл – интерактивті тақта. Интерактивті тақтаны пайдалана отырып, жаңа сабақ барысында қосымша қызықты материалдарды ұсынуга, көлемді қиын тақырыптарды тірек-сызбалар арқылы жеткізуге, өзінің жаңа идеяларын әсерлі, тартымды етіп көрсетуге болады. Интерактивті тақта өзінің аты айтып тұрғандай мұғалім мен оқушылар арасындағы белсенді қарым-қатынасты қалыптастырады. Топпен, жекелей жұмыс жасауға зор ықпалын тигізеді. Алдын-ала дайындалған презентациялар, графикалық сызбалар, мәтіндік ақпараттар, бейне және аудио материалдар, алдын ала үйлестірілген жаңа сабақты меңгертуге арналған ойындар, гиперсілтемелер арқылы сабақтың оқушы үшін қызықты да, тартымды өтуіне көмегін тигізеді», - деген пікірін өте орынды деп санаймыз [3].

Қалай болғанда да қазақтан шыққан тұңғыш педагог Ы.Алтынсариннің сөзімен айтқанда: «Халық мектептері үшін ең керектісі – оқытушы. Тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілген инспектор бақылау да оқытушыға тең келе алмайды». Бүгінгі білім беру саласында кеңінен енгізіліп жатқан жаңа технологиялардың барлығы да мұғалім жұмысын ұйымдастырудың, оқытушылардың танымдық әрекетін дамытудың құралдары ғана. Олар еш уақытта да оқушы үшін мұғалімді алмастыра алмайды. Сондықтан да бүгінгі мұғалім ақпараттық-коммуникациялық, компьютерлік технологияларды дидактикалық және психологиялық жағынан талдап, оларды қажетті кезінде оқу үрдісінде педагогикалық талаптарға сай қолдана білуі керек. Мұғалім компьютерді, интерактивті тақтаны және тағы да басқа құралдарды сабақтың мазмұнын байыту, түрлі қосымша ақпараттар мен мәліметтерді беру, сан алуан бейне, аудио материалдарды, түрлі сызбалар мен тірек кестелерді көрсету, бір сөзбен айтқанда оқушылардың қызығушылығын тудыратын, оларға қосымша білім беру үшін көрнекі құрал ретінде пайдаланады.

Бүгінгі күні өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретуде қолданылып жүрген электронды оқулықтар уақыт үнемдеуге септігін тигізеді және мұғалімнің көмегінсіз оқушыларға өздері меңгеруге тиісті ақпараттарды бере отырып, олардың өз бетімен жұмыс жасау дағдысын қалыптастыруға септігін тигізеді.

Қорыта айтқанда, оқу үрдісінде қолданылып жүрген ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – мұғалімге өз жұмысында оқытудың әдіс-амалдары мен түрлерін түбегейлі өзгертуге, оқушыларды өз бетімен жұмыс жасауға үйрете отырып, олардың жеке қабілеттерін дамытуға, оқытудағы пәнаралық байланысты күшейтуге, оқу үрдісін ұйымдастыруды үнемі жаңартып отыруға жағдай жасайды, әрі бұл технологияның ерекшелігі мұғалім мен оқушының бірлескен шығармашылық жұмыс жасауына мүмкіндік береді.

Қазіргі мұғалімнің алдында отырған оқушылар заман талабына сай ақпараттанған, барлық жаңа техника мен технологиялардан хабардар балалар, сондықтан ХХІ ғасырдың ізденімпаз өскелең ұрпағын оқытып, тәрбиелеу үшін бүгінгі мұғалім де заман ағымына сай, ақпаратты технологияларды меңгеруде өз оқушыларынан бір мысқал кем түспейтін, шығармашылықпен жұмыс жасайтын, техниканың құлағында ойнайтын дәрежеде болуы тиіс.



Әдебиеттер

1. Веряев А.А. Об использовании Internet-класса в качестве средства обучения // - Межвуз. сб. Информационные технологии в процессе подготовки современного специалиста - Липецк: 1998. вып.1 ЛГПИ, - С. 42-46.
2. Балтабаева В.К., Джакимбаева У.А. Білім сапасын ақпараттық – коммуникациялық технологиялар арқылы арттыру. <http://college.ucoz.ru> сайтынан
3. Садыбаева Н.Ж. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың білім беру саласын дамытудағы ролі. <http://kk.convdocs.org> сайтынан

А.С. Ниетова

Применение информационно-коммуникативных технологий при обучении казахскому языку в русских классах

В статье рассматривается применение информационно-коммуникативных технологий при обучении казахскому языку в русских классах.

Ключевые слова: информатизация, обучение казахскому языку, методический, заучивание, информационно-коммуникативные технологии, организация учебного процесса, виды работ, средство обучения, развитие познавательной деятельности.

A.S. Nietova

Application of informative-communicative technologies on teaching kazakh in russian classes.

In article is considered an application of informative-communicative technologies of teaching Kazakh in Russian classes.

Key words: informatization, teaching Kazakh, methodological, learning by heart, informative-communicative technologies, organization of studying process, kind of works, tools of studying, development of informative activity.

УДК 373.2:378

М.Х. Темиргалиева - доцент,
декан педагогического факультета

А.С. Иргалиев – к.п.н., доцент
кафедры педагогики и психологии
E-mail: Asylbek_78@mail.ru

РЕАЛИЗАЦИЯ ИНТЕРАКТИВНОГО ОБУЧЕНИЯ В ВУЗЕ МЕТОДАМИ РАЗВИТИЯ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ

Аннотация. Рассматриваются основы инновационной модели обучения в высшей школе, сущность обучения критическому мышлению, этапы и фазы занятия с использованием методов развития критического мышления, основные 14 принципов интерактивного обучения, привлекательность интерактивных технологий.

Ключевые слова: интерактивное обучение в вузе, методы развития критического мышления, технология обучения критическому мышлению, принципы интерактивного обучения.

Современная отечественная система высшего образования стоит на новом этапе переосмысления. Переход общества к принципиально новой культуре, центр которой «все более смещается на индивидуальность и индивидуальное сознание (я думаю по-другому, но ты думаешь так, и я хочу это понять)» актуализирует образовательные технологии интерактивного типа [1, с.84].

В инновационной модели высшего образования внимание акцентируется на формировании личностно-смысловой сферы студента, где профессиональное самоопределение происходит в процессе овладения



творческими способами решения научных и жизненных проблем, развития рефлексивного мира, собственного «Я», осознания первопричин и смысла происходящего вокруг, то есть, речь идёт об умении критически мыслить.

Критическое мышление используется в ситуации принятия решения, выбора, формирования и оценивания альтернатив, прогнозов, интерпретации и оценки мнений и точек зрения, ведения переговоров и разрешения конфликтов.

Психолог Д.Халперн рассматривает критическое мышление как использование когнитивных техник или стратегий, которые увеличивают вероятность получения желаемого конечного результата. Это определение характеризует мышление как нечто отличающееся контролируемостью, обоснованностью и целенаправленностью. При этом думающий использует навыки, которые обоснованы и эффективны для конкретной ситуации и типа решаемой задачи. Указывается, что для критического мышления необходим набор ключевых навыков, включающий в себя наблюдательность, способность к интерпретации, анализу, выведению заключений, способность давать оценки. Эмоциональность, творческое воображение, ценностные установки также являются составными частями критического мышления [2, с. 40].

Технология обучения критическому мышлению включает три этапа, точно ориентированные на психологию познавательной деятельности: вызов (побуждение) - осмысление - рефлексия (таблица 1).

Таблица 1 – Этапы занятия с использованием методов развития критического мышления

Деятельность преподавателя	Деятельность студентов	Возможные приемы и методы КМ
1 фаза - стадия вызова		
Вызов уже имеющихся знаний по изучаемому вопросу, активизация студентов, мотивация для дальнейшей работы.	Студент «вспоминает», что ему известно по изучаемому вопросу (делает предположения), систематизирует информацию до ее изучения, задает вопросы, на которые хотел бы получить ответы.	Составление списка «известной информации», рассказ; предположение по ключевым словам; систематизация материала (графическая): кластеры, таблицы; верные и неверные утверждения и т.д.
Информация, полученная на первой стадии, выслушивается, записывается, обсуждается, работа ведется индивидуально - в парах – в группах.		
2 фаза - стадия осмысления		
Сохранение интереса к теме при непосредственной работе с новой информацией, постепенное продвижение от знания «старого» к «новому».	Студент читает (слушает) текст, используя предложенные преподавателем активные методы чтения, делает пометки на полях или ведет записи по мере осмысления новой информации.	Методы активного чтения: - маркировка с использованием значков «V», «+», «-», «?» (чтение с пометками); - ведение различных записей типа двойных дневников; - поиск ответов на поставленные в первой части занятия вопросы и т.д.



Непосредственный контакт с новой информацией (лекция, фильм, материал учебника, учебного пособия), работа ведется индивидуально или в парах.		
3 фаза - стадия рефлексии		
Вернуть студентов к первоначальному - предположениям, внести изменения, дополнения, дать творческие, исследовательские или практические задания на основе изученной информации.	Студенты соотносят «новую» информацию со «старой», используя знания, полученные на стадии осмысления.	Заполнение кластеров, таблиц, установление причинно-следственных связей; возврат к ключевым словам, верным и неверным утверждениям; ответы на поставленные вопросы; организация устных и письменных столов; написание творческих работ (синквейн, эссе) и т.д.
Поведение итогов занятия (рефлексия), организация обратной связи, заслушивание мнений, отношений к теме, определение степени понимания.		

Говоря об организационных особенностях технологии обучения критическому мышлению необходимо остановиться на принципах интерактивного обучения. Так, по мнению В.П. Гусакова, можно выделить следующие принципы:

1. Принцип целеполагания. Преподаватель должен иметь иерархию целей: целей всего обучения, целей на каждое занятие и каждый конкретный период жизненного цикла группы. Цели относятся как к группе в целом, так и к отдельным участникам. Они могут трансформироваться в зависимости от конкретного состава участников. Для обеспечения работы группы необходимо соблюдение групповых норм и правил, которые преподаватель доводит до участников в начальной фазе занятия. К этим правилам относятся: правило активности, правило «здесь и сейчас» и т.д.

2. Принцип установки. Принцип установки заключается в следующем: начиная учебное занятие, надо дать установку студентам на определенную тему. В психологии этот начальный элемент играет большую роль для дальнейшего разворачивания действий, воздействия и саморазвития. Для занятия должна быть выбрана одна стержневая идея, которая фиксируется в его названии. Преподавателю следует провести вводную беседу, актуализировать студентов на определенную проблему, ознакомить с тенденциями, дать информационную установку.

3. Принцип активности. Принцип активности предполагает активное и постоянное вовлечение участников в коллективную работу. Активность студента создает условия для более развитой внутренней мотивации, формируя тем самым благоприятные условия для того, чтобы материал был не просто воспринят, но и усвоен по существу, заинтересованно. Участие каждого студента (вовлеченность) в коллективной работе аудитории позволяет сконцентрировать умственные и эмоциональные усилия участников на анализе и осмыслении происходящих в группе явлений. Главное правило - запрет высказываний: «я не могу», «я не знаю».

4. Принцип диалога. Диалог - это основа интерактивного общения, позволяющая повышать активность студентов. Диалог в процессе обучения является своего рода цепочкой к мысли и ведет к дальнейшему разворачиванию других элементов деятельности. В диалоге студенты могут поделиться опытом, который является открытием для других.



5. Принцип сочетания коллективной и индивидуальной самостоятельной работы студента в учебно-познавательном процессе. Интерактивное обучение требует сочетания коллективной (работа группой, подгруппой, в парах) и индивидуальной форм обучения. Групповая форма выполняет важную социально-педагогическую функцию - она помогает воспитывать коллективизм, дружбу, товарищество, чувство взаимопомощи, способствует развитию здорового общественного мнения, формированию нормальных взаимоотношений в коллективе, активизируя коллективные формы учебного процесса. Индивидуальная работа, актуальная при кредитной технологии обучения - развивает интересы, мотивацию, дарования каждого из студентов, при этом внедряется гуманистический подход.

6. Принцип проблемности. Участвуя в упражнениях, деловых играх, групповых дискуссиях, члены группы должны приобретать знания, умения, навыки, путем преодоления трудностей, эмоционально переживая ситуации. Получение знаний должно быть пережито каждым участником и стать его личным опытом (рефлексия).

7. Исследовательский принцип. Обучение организуется таким образом, чтобы любая ситуация, моделирующая управленческую деятельность, являлась доступным предметом исследования для группы. Группа (5-6 человек) исследует ситуацию и находит правильное решение самостоятельно. Преподаватель лишь способствует этому, но не предлагает готовых решений. Студенты к решению проблемной ситуации и к выводам приходят самостоятельно.

8. Принцип моделирования. Моделирование ставит перед студентами серьезную проблему, которую они должны решить в предложенной обстановке, где они вместе с однокурсниками играют определенные роли, встречающиеся в реальной жизни. Моделирование вовлекает студентов в абстрактную или вымышленную ситуацию, которая представляет собой упрощенный, но живой пример реального события.

9. Принцип свободного пространства. В помещении для занятий должна быть создана возможность свободного перемещения, передвижения участников занятия, их расположения по кругу, объединения в микрогруппы (по 3-5, 7-8 человек) и индивидуального уединения. Исходя из этих позиций, желательно внедрить в аудиторных условиях свободное перемещение студентов при выполнении самостоятельных заданий.

10. Принцип новизны. Для поддержания активности участников обучения необходимо обеспечивать в каждом последовательных деловых играх, каждом упражнении и дискуссиях новизну, как в содержательном, так и в формальном плане. Новизну обеспечивать путем смены партнеров в различных видах внутригруппового взаимодействия.

11. Принцип обратной связи. Для объективации поведения используется обратная связь в реализуемом поведении участника группы. Обратная связь обеспечивается с помощью просмотра видеозаписи групповых событий и высказывания мнений другими членами группы. Когда обратная связь идет от группы, то у объекта этой обратной связи появляется возможность объяснить, например, отрицательную оценку его деятельности, необъективности партнеров.



12. Принцип диагностики. Преподаватель должен постоянно осуществлять диагностику группы (состояние, сплоченность, активность и т.д.) и каждого студента и то, как далеко группа продвинулась в развитии. Результаты диагностики необходимо не только для совершенствования процесса обучения, но и для самосовершенствования методики интерактивного преподавания.

13. Принцип рефлексии. Рефлексию собственных действий и целей необходимо осуществлять, опираясь на результаты диагностики, затем можно планировать свои действия на следующий этап. Причем вначале ставится определенная цель, затем выбирается средство ее достижения.

14. Принцип успешности завершения дела (принцип позитивизма. После каждого проведенного занятия в заключение необходимо проводить коллективную оценку успешности учебно-тренировочных событий за текущую встречу. Вербализация всеми участниками положительных отзывов повышает мотивацию в дальнейшей работе и общую ответственность [3].

Как опытные, так и начинающие преподаватели вузов все чаще обращаются к интерактивным технологиям обучения, что продиктовано необходимостью перехода вузовского образования на новую образовательную парадигму (от «образования на всю жизнь» к «образованию через всю жизнь»). Привлекательность интерактивных технологий, в особенности стратегий критического мышления, заключается в диалоговой форме общения, использовании различных видов приемов, методов, позволяющих студенту понять актуальность темы, глубоко осмыслить материал, приобщиться к опыту использования новых знаний, умений и навыков. Для преподавателя - это «облегченность» в организации занятий (т.к. имеется готовый перечень методов), переосмысление образовательной философии, новый подход к процедуре целеполагания, отбора учебного материала, системе оценивания. Обозначенные параметры успеха следует рассматривать в качестве составляющих образовательной среды современного вуза.

Литература

1. Педагогика и психология высшей школы. Учебное пособие. - Ростов н/Д.: Феникс, 2002.
2. Халперн Д. Психология критического мышления.- СПб.: Питер, 2000.- 512 с. ISBN 5-314-00122-5, ISBN 0-8058-0295-9.
3. Инновационные методы обучения в высшей школе [Электронный ресурс]: учебно-методическое пособие / В.П. Гусаков [и др.].- Петропавловск: СКГУ им. М. Козыбаева, 2007.- 92 с.

М.Х. Темиргалиева, А.С. Иргалиев

ЖОО-да интерактивті оқытуды сыни тұрғысынан ойлау әдістері арқылы жүзеге асыру

Мақалада ЖОО жағдайындағы интерактивті оқыту технологиясының ұйымдастыру ерекшеліктері, сыни тұрғысынан ойлауды дамыту әдістері мен технологиясы, интерактивті оқытудың негізгі қағидалары қарастырылған.

Түйін сөздер: ЖОО-да интерактивті оқыту, сыни тұрғысынан ойлау әдістері, сыни тұрғысынан ойлауға үйрету технологиясы, интерактивті оқытудың қағидалары.

M.H. Temirgaliev, A.S. Irgaliev

Realization interactive education in high school by methods of the development of the critical thinking

In article are considered particularities to organizations interactive education in high school, methods and technology of the development of the critical thinking, principles interactive education.

The keywords: interactive education in high school, methods of the development of the critical thinking, technology of the education to critical thinking, principles interactive education.



УДК 821(470)

N. Safronova – the tutor,
the candidate of philological Sciences
Gorlovka Institute of foreign languages
« Donbass state pedagogical University »

THE METHAPHYSICAL MOTIVES IN JOSEPH BRODSKY'S «MARBLE»

Abstracts. The article is devoted to the problem of study of play «Marble» as a dramatic result of philosophical position of Joseph Brodsky. It was considered the basic themes in play (space and time, world of things), the value of her name was analysed, the possible ending of «Marble» was offered, philosophical position of writer at the end of life was determinated.

Keywords: postmodernism, existentialism, metaphor, philosophical conception, motive of time, motive of space.

Worldview J. Brodsky is largely determined by the philosophical existentialism of S. Kierkegaard and L. Shestov, and of the existentialism 40-50-ies, the ideas that dominated in the cultural world of the epoch. It is typical the interpretation of such philosophical categories as time, space, the relationship of man with them. His philosophy resonates with the existential philosophers when they resort to artistic techniques of expressing thoughts. So, geometrically meaningful space in the works of J. Brodsky correlates with examples of geometry and stereometry with the help of which L. Shestov illustrates the existential experience of S. Kierkegaard, but his understanding of Time is quite different. In his opinion, Time has positive characteristics. It is in contrast to the static Space exempt from immobility; however, at the same Time delays «I» from himself. The loss incurred by Time is one of the most important motives of J. Brodsky's poetic philosophy.

The motive of Time in its initial essence of eternity («Autumn cry of the hawk», 1975), facing the material world resonates with the interpretation of Time of existentialists. However, J. Brodsky excludes the recurrence of the event, the ability to overcome the flow of Time for the individual, unlike S. Kierkegaard. The motive of frozen Time or compression – not physical, but the historical – time, is penetrated with motives of despair.

Existential worldview largely determines the attitude towards the existence of the hero of J. Brodsky. His hero is characterized by sense of despair, understanding the absurdity of life and alienation from the world and its rejection (the state that determines man's inner world of the twentieth century).

Joseph Brodsky is known for the modern reader mainly as the author of poetry and journalistic works, and also as a talented translator. This is because the literary works are devoted to these aspects of creativity of the writer.

But it's important to remember that J. Brodsky revealed also drama for himself. It should be noted that this discovery was not trial or spontaneous for him.



Басты кейіпкерлердің бірі «Мысықтың» (Олег Николаевич) өмірдегі негізгі қызметі – студент, болашақ журналист. Қаладағы қонақ үйлерде орын болмай (шынында олардың тілін таба алмай), түнеп шығар жер іздеп жүріп, ақыры амалы таусылып «масханаға» келеді. Басында шомбал қара милиционер өз аяғымен келген бейбаққа таң қалып «аузыңнан арақ ісі шықпайды деп», оның «далада үсіп өлемін гой, қонып шығайын»,- дегеніне құлақ аспай қуып шығады. Түнгі қонақ көп ойланбай ішіп келіп «заңды қонақ» болып рәсімімен қабылданады.

Келесі бір негізгі қаһарман «Маймыл» (Мұрат) – музыкант-педагог, үйленбеген, үйсіз-күйсіз, тұрмыстың ауыртпашылығы әбден езіп жіберген бейбақ жан. Айықтырғыш өзінің айтуынша тұрақты мекені, демалыс орны. Алғаш кіріп келгенде маймыл (Мұрат). "Пой-пой ! Бүгін бүкіл зоопарк көшіп келген бе? Ой, сабаз-ай, айуандардың жатысын-ай ! "–деп барлығына бір-бір тиісіп өтуінде үлкен сыр бар. Тіпті мына эпизод езу жигызбайды. "Айуандар"- деген сөзге намыстанып қалған Арыстанды (Орынбасар), Түлкіні (Симулянский)



былай деп жақсы қатырады. Маймыл (Мұрат). “Биыл жазда курортқа келген бір профессор осында түсіп қалды. Сол айтады: ”Адамдарды «өлім» ғана теңейді деуші еді бұрынғылар, ал бұл кезде адамдарды «вытрезвитель» теңейді”, – дейді. Так што, айғайлама, жолдас арыстан! Сен түтілі профессордың өзі де мына бізбен тең сөйлескен, әттең ондай кісілігі бар адамдар енді түсер деймісің !” – дегенінде ұлт, ұрпақ арына бататын сөз бар.

Маймыл (Мұрат) айықтырғышта күнде жататын үйі болғандықтан да оның үйреншікті орны, төсегі, аяғына киетін тәпішкесіне дейін бар, сол үшін қасындағылармен сөзге келуінде де ащы мысқыл, ауыр ой, салмақ бар. Суреткер С.Жүнісов Мұрат бейнесі арқылы өмірдегі музыкант, педагогтардың көпшілігінің үйсіз-күйсіз, айлығы тамағына әрең жететін халдерін комедиялық шығармасына арқау етіп, кеңес үкіметі заманында құпия, бәрі жақсы делініп келген тұсында да ашық айтып, шындығын әшкерелеп береді.

«Арыстан» (Орынбасар) – айықтырғышқа ойламаған жерден келіп түседі. Орынбасар Амирович өмір тұрмысынан кабинетінде төрт қабырғаға қарап артта қалғанын бір түннің ішінде сезінеді, күйінеді, еріксіз қатты ойға шомады. Пьесаның әлеуметтік мәні де осында. Бастықтың тоң мойыны әбден сіресіп қалғаны сонша, жар бере қоймайды. “Ә” дегенде аңдар айтыс-тартыс диалогтарындағы негізгі әңгіме арқауы “қоғамда, өмірде, осы кім жегіш, ішкіш, пайдакүнем” дегенде, барлық аңдар бір ауыздан шу етіп “Орынбасар Амирович” деп даурығысады. Оған арыстан кейпіндегі Орынбасар өзінің табиғи қалпына түсіп кеткенін білмей шыр-пыр болады да қалады. Күлкілі, ащы күлкі, өмір шындығы осы!

Оқиға шарықтау шегіне жетіп, “маскалы аңдар” сырласуынан шындықтың беті ашылып, осы болып жатқан, кеткен ақауларға «кім кінәлі» деген заңды сауалға тұспалмен, жобамен жауап алғандай болған сәтте айықтырғыш бастығы, капитан Хайдаров үйінде ұйықтап жатып, небір ауыр түс көріп, сандырақтап оянады. Күйеуінің жанайқайына ас үйден жүгіре басып келген әйелін көргенде одан бетер ыршып кетеді. Сөйтсе ұйқылы-ояу күйінде әйелі қолындағы нан жаятын оқтау – дубинка ұстаған милиционер болып көзіне елестейді. Жөніне енді келген капитан өз қонақтарының түгелдей айықтырғышқа түскені – тәтті түсіндегі қиялы екеніне қатты қуанып кетеді.

Екі бөлімді сатиралық комедияның көтерген мәселесі – өмірдегі шындық. Қай заманда да айықтырғыштағы оқиға барысы осы сатиралық туындының төңірегінде. Шығарма авторы қоғамдағы келеңсіз, масыл, мемлекет мүлкін қорлайтындар мен қарапайым халық басындағы трагедиялық халдің бетпердесін ашып, көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Киселев Н. Проблема русской советской комедий. – Томск, –1974; Фролов. О советской комедии. –М.:1954; Андре В. Бесчеловечная комедия (О Бальзаке). – М.:1967; Судбы жанров драматургии. – М.: 1957. В.Сахновский-Панкеев. О комедии. – М.: 1964; В.Волькенштейн. Драматургия. – М.:1969. Ю.Манн. Комедия Гоголя «Ревизор». – М.: 1966; И.Л.Вишневская. Гоголь и его комедии. –М.:1976; Вишневская А. Комедия на орбите. – М.:1979; А.Журавлева. А.Н.Островский – комедиограф. – М: –1981.

2. Байтұрсынов А. Ақ жол /Құраст. Р.Нұрғалиев/. – А.: –1991.



3. Тәжібаев Ә. Қазақ драматургиясының қалыптасуы мен дамуы: Филол. ғыл. докторы ғыл.дәреж.алу үшін жазылған диссертация. – Алматы, –1970.
4. Нұрғалиев Р. Қазақ драматургиясының жанрлық проблемалары: Филол.ғыл. докторы ғылыми дәреж. алу үшін жазылған диссертация. – Алматы. – 1982.
5. Әбілов Ж. Қалтай Мұхамеджанов драматургиясы: Филол. ғыл. кайд... дисс. –А., –1995.
6. Әбілов Ж. Қазақ комедиясының генезисі мен жанрлық негіздері. ф.ғ.д., ғылыми дәрежесі алу үшін жазылған диссертация. –Алматы. –2001.
7. Наровчатова С. Необычное литературоведение. –М: Дет.лит. –1981.
8. Сахновский-Панкеев В. О комедии. –Л-М: Искусство. –1964.
9. Киселев Н.Н. Проблемы русской советской комедий 20-30-х годов. Автореферат на соис.уч.степ.докт.филол.наук. – Москва. –1973
10. Сығайев Ә. Өмірдің өз шындығы //”Қазақ әдебиеті”, –Алматы, 4.02.1994.
11. Алпысов С. Айықтырғыштағы ағайындар //”Орталық Қазақстан” Қарағанды облыстық газеті, 19.01.1989; Сапаев Ғ. Масханадағы маскарад //”Семей таңы” Семей қалалық газеті, 6.03.1998; Құрманғалиұлы М. Мыйтрезвитель//”Сарыарқа самалы” Павлодар облыстық газеті, №12198, –1994.

Г. Кажыбаева, А. К. Шапауов, Н.К. Жусипов, А.С. Муханбеткалиев
Реальность времени в комедии
(на основе пьес 1970-1990 гг.)

Комедия является одним из основных видов жанра драмы. В статье в основе комедийных произведениях казахской национальной драматургии рассматривается проблема негативных сторон современной действительности. А также анализируется сегодняшнее, современное состояние драматической традиции, основанной видными писателями*-драматургами, стоявшими у истоков казахской комедии.

Ключевые слова: комедийное произведение, жанр драмы, персонаж, казахская национальная драматургия, комедиограф, сатира.

G. Kazhibayeva, A.K. Shaupov, N.K. Zhusipov, A.S. Muhanbetkaliev
The comedy is one of main types of a genre of the drama.

The comedy is one of main types of a genre of the drama. Comedy and today's The is a problem of negative sides of contemporary reality speculated in the article. And also the today's, current state of the drama tradition based by prominent writers-playwrights, standing at the origins of the Kazakh comedy is analyzed.

Keywords: comedy work, drama genre, character, Kazakh national dramatic art, comedy dramatist, satire.



УДК 82-2

Н.К. Жусупов – д.фил.н., профессор,
зав.кафедрой казахской филологий
Павлодарского государственного
университета им. С.Торайгырова

А.К. Шапауов – к.фил.н., и.о. профессора,
зав.кафедрой казахской филологий
Кокшетауского государственного
университета им. Ш.Уалиханова

А.С. Муханбеткалиев – к.п.н.,
зав.кафедрой казахского и русского языков
ЗКАТУ им. Жангир хана

М. Досанов - Студент Кокшетауского государственного
университета им. Ш.Уалиханова

E-mail: Bodhisattvaasken@yandex.ru

КОНФЛИКТ И ХАРАКТЕР В КАЗАХСКОЙ ДЕТСКОЙ ДРАМАТУРГИИ

Аннотация. В данной статье повествуется о конфликте и характере в детской драматургии как жанра национальной драматургии. Проблемы изучения, жанровые и художественные проблемы детской драматургии исследованы в меньшей мере, чем подобные проблемы произведений для взрослых. В статье приводится обоснование многомерности детской драматургии, ее сопоставимости с произведениями для взрослых в плане жанрового, стилистового и тематического характера.

Ключевые слова: национальная драматургия, детская драматургия, конфликт, характер, стиль, жанр, тематика.

Изучение казахской детской драматургии началось с опозданием, но в жизни это занимает особое место. Тема, вес, жанровая нагрузка, художественность, конфликт персонажей, характеры, драматические образы, драматические ситуации пьес, посвященных детям, нисколько не уступают пьесам, написанным для взрослых. Вместе с тем можно сказать, что нет пьесы, в которой бы не участвовали и не отличались своими особенностями дети.

Художники слова А.Табылдиев, С.Жунусов, К.Баянбай стоят в ряду тех писателей, кто внес вклад в детскую драматургию. Если юное поколение – будущее страны, то влияние искусства на эволюцию его вкусов, мировоззрения огромно. Исследователь С.Ордалиев пишет: «Для детской драматургии любая грань нашей жизни может служить избранной темой. ...По вопросу тематики детская литература ничем не отличается от произведений, посвященных взрослым. Ее отличие должно заключаться в умении писать для детей понятно, доходчиво, по-особенному.

Когда разговор идет о детской драматургии, то это не значит, что в ней персонажами должны быть только дети. В такой пьесе речь может идти и о взрослых людях, создаваться и их типовые образы. Драматургии без конфликта не бывает. Точно также не может быть и детской драматургии без конфликта» [1,223]. Казахские драматурги тоже в разные периоды создавали драматические произведения для детей [2].



Пьесам, посвященным жизни детей, особое внимание стало уделяться в послевоенное время. Здесь кроется и историческая причина. В трудное лихолетье все дела, которые должны были делать взрослые, легли на хрупкие плечи юнцов, и они сумели продемонстрировать стойкость, выдержку.

Автор пьесы С.Жунусов, говоря о начальном периоде своего творчества, подчеркивал: «Я как писатель с самого начала хотел писать о детстве – этой замечательной, неповторимой поре в жизни человека. Обычно детство кажется беззаботным, одним из самых счастливых периодов. Но если заглянуть глубже, повнимательней в существо проблемы, то в трудные времена детство занимает свое особое место. Когда в 1941 году я окончил первый класс, началась война. С того момента мои сверстники вместо отдыха в пионерском лагере пахали колхозное поле, собирали колоски, укоротив и ушив, одевали одежду старших братьев, ушедших на фронт. С восходом солнца мы просыпались, слушая военные сводки информбюро, от которых по коже пробегал мороз, и также засыпали поздно ночью. А сколько детей осталось без отцов, без старших братьев. Это была война! Я поставил перед собой цель – довести до грядущих поколений, какую неизлечимую рану наносит нежной детской душе эта трагедия» [3,171].

Можно отметить следующие пьесы, созданные для детей в 1960-1990 годы: «Глупый лев» С.Омарова, «Кербакай и Керденбай» А.Табылдиева, «Опаленные цветы» С.Жунусова, «Ходжа и спорт» О.Аубакирова, «Заблудиться – не грех» К.Баянбаева, «Клятва» Е.Домбаева, «Мальчик-путешественник» Ж.Турлыбаева, «Обещай, что не будешь обещать» К.Амирбекова и т.д. Некоторые из этих небольших драматических вещей написаны прозой, другие – белым стихом.

Если академик С.Кирабаев говорит, что в «Опаленных цветах» автор правду военной поры раскрывает через изображение характеров сельских детей, на которых выпали все трудности жизни» [4,203], то профессор Р.Нургали делает следующее заключение: «Достоинство драмы «Опаленные цветы» – передача языка каждого героя по отдельности. Перед глазами встают характеры, действия аульных детей военного времени. ...произведение, которое может дать много полезного подрастающему поколению» [5,107].

Пьеса «Опаленные цветы» правдиво изображает жизнь народа, особенно юного поколения, в тылу в период войны 1941-1945 годов, все трудности этой жизни. Хотя дети взвалили на свои плечи эти трудности, они не сдаются, внутренне закаляют себя, считают настоящим подвигом то, что вносят свою лепту в победу. Хотя жизнь и быт персонажей Бахыта, Касыма, Аплаша, Балташа, Балшекер примерно одинаковы, тем не менее умело раскрыты характеры, только присущие каждому из них.

В свое время о драме «Опаленные цветы» на страницах печати публиковались специальные труды критиков, ученых-искусствоведов, которые в целом отзывались о ней хорошо [6]. Высказывание А.Абишева и Т.Журтбая о том, что: «Сильнее смерти» и «Опаленные цветы» можно ставить в театре и сегодня, и в будущем, несмотря на время написания, они будут восприниматься как самые современные творения» [7] совпадает с мнением русского писателя К.Паустовского, который отмечал, что любую тему можно сделать современной, только сам писатель должен быть выше своего века.



Не оставляют равнодушными и слова известного театрального критика А.Сыгаева: «Показывая жизнь тыла военной поры, автор заставляет задумываться о многом. Мелодия, издаваемая старым пианино, ведет тебя в путешествие в твое далекое детство» [8,52]. Приведенные выше мнения свидетельствуют о жизненности произведений драматурга.

Первое действие первой части пьесы сразу начинается с картины, когда группа мальчишек как попало тарабанит по клавишам старого пианино. К ним осуждающе обращается поэт средних лет:

«Бахыт: Остановитесь, пожалейте, это же пианино.

Мальчик: Но это же старое пианино, Бахыт ага, никому оно не нужно. Многие клавиши вообще не работают. В этом году завхоз выбросил его на улицу» [«Опаленные цветы»].

После ответа мальчика Бахыт протирает носовым платком поверхность инструмента и задумчиво произносит свой монолог, через который собственно и раскрывается экспозиция пьесы:

Бахыт: Да, пианино старое. Но вы знаете, ребята, что это древний немой памятник. Если суметь, то и старая вещь может заговорить своим языком. И старое надо уважать. В каждый свой приезд в аул я не могу не взглянуть на это пианино. Каждый раз этот инструмент напоминает прошлую жизнь...» [«Опаленные цветы»], – далее он переходит на белый стих, перебирая события прошлых лет.

Во втором действии группа сельских мальчишек выходит на сцену с песней «По военной дороге», вышедший навстречу военный комиссар капитан Жангожин отдает им «честь». Далее события разворачиваются быстро, определяя место каждого персонажа, конфликт усиливается. Даже такие юнцы, как Касым, Аплаш, Бахыт, выражают готовность хоть сейчас идти на фронт, просят об этом. Удивленный военком спрашивает, умеют ли ребята стрелять из ружья.

Все: А как же, конечно, умеем.

Военком: Да, можно уметь стрелять, но ведь надо еще дойти до Берлина, – и он начинает рассказывать, что из себя представляют боевые действия, намекает на еще юный возраст ребят. У одного из них он спрашивает, где сейчас его отец.

Бахыт: Воюет. На Втором Украинском фронте. Уже пять месяцев от него нет вестей.

Военком: Как его фамилия?

Бахыт: Мамбетов.

Военком (вздвигнув): Мамбетов? – далее он изменил тему разговора [«Опаленные цветы»].

Тут военком вспомнил разговор с председателем колхоза, состоявшийся несколько месяцев назад, который тогда сообщил, что на отца Бахыта пришла с фронта «черная бумага» - похоронка, но об этом его вдове и сыну пока не стоит говорить, ибо сейчас самый разгар колхозных работ, каждый человек на счету, а черная весть может выбить женщину из колеи, поэтому надо сообщить поздней осенью, когда закончатся все работы.

Гульсум: Детей надо отвезти в аул, мать Бахыта приехала вчера. Сегодня хотят сообщить о похоронке.

Баттал: Какое это трудное дело – сообщить...



Гульсум: Да, а сколько людей после таких сообщений стали припадочными. [«Опаленные цветы»].

Тяжелое положение народа в военную пору драматург С.Жунусов показывает через диалоги между Гульсум и Батталом, председателем и военкомом.

В пьесе проглядывается и еще одна как бы загадочная линия между Батталом и Гульсум. Гульсум, у которой любимый парень был на фронте, не обращает внимания на глуповатого Баттала. Автор драмы этим эпизодом передает и трагедию молодых женщин, которых с любимыми разлучила проклятая война.

Психологическую ситуацию усиливают и такие эпизоды, когда звучит умоляющее, беззащитное послание мальчика Бахыта, клин беззащитных журавлей, улетающих в теплые края. В четвертом действии Бахыт неожиданно теряет мать и одновременно слышит весть о гибели отца, что приводит его в страшный шок. Высшая степень трагедии. Мастерство С.Жунусова в изображении трагичной ситуации в том, что он буквально вложил в неполную страницу два трагичных монолога Бахыта и этим завершает первую часть:

Бахыт: Па-па (взяв в охапку шинель, падает на колени). Па-па, ма-ма, я же остался один... В один день стал сиротой! Почему? Почему меня назвали Бахытом, а не Бахытсызом (Несчастливым)?..(С шинелью в руках он побрел в сторону могилы матери и опустился на колени рядом с ней) [«Опаленные цветы»].

Трагедия одной семьи. Он накрывает шинелью земляной холмик, как бы выполняя этим долг отца перед матерью и матери перед отцом. Весьма печальная и трогательная картина. И это деталь, удачно придуманная драматургом.

Во второй части пьесы С.Жунусов, показывая ненависть Бахыта к немцам, изображает, как он будто мысленно мстит им. До этого его друг Балташ купил у немцев-переселенцев мяч, чему радовались чуть ли не всем аулом. Бахыту тоже захотелось потрогать это резиновое чудо. Но...

Балташ (в шутку): Сначала руки помой.

Бахыт: Мои руки чище немецкого мяча (Он вырывает из рук Балташа мяч, быстро выпускает из него воздух и, положив под каблук, разрывает крышку).

Здесь в диалогах вместе с авторскими ремарками заключен и воспитательный нюанс пьесы, и то, что растет достойный юноша, готовый в будущем защищать родину.

Образ главного героя пьесы Бахыта создан солидным, правдивым. В начале событий он показан со своими детскими выходками, но когда лишился родителей, быстро повзрослел, стал серьезным, изменил взгляд на жизнь. Автор пьесы часто включает Бахыта в различные события, в трагические моменты. Стоит ему услышать слово «немец», он сразу выходит из себя, готов с любым, будь то взрослый или малый, вступить в схватку.

Баттал – человек со сложным характером. Весом его вклад в запутанные события пьесы. По изображению драматурга он иногда возмутитель спокойствия тыловой жизни, своими несуразными делами, оскорбительными выражениями, лживостью, грубостью, клеветой доставляет



неприятности одноаульчанам, без того переживающим нелегкие времена; иногда же он может превратиться в наивного, в заботливого человека. Вызывает искренний смех его преподавание русского языка аульной детворе.

В произведении есть женщина немецкой национальности, учительница Таурид Эмма Ивановна – человек, много повидавший в жизни, преданный своему делу, но безвинно пострадавший. В первое время депортации, на новом месте комендант Баттал отпускает в ее адрес немало оскорбительных выражений, морально унижая и подавляя. С подозрением он относится и к ее педагогической деятельности в школе. Но Эмма Ивановна проявляет стойкость и выдержку, мужественно переносит все эти испытания.

В последнем действии пьесы драматург описывает службу Карла, сына Эммы Ивановны, в немецком концлагере, равную подвигу. Это ярко проявилось в диалоге между немецким офицером и Карлом. Вот пример:

Немецкий офицер: Идиот! Предатель своей нации! Мы поверили тебе как представителю высшей расы, присвоили офицерский чин великого рейха. Ты кого хочешь спасти от смерти?

Карл: Нельзя спасти всех, кто попал сюда. Я заступился за немецкую нацию. Хотел доказать, что и немцы, как другие национальности мира, являются чистым народом, что и среди них есть и настоящие сыны, и настоящие фашисты.

Немецкий офицер: ...Ты хоть и предатель, но поскольку являешься немцем, даю возможность сказать последнее слово. Пожалуйста. Какое у тебя есть желание?

Карл: Я желаю свободы от фашистов. До последнего дыхания я хотел бы услышать великую мелодию немецкого народа. Пусть для меня исполнят «Лунную сонату» Бетховена.

Немецкий офицер: Ну это ты услышишь у самого Бетховена. Не будем тебя долго задерживать, отправим быстрее к Бетховену (стреляет) [«Опаленные цветы»].

Смысл слов Карла заключается в том, что представитель любой национальности, в какие бы обстоятельства он не попал, должен дорожить Родиной, матерью, культурой и искусством своего народа. Карл, столкнувшись лицом к лицу со смертью, обращается к матери: «Родная моя, я исполнил долг перед тобой. Не склонил голову перед фашистами. Последний раз... преклоняю... голову перед тобой, мама, и перед тобой, моя родина – Советская страна... (Офицер стреляет еще раз, Карл падает) [«Опаленные цветы»].

Драматург очень удачно подошел к последнему решению. Если Карл перед смертью желал услышать «Лунную сонату» великого композитора Бетховена, то его седая мать уже в мирное время со слезами на глазах, вдохновенно исполняет ее на пианино.

Пьеса «Опаленные цветы» вносит весомую лепту в воспитание патриотических чувств у детей школьного возраста. Образы, характеры главных героев пьесы Аплаша, Бахыта, Баттала, Таурида раскрыты полностью.

Пьесы «Доченька, тебе говорю...», «Опаленные цветы», «Баловень каждого дома» – произведения из жизни школьников, подрастающего поколения, посвященные периоду формирования, подготовки выпускников вузов к взрослой жизни, к многогранному, нелегкому быту, самостоятельному служению обществу и затрагивающие проблемы нравственности, человечности.



Некоторые персонажи драмы «Опаленные нветы» находят свое продолжение в пьесе «Баловень каждого дома». Тема пьесы «Баловень каждого дома» – создание при поддержке государства в целях развития овневодства молодежных чабанских бригад. Этой теме посвятили свои произведения ряд казахских писателей-драматургов, среди которых были С.Жунусов, К.Машхур-Жусуп, и др.

Драматург Сакен Жунусов тоже вносит свой вклад, пропагандируя молодежь активно подключиться к новому делу. Баттала, Бахыта, Балшекер из первого произведения мы уже узнаем с других граней, с другими характерами, по другим действиям в других условиях. Мы сталкиваемся и с детьми – продолжателями дел старших. В произведении характеры проявляются со всех сторон.

Конфликт в пьесе – трудности первого периода создания коллективов, активное участие родителей и учителей школы в этом деле и достижение благодаря этому желаемых результатов.

Литература

- 1 Ордалиев С. Қазақ драматургиясының очеркі. – Алматы: ҚССРФА, 1964.
- 2 М.Ақынжановтың “Ыбырай Алтынсарин”, “Алтын сақа” (Қ.Бадыровпен бірігіп), Т.Ахтановтың “Өшпес даңқ”, С.Омаровтың “Портрет”, Ш.Ахметовтың “Қолқанат”, Ш.Құсайыновтың “Нұрлы тас”, “Есірткен ерке”, Ш.Байжановтың “Әлия Молдағұлова” атты т.б.
- 3 Қазақ совет балалар әдебиеті/библиографиялық анықтама. 1945-1964/ – Алматы: Қазақстан, 1965.
- 4 Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Білім, 1998.
- 5 Нұрғалиев Р. Өнердің эстетикалық нысанасы. – Алматы: Мектеп, 1979.
- 6 Р.Нұрғалиевтің “Өнердің эстетикалық нысанасы”(106 бетте) атты зерттеу кітабында, Б.Құндақбаевтің “Уақыт және театр”(112бетте), “Есею жылдары”(«Қазақ әдебиеті» газетіндегі мақала, 1984 ж.), Ә.Сығаетын “Сахнаға сапар”(52бетте), “Өмірдің өз шындығы”(«Қазақ әдебиеті» газетіндегі мақала, 1994 ж.), Қ.Уәлиев “Сахна - менің өмірім”. – Алматы, 1990.
- 7 Ә.Әбішев, Т.Жұртбаев. Кемелдік келбеті//Егемен Қазақстан, 1994, 18 маусым.
- 8 Сығает Ә. Сахнаға сапар. – Алматы: Өнер, 1990.
- 9 Жүнісов С. Жаралы гүлдер. Кітапта: Жүнісов С. Қызым, саған айтам... Пьесалар. – Алматы: Жалын, 1978.
- 10 Жүнісов С. Әр үйдің еркесі. Кітапта: Жүнісов С. Қызым, саған айтам. Пьесалар. – Алматы: Жалын, 1978.

Н.К. Жусупов, А.К. Шапауов, А.С. Муханбеткалиев, М. Досанов
Қазақ балалар драматургиясындағы тартыс және мінез мәселесі

Бұл мақалада қазақ ұлттық драматургия жанрындағы балалар драматургиясындағы тартыс және мінез мәселесі сөз болады. Балалар драматургиясы ересектерге арналған шығармаларға қарағанда, жанрлық, көркемдік мәселелері аз зерттеліп келді. Негізінен, жанрлық, стильдік, тақырыптық тұрғыдан алғанда үлкендерге арналған шығармалардан кем емес дүние екені негізделді.

Түйін сөздер: ұлттық драматургия, балалар драматургиясы, тартыс, мінез, стиль, жанр, тақырып

N.K. Zusupov, A.K. Shapauov, A.S. Muxanbetkaliev, M.Dosanov
Kazakh children's drama started late

The study of Kazakh children's drama started late, but in reality it takes a special place. In the article the genre load, artistry, character conflict, characters, dramatic images, the dramatic situation plays about children.

Keywords: national dramaturgy, child's dramaturgy, conflict, character, style, genre, subjects



УДК: 82-2

М.Қ. Әжіғалиев - Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық университетінің доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты

E-mail: marat_ajigaliev@mail.ru

Ә.Қ. Шанауов - Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты

E-mail: a.shapau@mail.ru

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Бұл мақалада көрнекті жазушы, драматург, қоғам қайраткері, Қошке Кемеңгерұлының мәліметтері мен қолжазбаларына сүйенген XX ғасырдың кейбір мәселелері және қазақ драматургиясының сахналық ерекшеліктері қарастырылған.

Түйін сөздер: қолжазба, драма жанры, айтыс, пьеса, комедия элементі, проза ерекшеліктері, пікір, заман тынысы

XX ғасырдың бас кезеңінде қазақ топырағындағы ұлттық драма жанры табиғатына, бай ауыз әдебиеті жанрында драмалық элементтердің молынан кездесетініне, далалық театр қойылымдарына байланысты ұлт қайраткерлері Смағұл Сәдуақасов, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанбек Қожанов, Ахмет Байтұрсынов, Бекмұхамед Серкебаев, Мұхтар Әуезов, Дінше Әділов, Қошке Кемеңгеров, Сәбит Мұқанов, Шахмет Құсайынов және т.б. айтқан пікірлері мен жазған мақалаларының орны жоғары.

Көшпелі-отырықшы өмірмен күн кешкен халықтың мәдени дамуы – ауыз әдебиеті үлгілерінің мол, озық жетілгендігі. Драма жанрының кейбір элементтерін осы фольклорлық дүниелерден тауып, дәлелдей алатынымыз да сондықтан. Әсіресе, айтыс, жар-жар, т.б. түрлерінде «қиын жанрдың» талаптарына жауап бере алатын мысалдар көп.

Еліміздің әр аймағында жазылған қолжазба пьесалар XX ғасырдың басында, 1910-1915 жылдар аралығында өмірге келді. Қоғам дамуымен бірге ілгері басып, ұлттық өнерімізбен қанаттаса отырып, белгілі бір дәрежеге көтерілді. Бұл пьесалар қолжазба түрінде таратылып, алғашқыда сауыққой өнерпаз жастардың күшімен ойын-сауық үйірме-кештерде бірнеше рет көрсетілгені бүгіндері анық.

Қолжазба түрінде ол пьесалар заман тынысын, дәуір жағдайын, көкейкесті мәселелерін, кезеңнің толғақты сырларын дер кезінде өткір қозғады. Алғашқы пьесалар авторлары қатарына — бөкейлік Ишанғали Меңдіханов, қызылжарлық Бекмұхамед Серкебаев, семейлік Көлбай Төгісов, алматылық А.Лихановтарды, т.б. жатқызамыз.

Қазақ халқы үшін XX ғасыр — ұлтымыздың оқуға, білімге бет бұру заманы болды. Мұсылманша оқу орындары — мектептер мен медреселер діни сабақтар мен қатар есеп, жағрапия, тарих, ана тілі, шетел тілдері де қоса оқытылды. Қазан, Орынбор, Петербург, Уфа қалаларындағы баспаханалардан қазақ тілінде біршама кітаптар шықты.



Қазақ халқының алғашқы қолжазба пьесалары халық арасында қойылып көрсетілсе, ал, қазақ мемлекеттік ұлттық театрының алғашқы шымылдығы сол кездегі астанамыз Қызылорда қаласында, 1926 жылдың 13 қаңтар күні Қошке Кемеңгеровтің «Алтын сақина» пьесасымен ашылғаны тарих парақтарынан белгілі.

М.Әуезов: «Өзге жұрттың мысалына қарағанда, театр өнерінің ұрығы елдің әдет-салтынан, ойын-сауығынан, ән-күй, өлең-жырынан басталған. Театр өнерін туғызатын жайлы топырақ, қолайлы шарт елдің өз денесінен шыққан. Өнердің іргесін қалайтын елдің өзі. Содан кейін мықты дүкен, сұлу күмбезді жасайтын – сол ел тірегіне иығын сүйеген өнершілер.

Шынында, ерте күнде ас пен тойда, ұлы жиында ізденіп келіп өлеңмен, әнмен айтысатын көп ақындар өз заманында театр жасамай не жасады? Онан соң ұзатылған қыздың тойында еркек пен әйел қақ жарылып алып, айтысатын жар-жар, салт ойыны туғызатын театрдың өзі емес пе? Жар-жар мен беташар бүгінгі заманның сахнасына қою үшін ешбір қосымша керек қылмайды. Солар сияқты толып жатқан айтыс өлеңдерінің қай-қайсысы болса да қалай болса, солай қоюға болады. Бұл ескіліктердің тағы бір қасиеті – барлығы да арнаулы әнмен ойналатын. Сондықтан жалғыз ғана драмалық театр емес, әнмен ойналатын операларға да емін-еркін жарайды» [1,12], - десе, Рүстембеков Р. «...элементы драмы еще в бытовом жанре фольклора /жар-жар, беташар, бәдік, айтыс/...» [2,6], - деп, ал, Ә. Тәжібаев «...ауыз әдебиетіндегі ақындар мен шешендік сөздердің бай түрлеріне қарап отырсақ, ең тамаша классикалық драмалардағы диалогтармен таласатын сөз жарыстарының алуан түрлерін көреміз» [3,9] - дейді. Соңғы жылдары қазақтың драмалық фольклорын арнайы зерттеуші Қ.Бнжанов [4] шағын айтыстарды драмалық жанрға жақындататын өзіндік бірнеше белгілерін атап көрсетеді.

Ал, арнайы ғылым айналымға, нысанаға алынып зерттеу ісі – XX ғасырдың 50-жылдарынан басталады. Осы уақыттан бастап диссертациялар қорғалып, монографиялық еңбектер жарыққа шыға бастады.

XX ғасырдың 20-жылдарындағы қазақтың белгілі ғалымы, жазушы-драматург, тарихшы, сыншы, алаш қайраткері Қошке Кемеңгерұлының қаламынан “Алтын сақина”, “Парашылар”, “Ескі оқу” пьесалары туды. Негізінен, Қ.Кемеңгерұлының қайраткерлігі, шығармашылығы, еңбектерінің жиналуы, жариялануы тұрасында қазақтың белгілі ғалымдары Р.Рүстембекованың [5], Д.Қамзабекұлының [6] еңбектерінің орны жоғары. Драматургиялық шеберлігі жайында Б.Сұлтанованың кандидаттық диссертациясында да арнайы сөз болады [7].

XX ғасыр басындағы алғашқы пьесалар “Байғұстардағы” Жамал, “Надандық құрбанындағы” Хаднша, “Алтын сақинадағы” Халима болып, “Малдыбайдағы” сараң Малдыбай, дүннеқұмар Жәния мен Тәуірше болып, “Бақсыдағы” өз құлқы үшін елін алдап жүрген бақсы Жұрынтай қожамолдалардың ісін әшкере ететін “Ескі оқудағы” молда болып, яғни, алғашқы қазақ пьесаларындағы мінездер өз жалғасын Қошкенің драмалық шығармаларында көрініс береді.

“Алтын сақина” – трагедия. Трагедия кейіпкері, әдетте, заманның теріс әдеттерімен күрес процесінде түрлі-түрлі қиыншылықтарды көреді. “Алтын сақинадағы” Халима да: “Үй берекесін қалай орнатуға болады? Сағынтайға



арым таза екенімді қалай сендіремін?” деген сияқты толғаныстар үстінде жүріп, ақырында о дүниелік болады. Жәния мен Өріктің бірлесіп жасаған қорлықтары, Сағынтайдың сабауы, ененің жала жабуы – осының бәріне көніп жүрген Халима ененің “қолынан” құрбан болады. Үлкен қиянатқа ұшыраған Халима неден өлді? Мүмкін, қатігез ененің көз көрмес, құлақ естімес істеріне ақ жүрегі шыдамады ма? Әлде, сүйген жарының жала сөзге еріп әйеліне деген опасыздығына күйзелді ме? Болмаса, теңдік үшін күресуге өзіне серік таппай, жалғыздықтан өлді ме?

Драматургия жанрын проза, поэзиядан бөлектеп тұратын басты элемент – тартыс. “Алтын сақинадағы” тартыс Жәния мен Халима арасында туындайды. Халима – ақ жүректі, адал болып суреттелсе, Жәния оған қарама – қарсы қойылып бейнеленеді, ол – арамдық пен қатігездік тоғысқан бейне. Жәния мен Халима арасындағы тартыс – ескі мен жаңаның, жақсылық пен жамандықтың, ізгілік пен жауыздықтың тартысы. Халима қазаға ұшырағаннан жауыздық жеңеді деген мағына емес, керісінше, сол адам күллі өмірін пида еткен арманның, мақсаттың, тілектің қаншалықты зор екендігін танытады. Жәния арқылы берілген ескілік әшкерелене отырып, оқырманды қаза болған кейіпкердің тілегі үшін күресуге шақырады, алға ұмтылуға жігер рухын себеді.

Бір қарағанда бұл ене мен келін арасындағы бітпес дауды суреттейтін туынды іспетті. Оны ғалым Р. Рүстембекова да құптайды [8]. Шынында да, бұл туынды мазмұнында ене мен келін арасындағы дау жатыр. Бұл – тар шеңберде қарастырғанда солай болып көрінеді. Алайда пьесадағы кейіпкерлердің диалогтарына терең үңілсек, бұл мәселеден гөрі әйел теңдігі, әйел бостандығы, әйелдің қоғам өмірінде алар орны сияқты күрделі де ауқымды мәселелер қозғалады.

Пьесадағы екі қазақ әйелінің – Бану мен Халиманың шағын ғана диалогынан шығарманың идеясы айқындалады. Теңдік үшін күреспек түгілі өзінің тұрмысына риза болған, барлық әйелдердің басында болған жайт қой деп көніп жүрген Банудың: “Әйелдің қолынан не келеді дейсің? ” деген сауалына өр Халима: “Жағаласып өл!” деп, оны күреске, теңдік үшін күреске шақырады. Бұл – сол кездің барлық әйелдеріне арнала айтылған үндеу. “Әйелге қорлықты құдай жазып қойып па? Анау күні біздің үйге бір қазақтың оқығаны келгенде, сол қатынын әлпештеп-ақ отырды” [8,227] деп, әр сөзінде үгіттік үні байқалатын Халима өмір бойы теңдікті аңсап өтті. “Қазақтың оқығаны” дей отыра, шебер драматург бұл тығырықтан шығар жалғыз ғана жол – оқу, білім-ғылым екенін байқатады. Сөйтіп, Халима образы арқылы өзіндік ой-пікірлерін, көзқарасын білдіреді.

Бір отбасы оқиғасын нысанаға алып, драмалық жағдайды, тартыс пен мінезді сомдай білу – әлем драматургиясында бұрыннан бар құбылыс. Осы әрекетті драмашы Қ. Кемеңгерұлы “Алтын сақина” пьесасы арқылы өзі өмір сүрген қоғамның тынысын бір отбасы мүшелері арқылы бейнелесе, қоғамның жағымсыз жайларын “Парашылар” комедиясында күлкіге айналдыра шенейді. “Парашылар” – небары бес-ақ кейіпкерден құралған бір перделі комедия. Комедия басында “сен кір, сен кір” деп, бір-бірін итермелеп тұрған Қоңырбай мен Момынбай деген ауыл адамдарын көреміз. Бұларға ақша жинап, жер мәселесін шешу үшін ауыл ұлыққа жібереді, сенім артады. Ал олар 200 сомды қалталарына салып алып, біраз болса да пайда түсіргілері



келеді. Көп ақшаға кенелеміз деп жүрген бұл екеуі абақтыға қамалады. Комедия Момынбайдың: “Енді ұлық алдына келсем, имансыз өтейін” [9, 242] дегенімен аяқталады.

Комедияның әр элементі күлкі тудыруы шарт. “Парашылардың” басында-ақ Момынбайдың бөркін басынан аламын деп жерге түсіріп алуы, Максимнің айғайынан оянып ұшып кете жаздауы, Қарабек кірерде тағы да жығылып қалуы, одан шалбардың тарлығынан аяғын әрең басып кіруі – барлығы да комедияға тән күлкілі жайттар. Бұл әрекеттерге емес, екеуінің надандығына, аңқаулығына күлеміз. Күлу арқылы жиренеміз. Кейіпкерлер есімдерінің өзі көп нәрсені аңғартады. Момынбай – бірақ ол тіпті де момын емес, керісінше, өз қара басын құнттап жүрген алаяқтардың бірі. Қарабек – атына заты сай, барлық іс-әрекеті алдау мен арбауға жұмсалған оның ісі де, ниеті де қара.

“Ескі оқу” – екі жарым бет көлемінде ауыл молдаларын қатты сынға алатын бір перделі комедия. Кейіпкерлер диалогын шебер пайдалана отырып, қазақ ауылындағы молдалардың барлық ісін көз алдымызға әкеледі. Молданың шыбықты ала жүгіріп ұрып-соғуы, ауыздарын ашқызып қойып тілдерін созғылауы, былапыт сөздерді айтуы – бәрі де арамза молданың надандығын көрсетеді. Осындай ерсі, оғаш қылықтары арқылы молдалық әшкереленеді. Пьесаның молданы қамшы астына алуымен аяқталуының өзінде авторлық мақсат бар. Ауыл жастарын арамза молдалардың көзін құртуға шақырады.

Драмалық шығармалардың қасиетін танытатын бірден-бір құрал – тіл. Академик Рымғали Нұрғали тілімен айтатын болсақ: «...тілі нашар пьесаға күн жоқ...» [10, 87].

“Алтын сақина” пьесасы – XX ғасыр басында дүниеге келген. Сол кездегі қазақ әдеби тілінде тұрақталған, нормаланған, сөздік қорда актив қолданған «шапан», «етік», «қамзол», «көйлек», «жаулық», «кебіс», «бөрік», «белбеу» сияқты киім-кешек атаулары кездеседі. Бүгінде бұл сөздердің көпшілігі көнерген немесе аз қолданылатын сөздер қатарына жатқызылады. Драматург пьесаларында туыстық атауларын білідретін сөздер «нағашы апа», «шеше», «келін», «ене», «күйеу», «жезде», «жиен», «тоқал», «әке», «апа» жиі ұшырасады. «Ескі оқу» пьесасының тақырыбы ескіше оқу болғаннан кейін, мұнда құран аяттарынан шағын үзінділер келтіріледі [9, 243 - 244].

Көрнекті ғалым Ахмет Байтұрсынов “Әдебиеттанушысында” шығарманың тіліне тоқталады да, шығарманың сөзіне мынадай шарттар қояды:

- 1 Сөз дұрыстығы;
- 2 Тіл тазалығы;
- 3 Тіл анықтығы;
- 4 Тіл дәлдігі;
- 5 Тіл көрнектілігі.

Сөз дұрыстығы дегенде, “әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс жұмсалуды” деп түсінеміз, яғни, сөйлем ішінде сөздерді дұрыс көптеу, септеу, сөз тұлғаларын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақтарды дұрыс қолдану. Қошқе Кемеңгерұлы драмаларында Ахмет атап өткен “Сөз дұрыстығы” шарты өте тамаша орындалған деп нық сеніммен айта аламыз. Тіл тазалығы дегенде, ана тілді шұбарламау мәселесі туралы айта келіп: “басқа тілден сөз тұтыну қажет болатын болса, жұртқа сіңіп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа



түсінікті сөздерді алу ” дейді. XVIII ғасырларда ислам дініне байланысты қазақ тіліне араб-парсы сөздері ене бастайды. Ол кірме сөздерді қазақтың тіліне әбден сіңіскен, жалпыға түсінікті болған, тіпті төл сөздер болып кеткен десек те болады. Қ. Кемеңгерұлы драмаларында да мұндай араб-парсы сөздері мен сөз тіркестері көптеп кездеседі: садақа, құдайға шүкір, құдай сақтасын, аруақ, жалған, ұжмақ, сайтан, әзәзіл, күнә, тамұқ, көр азабы, қиямет, аят оқу, жұмалық, дұғалық оқу, тасбық тарту. Сонымен қоса “Алла” сөзімен қатар оның синонимі болып табылатын “Жасаған” сөзін де қолданады.

Қ.Кемеңгерұлы драмаларында кірме сөздер ғана емес, варваризмдер де баршылық. Қарабекке: “Енді шықпасаң арстовайт еткіземін”, “Чепуха!” деп, Момынбай мен Қоңырбайға: “Спасиба”, “блағорды нашандік! Нашандік, дабайт мая денге... дела не қарош... денге өзіме дабай” – деп әдейі айтқызады. Оған екі түрлі себеп бар: бірі – заманына орай қолданылуы. Ол кез қазақ даласын орыс империясының патшасы билеген уақыт еді. Сол себептен де пьеса кейіпкерлерін драматург орыс ұлығының алдында орысша сөйлетеді. Екінші себеп – орыс ұлықтарының алдында сөйлей алмаған Момынбай мен Қоңырбай болып, өз ана тілімізден қашанға дейін безіп жүрмекпіз? Осы күймен алысқа бара аламыз ба? Болашағымыз қандай? деген авторлық идея.

Бұл сөздер дәл сол күйінде де, фонетикалық өзгерістерге ұшырап та жұмсалған: знәкөмилер, нашандік, жанарал, закон, стол, скамейка, здрэсти, пенжеғ, коньяк, каталожке, оредник, пристоп, волостной, блағорды нашандік, дабай денге, не қарош. Кейбір сөздердің орысшасы да, қазақшасы да еркін қолданысқа түскен: закон – заң, волостной – болыс. Орыс ұлтының өкілдері ретінде бейнеленген Максим, Ивандарды автор өз ана тілдерінде сөйлетеді: “Солнце, как сияние”, “Неужели”, “Ай да молодец”, “Веселие интересно”, “Что-то не ладно”.

Сол уақыттағы қоғамдық өзгерістерге байланысты, елдің саяси–экономикалық өміріне байланысты ұлық, солдат, закон, каталожке, оредник, пристоп, волостной сөздері қолданысқа енген.

“Парашылар” пьесасының тақырыбы паракорлық, мансапқорлық болғаннан кейін, шығарманың өн бойында сан, яғни, ақша мөлшерін білдіретін сөздер өте көп: 1 сом, 2 сом, 3 сом, 5 сом, 15 сом, 22 сом, 25 сом, 47 сом, 50 сом, 75 сом, 100 сом, 150 сом, 165 сом, 175 сом, 190 сом, 200 сом, 300 сом.

Сонымен қатар пьесаларының үшеуінде де фразеологиялық тіркестер көп қолданған: «Ауызды ку шөппен сұрту» бардың өзін жоқ етіп, тып-типыл ету мағынасында, қанын ішіне тарту – ызаланып, жарылып кете жаздау, кегі, қатты ызасы келді мағынасында, жанынан таспа алу - өлімші етіп сабау, азаптау мағынасында, кірпік қаққанша – лезде, жылдам мағынасында, жағасы жайлау, төбесі қыстау – мол өмір, уайым–қайғысыз тіршілік, еркіндік, көңілділік, жайбарақат күйде күн кешу мағынасында, аш құлақтан тыныш құлақ – ешкімге тиіспей, ешкім бізге тимей, өз жайымызға жүрелік деген мағынасында, жығылған үстіне жұдырық – сорға сор қосылып, бұрынғының үстіне жаңа бәле жабысты деген мағынасында жұмсалған.

Фразеологиялық тіркестермен бірге мақал–мәтелдер де кездеседі. Мысалы, түс – түлкінің боғы, үндемей жүрген бәле болатын, сыныққа сылтау, ащы жараның аузын тырнау, қорқақты көп қуса, батыр болады, сөз сүйектен өтеді, қолда бардың қадірі жоқ.



Қошке Кемеңгерұлы өзінің драмалық шығармаларында өлең сөзді де енгізген. Көркем шығармада өлең жолдарының кездесуін профессор Серік Неғимов былай деп түсіндіреді: “Қара сөзді ақ өлең үлгісіне салып, тапқататып, түйдектете, шешендікпен төгілту – қаһарманның басына іс түскен сәтте, шын қысылған кезінде ағытылатын табиғи қалыпты жағдай”. Қошке Кемеңгерұлы да өлең сөзді кейіпкерлердің жан-дүниесін, мақсат – мүддесін, ішкі тебіренісін айқын көрсету үшін қолданған. “Алтын сақинаның” III- пердесінде келетін:

«Біз сорлыға атар таң болар ма екен,
Солған көңіл гүлденіп толар ма екен.
Малға сату жоғалып, күң ғып ұстау

Хайуандықты еркектер қояр ма екен», – деген қара өлең ұйқасымен 11 буынды болып жазылған өлеңде астарлау бар. «Солған көңіл гүлденіп толар ма екен» дейді, яғни, алдағы күнде теңдікке қолымыз жетер ме екен деген аңсау бар. Аталған перденің соңында 2 тармақты өлең енген:

«Қара түнде қайғылы қалғаным ба?
Ақ өлім мен риза алғаныңа!».

Бұл жерде Халима басындағы күйін әсерлі етіп көрсету мақсатында «қара», «ақ» антонимдері алынған. I тармақтың әр сөзі «қ» дыбысынан басталса, «Ескі оқуда» енгізілген өлеңнің әр тармағы «ж» дыбысынан басталады, яғни, ассимиляция:

«Жаз келер, ақпан, қаңтар қысаң етіп,
Жерден қар, көктен суық ызғар кетіп,
Жалаң бас, жалаң аяқ жас балалар,
Жүгірер ойдан қырға дүбірлетіп».

Молда алдынан «бюілім» алып жүрген шәкірттер аузынан да «Ағузы, ағам үйінің ақ өгізі», «Әсын, әпкел қара қойдың басын», «Мақанағалама, әлім келсін молдаға», «Қу уалла ақат, біздің молда арам қат» сияқты ұйқасты жолдар шығады.

Қ. Кемеңгерұлы – қазақ елі үшін өзіндік орны бар дарын. Патша үкіметінің қысымына қарамай, XX ғасырдың қиын жылдарында шығармасы үкімет басындағыларға ұнамаса да, абзал жан ескі қазақ ауылындағы надандық, мансапқорлық, қазақ әйелінің басындағы қайғы – мұң сияқты мәселелерді көтере білді. Қолжазба пьесаларынан бастау алған драматургия жанры Қошке драмаларымен жаңа биіктерге көтерілді. Қошке есімі-ұлттық драматургиямыздан ғана емес, театр тарихынан да алар орны жоғары.

Әдебиеттер

-  Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. –А.: 1985
-  Рүстембекова Р. Драматургия Б.Майлина. Автореферет канд.дисс. –А.: 1965
-  Тәжібаев Ә. Қазақ драматургиясының тууы, қалыптасуы, дамуы. –А.: 1971
-  Бижанов Қ. Қазақтың драмалық фольклоры. Канд.дисс. авторефераты. - А. 1994
-  Рүстембекова Р. Қошке Кемеңгерұлының драмалары //«Қазақ әдебиеті» газеті, 14 тамыз, 1992. Б.10.



- Қамзабекұлы Д. Қошке Кемеңгеров. Кіріспе сөз, қорытынды, түсініктеме. Кітапта: Қошке Кемеңгеров. Қазақстан. –А.: 1996
- Сұлтанова Б. XX ғасырдың 20-шы жылдарындағы қазақ драматургиясы. Канд.дисс.авторефераты.-А. 2005
- Рүстембекова Р. Қошке Кемеңгерұлының драмалары //«Қазақ әдебиеті» газеті, 14 тамыз, 1992. Б.10.
- Кемеңгерұлы Қ. Таңдамалы (құрастырған: Д.Қамзабекұлы). «Қазақстан». – Алматы: –1996. Б. 296.
- Нұрғалиев Р. Айдын. Монография. –Алматы. –1985.
- Байтұрсынов А. Ақ жол (құрастырған: Р. Нұрғалиев).–Алматы: Жалын. – 1991.
- Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы. – 1969.

М.К. Ажғалиев, А.К. Шапауов
Некоторые проблемы казахской драматургии начала XX века

В статье рассматриваются некоторые проблемы драмы и сценических произведений казахской драматургии в начале XX века на материале известного писателя, драматурга, общественного деятеля Кошке Кемеңгерұлы

Ключевые слова: рукопись, жанр драмы, айтыс, пьеса, элемент комедии, особенности, прозы, мнения (отзыв, эпоха).

M.K.Azhaliyev, A.K. Shapauov
Some problems of the Kazakh dramaturgy in the XX century

In article it is considered some problems of the drama and scenic work of the Kazakh dramatic art at the beginning of the XX century on a material of a known writer, the playwright, the public figure to Kemengerula's Cat.

Key words: manuscript, genre of drama, aitys, play, element of comedy, prose peculiarities, opinions (epoch).

УДК: 82-2

Ә.Қ. Шапауов - филология ғылымдарының кандидаты
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау
мемлекеттік университетінің доценті,
E-mail: a.shapau@mail.ru

ПРОЗАДАН ДРАМАҒА

Аннотация. Прозалық шығармаларды тікелей драмалық шығармаға аудару үрдісі оңай іс емес. Прозалық шығармаларда көрініс табатын автордың ой кеңістігінің кеңдігі мен еркіндігін тарылта отырып, қаһарман образын жасаудағы компоненттерді шектеу мақсатында сахналық көрініс өмірге келді деп айтуға болмағанымен, эпостың драмаға ауысуы да, яғни сахналауда алдымен драмалық қақтығыс, драмалық оқиға, кейіпкер мінезі, драманың тілі болуы қажет немесе мұның бәрі-жанр талабы.

Түйін сөздер: прозалық туынды, жанр, драмалық шығарма, қаламгер, көркем әдебиет, тартыс, шеленіс, кейіпкер мінезі, драма оқиғасы



Прозалық туындылардың жанрлық шарты қатал драмалық шығармаларға айналу барысы жеңіл жол емес. Прозадағы авторлық еркін көсілу, кейіпкерлер бейнесін ашудағы компоненттерді шектеуден сахналық туынды жасалмайды. Эпостан драмаға өту, яғни инсценировкаланған дүние бойында бірінші кезекте драмалық жағдай, драмалық мінез, драмалық тартыс, драма тілі болуы – жанрдың басты талабы.

Қазақ әдебиетінің майталман қаламгерлері М.Әуезов, Б.Майлин, Ж.Аймауытов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов шығармалары инсценировка талабында республика театрларының сахналарынан елеулі орын алды. Ғалым Р.Нұрғалиев: "...прозадағы драматизм проблемасын зерттеу – жанрлардың өзара тоғысу, бір-бірін байыту құбылыстарын, өнердің қазіргі тенденцияларын ашып беруге мүмкіндік тудырады. Бүгінгі таңдағы әдебиетке, оның қай жанрына болсын қойылатын биік талаптардың бірі – драматизм" [1,139], - деп ой қорытса, зерттеуші Т.Есембеков: "Драматизм – это в большинстве случаев рассогласование, несовпадение, противостояние, несовместимость каких-то начал, таким образом драматические ситуации по своей природе неустойчивы, обладают колебательным характером, им присущи напряженность и непредсказуемость, эмоциональная вибрация, хаотичность выбора, состояние фрустрации" [2,14],- дейді.

Жазушы, драмашы Сәкен Жүнісовтің көркемдік шарты қатал, өткір, тартысты, кірпияз жанрға келуіне бірнеше себептерді алға тартуға болады. Біріншіден, прозалық туындыларында драматизмнің күштілігі басым болып жатса, екіншіден, шығармаларында драманың элементтері молынан кездесуі, үшіншіден, Қазақ академиялық драма театрының әдебиет бөлімін 1963-1967 жылдары басқарып, ізденген, яғни театр сыны, дәстүр жалғастығы арқылы келді деп айтуға толық негіз бар.

Драмашының пьесалары – театрдың жақсы репертуары бола білуімен ғана шығармашылық өнері жайында әділ бағасын алады. Ғалым, сыншылардың пікірлерінен драматургия саласындағы алғашқы жетістіктері мен сыни кемшіліктері жайлы республика театрларында табысты қойылып, көпшіліктің ықыласына ие болғанын аңғарамыз.

Қаламгердің жанрды игерудегі шеберлігі жайында академиялық және облыс театрларында әр жылдары қойылған драмалық шығармалары әдебиет зерттеушілері, театр танушылардың, журналистердің назарынан шет қалған емес. Атап айтқанда: Ғ.Мүсірепов, Ә.Әбішев, Ә.Сәрсенбаев, К.Нұрпейісов, Е.Әкімқұлов, С.Ордалиев, С.Қирабаев, З.Қабдолов, Р.Нұрғали, Б.Құндақбаев, Ә.Сығасев, Р.Тоқтаров, Тарақты Ақселеу, С.Неғимов, К.Уәлиев, М.Хасенов, Т.Есембековтің, М.Халиолин, Т.Қажыбаев, Р.Тұрысбеков, Б.Бұлғақбаева, С.Ғазезов, Ж.Жақанова, Х.Әдібаев, К.Ғалымтаев, Т.Кешубаев, Ә. Шапауовтың жұмыстары бар [3].

Жазушы-драматургтың төл драмалық шығармалары мен инсценировка-пьесаларында тартыс пен мінездің атқаратын қызметі жоғары. Мысалы: орталық қаһармандары Ажар мен Атан, Қарасай мен Райхан, Разия мен Мұрат, Сәуле мен Разия, Сәбит пен Мұхтар, Жамбыл мен Сәбит, Баттал мен Таурид, т.б. араларындағы тартыс шебер сомдалған. Сонымен қатар автор тудырған кейіпкерлерінің бейнесі алдыңғы және замандас драматургтер шығармаларымен салыстыра қарағанда әлсіремей, шындала түскенін байқаймыз.



Драматурғ мінезді драма табиғатына лайық қатал сындарда шындап барып бірақ танытады. Бір ерекшелігі – пьесаларының негізгі мазмұны, оқиға арқауы бірінші көрініс-бөлімінде толық ашылуы. Бұны драматурғия жанрында – экспозиция дейді. “Экспозиция (лат. expositio-түсіндіру) - көркем шығармада оқиға дамып өрістейтін орынды, ортаны, ол оқиғаға қатысатын кейіпкерлерді сипаттап алғаш оқушыға таныстыру. Экспозиция негізгі оқиға желісінің шиеленісіне тікелей байланысты болмай, соған кіріспе-эпизод ретінде өз алдына оқшаулау тұрады. Себебі, ол оқиғаның, тартыстың басталуы емес. Тек қана тартыс-қақтығыстың барысын неғұрлым айқын, анық түсініп-білуге қажетті дерек, суреттемелер” [4,373],-десе, А.Толстой: ”Экспозиция бірінші актыда мүмкіндігінше толық ашылып болу керек” [5,130], - дейді, ал, академик З.Қабдолов: “Драмадағы хал-күйдің басы (экспозиция), әрине, пьесаның кіріспесі іспетті, алғашқы актыда жатады. Мұның міндеті – көрерменді пьесаға қатынасатын адамдармен (персонаждармен) таныстыру. Экспозиция екі түрлі (жағдай экспозициясы, мінез экспозициясы) болуы мүмкін” [6,343], -деп, зерттеуші Р.Рүстембекова: ”Оқиға басталмастан бұрынғы жағдаймен оқушыны таныстыру немесе кейіпкерлер жайында шығарма бойында ақпар беруді “экспозиция” десек, драматурғияда мұның да орны маңызды. Егер драматурғ экспозицияны созып алса, оқиға баяулап, сылбыр дамиды” [7,87], - дейді.

Белгілі суреткер С.Жүнісов шығармашылық лабораториясындағы ерекшеліктердің бірі – белгілі прозалық туындыларының драмалық шығармаға айналып жатуы. Мысалы: “Жапандағы жалғыз үй” романы негізінде “Қос анар” драмасы, “Аш қасқырлар қамаған қызыл керуен” атты повесі бойынша “Өліара” деректі драмасы өмірге келді.

Тарихи туынды “Ажар мен ажал” пьесасы – инсценировкаланған шығарма. Қазақ халқының біртуар ұлдары Б.Майлиннің “Раушан коммунист”, М.Әуезовтың “Қорғансыздың күні”, Ғ.Мүсіреповтың “Ашынған ана” атты повесі, әңгімелерінің желісімен және өзіндік тың пікір дамытушылығымен кезінде көрерменнің жүрегіне жол тапқан шығарма болып және пьеса авторы бұған дейін балаларға арналған шағын пьеса жазып келгенімен, кәсіби деңгейде алғаш рет шебер драмашылар қатарынан көрінді.

Пьеса дүниеге келген тұста екі түрлі пікірдің болғаны баспасөз беттері мен ғылыми еңбектерде басылды. Жазушы Әбу Сәрсенбаев: “Автордың бұл пьесасы - қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушы үш ірі қаламгердің кейбір әңгімелерінің сарынын ғана алып, сол туындылардың тұтқынында қалмай, өзінше шешімін тапқан творчестволық жеке еңбек” [8], -десе, К.Нұрпейісов: “Бұл драматурғ тұсынан қазақ совет әдебиетінің аға өкілдеріне деген ілтипат, соларға деген тарту сияқты. “Ажар мен ажал” жазушының драматурғия жанрындағы табысты дебюті деп қараймыз” [9], - дейді. Б.Құндақбаев:... Пьеса шиеленіскен тартысқа құрылып, жанр талабына лайықты композициялық құрылыс, қызғылықты драматурғиялық шешім табуының үстіне көркем тілмен жазылған. Автордың классик жазушылардың новеллаларын орынды пайдалана отырып, олардың стильдік ерекшеліктерін де сақтай білуі пьесаға өзіндік сипат, драматурғиялық қуат, көрікті бояу берген” [10], ал зерттеуші С.Қирабаев: “М.Әуезов (“Қорғансыздың күні”), Ғ.Мүсірепов (“Ашынған ана”), Б.Майлин (“Раушан-коммунист”) шығармаларының кейбір сарындары көрініп тұрғанымен, “Ажар мен ажал” –



шын мәніндегі драмалық тартысы күшті пьеса” [11],- деп бағасын береді. Зерттеуші Р. Нұрғалиев: ” ...үш бөлімнен тұратын пьесаға үш шығарманың материалы молынан пайдаланғанын, ...текст ұқсастығына назар аударғанын, пьеса алғаш сахнаға қойылған жылдары үш қаламгердің аты аталып, бертін келе алып тастау ақиқатқа қиянат екенін ескертсе; енді С. Жүнісовтің төл пьесасы, драма ретінде өмір сүруге қақысы барлығын айғақтайтын жәйттерге тоқталу қажет деп: сахналық шарттары, драматургиялық талаптары ескерілгендігін, Қазақтың алғашқы драматургтері Ж.Шанин, М.Әуезов, Ғ.Мүсіреповтар эпос сюжетін, фольклор мотивтерін, аңыз қаһармандарын творчестволықпен пайдалана отырып, ұлттық әдебиетімізде бір алуан дәстүр жасап, оны әркезде Қ.Сатыбалдин (“Аягөз ару”), Ә.Тәжібаев (“Халқым туралы аңыз”), Ш.Құсайынов (“Алдар көсе”) жаңа бояулармен байытты. С.Жүнісовтің драматургиядағы алғашқы пьесасын кеміту емес, үлкен ізденістерге, ешкімнің ортағы жоқ төл туындылар жасауға автордың мол қабілеті барлығына шөк келтірмейміз” [12,165], – деп жас драматургке ақжолтай тілейді.

“Ажар мен ажал” – тарихи драма инсценировка. Қазақ драматургиясы жанрын арнайы зерттеуші Р.Нұрғалиев 1973 жылы “Күретамыр” атты монографиясында текстологиялық салыстырулар жасаған болатын. Біз де арнайы нысанаға алып, кеңірек түрде драматург С.Жүнісов эпостан драмаға өту процесінде үш актілі драмасына, бұрыннан белгілі классикалық үш шығарманың материалын қаншалықты пайдаланып, дамытып, өз тарапынан драмалық шығарма дәрежесіне көтеру үшін көркемдік шарттарды қосқанын анықтау үшін, М.Әуезов, Б.Майлин, Ғ.Мүсіреповтердің әңгіме, повестерімен текстологиялық салыстырулар жасаймыз, автор-драмашының инсценировкалау процесіндегі өзіндік жетістігін, кемшілігін танытамыз.

М.Әуезовтің “Қорғансыздың күні” атты әңгімесінде драма жанрының элементтеріне жауап бере алатын шарттар мол. Әңгіме авторы М.Әуезов XX ғасыр басында тұрмысы қарабайыр қазақ даласындағы қараша үйлерге қатыгездікпен қарым-қатынас жасайтын, қолында билігі бар атқамінерлердің адам естімейтін зорлық жасаған “екі аяқты айуандардың” қылығын көркем шығармаға басты арқау етіп алған. Әңгімеде драма табиғатына дайын тұрған диалогтар, монологтар бар. Тіпті кейіпкерлері аттарының кейбіреулерін көп өзгеріске ұшыратпаған. Мысалы: әңгімеде – Ақан, пьесада – Атан, Қалтай – Қатай, Ғазиза – Ажар деп алады. Ал әңгімеде үйдің иесі Жақып болса, пьесада Сұлтан. Әңгімеде қайтыс болған адамдар кемпірдің ұлы мен немересі болса, драмада кемпірдің баласы мен келіні. Мысалы:

Әңгімеде:

“Шанадан түсіп, үстерінің қарын сілкіп болған соң, Ақан мырза қораның сиқын көріп, көңілсізденіп: – Қалтай, осы үйге қайдан әкелдің? Кісі отырарлық жері де бар деймісің, басқа үйлердің біріне бармай.

Қалтай атты доғарып жатып: – Үндеме, неге әкелгенімді кейін білерсің” [М.Әуезов “Қорғансыздың күні” әңгімесі].

Пьесада:

“Атан (алға тосырқай қарап). Мынауың бір иесіз қора секілденген жеркепе гой. Ұсқыны жаман екен.

Қатай (жұмсара сөйлеп). – Атанжан, үндеме. Дымың ішінде болсын. Бүгінгі билікті маған берсеңші”. [С. Жүнісов “Ажар мен ажал” пьесасы]



Драматургия талабына лайық өзгерістер енгізілген.

Әңгімеде:

“Ақан құран оқыды. Артынан Ақан да, Қалтай да үй-ішімен амандасып, кемпірге қарап: – Құдай ісі сыпайышылық, ақырының қайырын берсін!,- деп, жайлап көңіл айтты” [М.Әуезов “Қорғансыздың күні” әңгімесі].

Пьесада:

“Қатай. –Ағзу биллаһи мнәшайтан разим, бисмиллә иорахман иррахи-имм... (Күбірлеп ұзақ отырып бата қылды)

Атан. – Тәуір, тиышсыз ба, шешей?

Қатай. –Құдай ісі, ақыры қайырлы болсын! Қалғандарыңа ғұмыр берсін!”. [С.Жүнісов “Ажар мен ажал” пьесасы]

Осындай мәтін ұқсастықтары екінші, үшінші бөлімдерде де кездеседі. С.Жүнісов үш бөлімді пьесаға, үш шығарманың сарындарын, әрекеттерін алып қана қоймай өзіндік үлес те қосқанын аңғарамыз.

Пьесаның екінші бөліміне Ғ.Мүсіреповтің “Ашынған ана” әңгімесінің кейбір оқиғалары арқау болған. Бұл әңгімеде де драманың элементтері жетерлік. Мәтіндік салыстыру:

Әңгімеде:

“Керілген кермиық жас қатыны бар еді. Қара үйге бар. Бұл үйге кісі келеді, - деп айдап шықты. Мен кісі емей, итпін бе дейін деп кеудем бір қозып тұрды да, айта алмадым, шығып кеттім [Ғ.Мүсірепов “Ашынған ана” әңгімесі].

Пьесада:

Келіншек үнсіз ғана тосырқап, танымайтын сұлу келіншектің басынан аяғына дейін әлденені қызғанғандай салқын, сүзе қарайды.

Ажар. –Болыстың үйі осы болар? Ақлима деген жамағаты сіз боларсыз?

Ақлима. –Біз болсақ, біз болармыз... Оны қайдан біліп тұрсың. Мен сені танымаймын...” [С. Жүнісов “Ажар мен ажал”]. Негізгі мағыналары бір.

Әңгімеде:

“Өзім көзім қарайып, обалымды пышаққа артып, қанымды шашайын деп жүрген адам, сар кездікті жұлып алып, жүтіріп келіп шалқасынан жатқан болыстың жұтқыншағынан салып кеп жібердім” [Ғ.Мүсірепов “Ашынған ана”]

Пьесада:

“Атан жастыққа домалап, ішін басып ішек-сілесі қатып жатқанда, Ажар көз ілестірмей босағада жатқан балтаны ала сала Атанды шабады” [С. Жүнісов “Ажар мен ажал”]. Мәтіндік ұқсастықтар бар.

Б.Майлиинің “Раушан – коммунист” повесіндегі басты кейіпкерлер Раушан мен Бәкен, С.Жүнісовтің “Ажар мен ажал” пьесасындағы Ажар мен Бөпіш арасындағы тұрмыстық, отбасылық қарым-қатынастары ұқсас байланыс бар. Повестегі мөр басу оқиғасы, хатшының (өкілдің) артына тығылуы, хатшымен жақындық туралы әйелдердің өсектері, т.б. пьесадағы әрекетке негіз болған. Дәлелдерге жүгінейік.

Повесте:

- Әй, қатын, тұра тұр, - деді Бәкен.

- Немене?

- Мына кісінің жұмысы бар білем, соны бітіріп бер.

- Жоқ, қайнаға, өтірікке мөр баса алмаймын ! – деді.



- Сенің онда нең бар? –деп, Бөкен ежірейе қарады” [Б.Майлин “Раушан – коммунист”].

Пьесада:

«Бөпіш»: Ажар, мөрді әкелші.

Ажар: Мөр?

Бөпіш: Иә, мөр!... Саған не үшін керек еді? Маған да сол үшін керек. Менің де елім, жақын-жұрағаттарым бар, жұртта жалғыз ұлып қалған бұралқы ит емеспін. Еркек болып себебім тимесе, сенің ауылнайлығыңнан, маған әйел болғаныңнан не пайда” [С. Жүнісов “Ажар мен ажал”].

Мәтіндік салыстырулардың қорытындысынан көрініп тұрғандай Сәкен Жүнісовтің “Ажар мен ажал” драмасында “Қорғансыздың күні”, “Ашынған ана” әңгімелерінің, “Раушан – коммунист” повесінен алынған кейбір оқиғалар, идеялар, әрекеттер жатқандығын айғақтайды.

Аталған прозалық шығармалардың көшірмесі немесе нашар шыққан инсценировкасы ғана емес, өз алдына жеке пьеса боларлық көркемдігі, толық құқы бар сахналық туынды екендігіне назар аударамыз. Л.И. Тимофеев: “Во многих отношениях драма чрезвычайно близка к эпосу. С чисто литературной точки зрения драма в сущности и есть эпическое произведение – роман, повесть, в котором есть только одна своеобразная особенность: драма лишена речи повествователя” [13,373],- деп эпос пен драма табиғаты арасындағы айырмашылығы жайында айтады.

Драмалық шығарма болуы үшін, онда: драмалық жағдай, драмалық бейнелер, драмалық тартыс, диалог, монолог, әрекет, характерлар болуы міндетті. Бұл шарттардың барлығы да “Ажар мен ажал” пьесасы бойынан табылады.

Пьесадағы әр кейіпкердің атқаратын жүгі әр қалай. Драмадағы тартыс – ширыққан, тартымды. Адалдық пен арамдық қатар өрбіп, психологиялық ахуалда эсер етіп, пьесаның басынан аяғына шейін тас түйін қалпын бұзбаған. Оқиға орталық қаһарманы – Ажардың айналасына жинақталған. Бір Ажардың өзіне ауыртпалықтың сан түрі түссе де, мойымауынан - қос ғасыр тоғысындағы қазақ әйеліне тән шыдамдылықты, қайсар мінезді көрсетеді.

Пьесаның экспозициясы бірінші көрінісінде толықтай ашылмай, біраз созылықтылық күй кешкен. Бұған себеп: жас драматургтің тәжірибесінің қайнауы кемшін, ал тақырып жүгі ауыр, орталық кейіпкерлерінің ұнамды, ұнамсыз бейнелері жан-жақты терең болуында болса керек.

Ғалым Н.Ғабдуллин: “Пьесада бүкіл іс-әрекет, бар оқиға біздің көз алдымызда дәл қазір өтіп жатқандай боп көрінуге керек. Сол оқиғалар сипатынан кейіпкерлердің өткен өмірін де, келешегін де білеміз. Автор драматургияның қатаң талабына оқиғаны бағындырады, бірақ геройлардың іс-әрекетінің даму заңдылығын берік ұстауға тиіс” [14,13],- деп, пьесадағы оқиға арқауы өмірден алшақ болмауын қатаң ескертеді.

Пьесаның бірінші бөліміндегі оқиға, яғни болыс ауылының еріккен бай жігіттері Атан мен Қатай “арсыз көңілдерін” көтеру үшін жолға шығып, жуыр арада баласы мен келінін жерлеп, қолына қарап қалған 15-16 жас шамасындағы жетім қыз баласы бар соқыр кемпірдің қараша үйіне бас салып, есіктен сығылысып кіріп келеді. Амандық-саулық бітпей жатып, терезені тырналап, сырттан ит ұлиды. Осы жерде драматург шағын деталь арқылы (иттің аянышты ұлуы) алдағы болайын деп тұрған жамандықты психологиялық меңзеп, жандандырып тұр.



Пьесадағы Ажар бейнесі – күрделі тұлға. Шығарманың бірінші актісінде Ажар әлі жас шыбықтай майысқан, жан баласына тіке қарамайтын уыздай, пәк болып көрінсе, екі жауыздың озбыр қылығынан, қорғансыз әжесі боранда үсіп өлгеннен кейін, өмірдің қилы тұрмысын басынан кешіп, ысылады. Озбыр Атанның опасыз ісінен кейін екіқабат болып, дүниеге әкесіз сәби әкеледі. Пьесада оқиға шиеленісіп, драмалық тартыс күшейе түседі.

Драма оқиғасының шиеленісуі, тартыстың күшейуі – батыл ана Ажар өзінің намысын қорлаған, жалғыз ұлы жас Олжатайын “солдатқа” іліктірген, орыс офицеріне қолжаулық қылғысы келіп, өзіне жала жаппақшы болған болыс Атанның зұлымдығына шыдай алмай, балтамен басын шабатын кезені. Пьеса авторы ойының шешімі – жалғыз ұлынан айырылса да, бүкіл ана атаулыны намыстан айырылтпау.

Р.Нұрғалиев: “Драматургиядағы негізгі талап – тартыс үстінде ашылатын мінезді белгілеу” [15,38],- десе, пьеса авторы Ажарды оқиғаға жиі араластыра отырып қазақ әйелінің өжет, қайсар, күрескерлік мінез-құлқын ашып, өнеге етеді. К.Нұрпейісов: “...драматургтің басты ойы мәңгі жасайтын ананың тұлғасын көрсету ғой. Олай болса оған оқ атылуы тиіс емес. Тіпті оған кезеліп тұрған Жұматайдың қолынан оқ атардың түсуін тегін дей алмаймыз. Өйткені, ана арының жеңісі – мәңгі жеңіс” [16],- десе, Қ.Уәлиев: “Спектакльдегі Ажар бейнесі шын мәнінде қазақ әйелінің ғасырлар бойы басынан өткерген қайғы-қасірет, күреспен жеткен азаматтың өр тұлғасы деп түсінгеніміз абзал” [17, 190], - деп сыни ойларын білдірген.

Орталық қаһарман Соқыр кемпір – психологиялық кейіпкер. Драматургтің терең толғанысынан, сезімінен сомдалып бейне. Автор орталық кейіпкерінің аузына үнемі сөзді аянышты, жүрек тебіренер реңімен беріп отырады. Мысалы: “Соқыр кемпір: Балам артында қалғанда, Ажарымның көз жасын нәр етуге қалыппын ба. Үлбіреген жібегімді тұқыл өгізге қалайша бөстек етермін; – Құлыным-ай, жалғызым-ай, адам бөрісінен құтыла алмай жүріп, дала бөрісіне жем болдың-ау, панасыз қозым, жарығым-ай!” [“Ажар мен ажал”],- деп зар қағады. Бір көріністен екінші бір көрініс оқиғасы аянышты, салмағы ауырлай түседі. «Соқыр кемпір» бейнесі – пьеса шаңырағының тіреуі.

Негізгі кейіпкер Сары жорға: қысқа эпизодтық, шағын бейнелерге жатқанымен, шығарманың тұтастығын сақтауға, оқиғалардың тартысты болуына өз үлесі бар. Шығармадағы «Сары жорға», «Тамыршылар» – Ажар мен Бөпіштің арасына ши жүгіртушілер, іріткі салушылар, шырқын бұзушылар қатарында жоғары қызмет атқарады.

Ал, Бөпіш: табығатынан ақкөңіл, бөтен кісінің ала жібін аттамайтын, тек қана еңбектің адамы. Пьесада үнемі ынжық кейпінде суреттеле береді. Ажарды көре алмайтындар Бөпіштің жуастығын пайдаланып, неше түрлі айлаларын жүзеге асырмақшы да болады. Өсекшілер Бөпішке “Ажардың күйеуі” деп ат қойып, айдар да тағып қояды. Бөпіштің қылығы ащы күлкі тудырады, бірақ күнделікті өмірдегі табығатынан асып кете алмағаны шығармада көрініс тапқан.

Шығарма авторы әр кейіпкеріне даралық сппат дарытады. Мысалы, Атан мен Қатай бір сипаттағы адамдар болғанымен, екеуінің характерлеры мүлде екі басқа. Атанның атқарып жүрген жалған рөлі – болыс атағы, жауыздық, екі жүзділік, озбырлық. Ал, Қатай - өз қарақан басы үшін бірге туганын да сатып



жүре беретін алаяқ, жымысқы қу. Қатайдың осы ішіне бүккен қулығы жаңа үкімет орнаған кезде де оны кәмпескеден, айдаудан құтқарады. Бұрынғы істеген қылықтарын болыс Атанға аударып, өзін болыстың атқосшысы болдым деп тайқып құтылады. Зұлым Қатай әлі ойы, бұғанасы қатпаған Жұматайдың қолына мылтық ұстатып жіберіп, өз басын толық дәлелді арашалап, құтылмақ ойы жүзеге аспай қалады. Оған себеп, бала да болса Жұматай анасындай Ажардың терең, жүрек толғантар сөзіне тоқтап, өткен іс-оқиғаларға әкесі Атанның кінәлі екенін мойындап, Ажарға кезеңіп тұрған қолындағы тапаншасы түсіп кетуінің астарында үлкен сыр бар. Сыншы Әкімқұлов Е: "Қатай – қазақ драматургиясындағы Жантық тақылеттес үлкен кейіп. Оның сұр жыландай арбау тәсілі әріде жатыр. Ол Ажарды масқаралау үшін қандай кесапаттыққа болса да әзір" [18], - деуі орынды.

Пьесада шағын бейнелер қатарында Ақлима да бар. Ажардың: Тыңда онда, Ақлимадай анадан туған шын азамат болсаң", - деп Жұматайға қаратылып айтылатын сөзіне қарағанда, Ақлима өз бейнесіне сәйкес келе бермейді. Пьесада Ақлима ұяң, болыстың әр қимылына, әрекетіне құлдықпен қарап, айтқанына бұрыс болса да бас шұлғи беруі нанымсыз, Ажардың жалынды сөзімен үндеспей тұр.

Ал, Дүйсен, Үрләпия, Әукен бейнелері – бүйректен сирақ шығарушылар, бүлікшілер тобына жатады. Үрләпия атынан айтылатын небір ұятсыз, ыңғайсыз сөздер өздерінің қандай адамдар екендіктерінен хабар бергізеді. Ал, Әукен - сөзі мен ісі дойыр, топас, түсінігі таяз жандардың жиынтық бейнесі.

Сонымен қатар, пьесада кейіпкерлер саны шектен тыс көбірек. Персонаждардың барлығы да өз жүктерін бірдей атқарып тұрған жоқ. Мысалы, шағын эпизодтық рольдер немесе аз ғана қызмет ететін кейіпкерлердің атқаратын міндеттерін біріне-біріне жүктеуге де болады. Персонаждар шектен тыс көп болса, мінез сомдауда да ой көпке бөлінеді. Пьесаның бірінші актісінде Ажар мен әжесінің бейіт басындағы әрекеттерін автор қайталай береді. Әукен, Үрләпия, Дүйсендердің қараша үйдегілерді әуре-сарсаңға салуларында әрекетті созып алушылық та байқалып қалады.

"Ажар мен ажал" пьесасы турасында әр кезде жарияланған Ә.Сәрсенбаев, Қ.Нұрпейісов, Е.Әкімқұлов, С.Латиева, Р.Нұрғалиев, С.Ордалиев, М.Хасенов, Б.Құндақбаев, Ә.Сығаев, т.б. мақала, сыни-сараптамаларында жалпы сөз болғанымен, арнайы зерттеу нысаны болған емес. "Биыл өткізілген халық театрлары мен драмалық коллективтердің республикалық байқауында 35 коллективтің барлығы бірдей С.Жүнісовтің "Ажар мен ажалын" көрсетуі - репертуар байлығын көрсетпесе керек" [19,10],- деген театр зерттеушісі Б.Құндақбаевтің сөзінен сол кезең шындығын, сол уақытта пьеса өміршең болғанының айқын дәлелі.

Тарихи туынды "Ажар мен ажал" пьесасының тақырыптық негізі, авторлық концепциясы – "төңкеріске" дейінгі қазақ әйелдерінің басындағы әлеуметтік теңсіздік, ескі-салт сананың шырғауынын аса алмай құрбан болатын әйел затының ауыр тұрмысынан ащы сыр шертетін алғашқы қазақ драматургтерінің бірі К.Тоғысовтың "Надандық құрбаны", М.Әуезовтің "Еңлік-Кебек", Қ.Кемеңгеровтің "Алтын сақна", т.б. сахналық туындыларының аясында қалмай өзіндік жол ұстанып, барша ана атаулы адамзат баласының намысын аяққа таптатпай, тың пікір ұстанады. Соңында ажалды жеңген ананың, күрескер ананың ескерткішін сомдайды.



Белгілі прозалық шығармалар мен төл шығармаларға драматургия жанрының заңдылығын, сахнаға лайық өзгерістер енгізген; қаһармандар қактығысын күшті тартысқа құрған; басты бейнелерінің салмағын әлсіретпей, қайта әр қырынан күшейте түскен; жекелеген кейіпкерлеріне драмалық мінез бітірген; актер ойынын да ойынан шығармай драма ырғағына құрған, интонация берілген; драма монолоғын, диалогын қайта түзіп шыққанын байқадық. Негізгі тақырып, өзекті желі, идея сақталғанымен, шығармалары сапалық өзгеріске ұшырайды. Тартыс дамытылып, тыңнан оқиғалық желілер қосылады. Кейіпкерлері ирозалық шығармаларда байқалмаған жаңа қырымен көрінетін әрекеттері инсценировкалау табиғатына тән құбылыстар.

Әдебиеттер

- 1 Нұрғалиев Р. Күретапыр. – А.: – 1973
- 2 Есембеков Т. Драматизм в казахской прозе. – А.: – 1997
- 3 Мүсірепов Ғ., Ә.Әбішев, Ә.Сәрсенбаев, К.Нұрпейісов, Е.Әкімқұлов, С.Ордалиев, С.Қирабаев, З.Қабдолов, Р.Нұрғали, Б.Құндақбаев, Ә.Сығасев, Р.Тоқтаров, Тарақты Ақселеу, С.Негімов, К.Уәлиев, М.Хасенов, Т.Есембековтің, М.Халиолин, Т.Қажыбаев, Р.Тұрысбеков, Б.Бұлғақбаева, С.Ғазезов, Ж.Жақанова, Х.Әдібаев, К.Ғалымтаев, Т.Кешубаев, Ә. Шапауов.
- 4 Словарь литературоведческих терминов. – М.-Л.: – 1972
- 5 Толстой А. Собр.сочинения. – М.: 1975
- 6 Қабдолов З. Сөз өнері. – А.: – 1976
- 7 Рүстембекова Р. Драматургия Б.Майлина. Автореф.канд.дисс. – А.: – 1965
- 8 Сәрсенбаев Ә. Ажалды жеңген ана //Соц.Қазақстан. – 1967
- 9 Нұрпейісов К. Ажар жеңісі//Соц.Қазақстан. 1968
- 10 Құндақбаев Б. Театр және заман. – А.: –2000
- 11 Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – А.: – 1998
- 12 Нұрғалиев Р. Күретапыр. – А.: – 1973
- 13 Тимофеев Л.И. Теория литературы. –М.: 1972
- 14 Ғабдуллин Н. Ғабит Мүсірепова - драматурғ. – А.: –1982
- 15 Нұрғалиев Р. Күретапыр. – А.: 1973
- 16 Нұрпейісов К. Ажар жеңісі//Соц.Қазақстан. 1968
- 17 Уәлиев Қ. Сахна – менің өмірім. – А.: 1982
- 18 Әкімқұлов Е. //Соц.Қазақстан. 1968
- 19 Құндақбаев Б. Театр және заман. –А.: – 2004

А.К. Шапауов От прозы к драме

Процесс перевода жанрового своеобразия прозаических творений в строго драматические произведения – дело нелегкое. Сужая широту и вольность авторского простора, которые он имеет в прозаических произведениях, в целях ограничения компонентов в создании образов героев, еще нельзя говорить о появлении сценической вещи. При переходе из эпоса в драму, то есть в инсценировку прежде всего должны быть драматический конфликт, драматическая ситуация, характер, драматический язык, ибо все это – требование жанра.

Ключевые слова: прозаическое произведение, жанр, драматическое произведение, автор (писатель), художественная литература, конфликт, обострение, характер, драматическая ситуация.



A.K. Shapauov
From prose to drama

Translation process of a genre originality of prosaic creations in strictly drama works – business hard. Narrowing the width and a liberty of an author's scope which it has in prosaic works, for restriction of components in creation of images of heroes, still it is impossible to speak about emergence of a scenic thing. Upon transition from the epos in the drama, that is in a performance first of all there have to be a drama conflict, a drama situation, character, drama language because all this is the genre requirement

Key words: prose works, genre, drama, author, fiction, dispute, worsening, temper, dramatic situation

УДК 81'373,21 (574)

Г.А. Донскова - к.ф.н., старший преподаватель,
ЗКГУ им.М.Утемисова
E-mail: Galina_Anatolievna0404@mail.ru

Аннотация. В статье рассматриваются параметры изучения языковых особенностей эргонимов – названий туристических агентств (на материале г. Уральск)

Ключевые слова: ономастика, эргоним, антропоним, мифоним, топоним

ЯЗЫКОВЫЕ ОСОБЕННОСТИ ЭРГОНИМОВ – НАЗВАНИЙ ТУРИСТИЧЕСКИХ АГЕНТСТВ (НА МАТЕРИАЛЕ Г. УРАЛЬСК)

Проблема изучения собственных имён остаётся актуальной в лингвистике XXI века: развиваются традиционные (топонимические, антропонимические) и относительно новые для пространства независимых государств СНГ ономастиконы. К таким ономастическим группам мы относим эргонимы – названия разнообразных объектов: предприятий, учреждений, обществ, объединений. В своей статье мы предлагаем развернутый анализ структурно-семантических особенностей эргонимов – названий туристических агентств и фирм, действующих в городе Уральске (Республика Казахстан) по состоянию на июнь месяц 2013 г.

Отметим предварительно основные особенности, характеризующие эргонимию конца XX – начала XXI века:

- быстрый рост числа объектов, приобретающих официальное онимическое обозначение (магазины, кафе, аптеки, ателье, парикмахерские и пр.);

- быстрый рост новых по функциям объектов (ночные клубы, развлекательные центры, туристические агентства), требующих новых имён, которые были бы способны не только выделить объект на карте города, но и стать частью рекламного текста.


Синхронический срез эргонимов – названий туристических агентств (далее - НТА) выявил наличие 45 единиц наименований. В тексте статьи они даны в зафиксированной графической форме:

- кириллической (русской и казахской – 31 эргоним), латинской (14 эргонимов);

- строчными (30 эргонимов) или прописными буквами (15 эргонимов).



Диаграмма 1.



Структурная выраженность словом или словосочетанием. Незначительная часть эргонимов НТА выражена отдельным словом (13 эргонимов - 28,8 %):

«Панорама», «DENIZ», «Круиз», «МАНГО», «Пангея», «ПОСЕЙДОН», «Тропикано», «Kazunion». Отметим иолиязычность этой группы с отсутствием доминант. Это достаточно нетипично для эргонимов Уральска, в которых доминируют отдельные словарные единицы. Например, в эргонимах – названиях парикмахерских – однокомпонентные названия составляют 80%.

Особую промежуточную группу представляют эргонимы с компонентом «тур»: «АльянсТур», «Зевстур», «КАЗИНТУР», «Оралкинтур», «ORALINTOUR».

Часть эргонимов представляют собой заимствованную английскую словообразовательную форму: «Азия-тур», «Аска-тур», «Гермес-Тур», «Диана-тур», «ТРОПИКАНА - ТУР». В русистике такие языковые единицы не нашли единой трактовки: они могут рассматриваться как словосочетания с аналитическими прилагательными или как сложные слова [1:245]. В ономастике также их нельзя однозначно отнести к сочетаниям «прилагательное-существительное». Определительные (собственно-характеризующие) отношения можно усмотреть в эргонимах: «Азия-тур», «Гермес-Тур», «ТРОПИКАНА – ТУР» (Азиатский, торговый, тропический).

Особый статус корневой морфемы Тур подтверждается её активностью в качестве отдельной словоформы в составе эргонимов: «Лидер Тур», «Навигатор тур», «НИКА ТУР», «ТАЛАП ТУР». Как видим, чаще она представлена в попозиции, но возможна и препозиция – «Тур Маркет». Препозиция означает адъективацию – переход его в разряд прилагательного. Эта специфическая группа составляет больше трети эргонимов (35,7 %).

ВЫВОД

Словосочетаниями выражено 35,5 % эргонимов. Традиционны имена прилагательные в сочетании с именами существительными, которые, однако, в НТА представлены исключительно английскими, реже – казахскими или русскими компонентами:

- английскими основами - иноязычными вкраплениями - представлены «DELUXE TRAVEL», «Fantasy travel», «FANTASY TRAVEL», «Free Travel»,



«GOLDEN TRAVEL», «Uniserv travel», «West tour», «Otrar Travel» (Otrar – в латинской транскрипции – один из древнейших городов Средней Азии);

- английскими основами – варваризмами, «ОНУР ТРЭВЕЛ» (где О - начальная буква антропонима – имени владельца, а нур (казахское) - свет, сияние), «Тур Маркет», «Азия трэвел», «Панорама трэвел».

Сочетаниями «имя существительное + имя существительное» выражено только 4 эргонима:

- русской генетивной конструкцией: «Ветер странствии», «Мир путешествий»;

- казахским компонентом «Атамекен лтд» (отчизна: родной край; земля отцов) и «НУР-АЙ и КО» (нур - свет; луч солнца; сияние; ай - луна; месяц) в сочетании с разными в диахронии популярности компонентами эргонимов. Так, союзное сочетание «и компания = и К^о = и КО» было частым в эргонимии досоветского периода. В таких эргонимах первым компонентом была фамилия предпринимателя. В нашем случае происходит трансформация конструкции в сочетание апеллятивов (сияние луны) и постпозитивного «и компания», что в буквальном переводе утрачивает логику.

В конце XX в. в эргонимии стал популярен компонент ЛТД, пришедший из экономической сферы: ЛИМИТЕД КОМПАНИ. Как разъясняется значение в словаре иностранных слов, «ЛИМИТЕД КОМПАНИ [англ. limited company, сокр. Ltd - общество с ограниченной ответственностью] - экон. вид акционерного общества, фонд которого разделен на доли, определяемые учредительным документом; несет ответственность по обязательствам в пределах своего имущества, а участники - в пределах своего вклада (без акций)» [2]. Отметим нежелательность сочетания подобного компонента с лексикой, имеющей особую этнокультурную ценность.

Остановимся более подробно на полиязычии групп НТА.

1. Английские основы, данные как иноязычные вкрапления: «DELUXE

TRAVEL», «Fantasy travel», «Free Travel», «GOLDEN TRAVEL», «Uniserv travel», «West tour».

2. Казахские основы (данные в различной графике) в сочетании с английскими вкраплениями: «Otrar Travel», «Kazunion», «ORALINTOUR» (ORAL – английская транскрипция казахского ойконима Орал – русский эквивалент Уральск), варваризмами – «ОНУР ТРЭВЕЛ» или словами, освоенными русским языком: «Атамекен лтд». Возможна также сложная композиция из латинской транскрипции казахского компонента NurAi и английского постпозитивного «&Co» - «NurAi&Co».

3. Казахские основы (данные в различной графике) в сочетании с русскими морфемами («КАЗИНТУР», «Оралкинтур») или словами: «НУР-АЙ и КО», «ГУЛЬНАР ТУР» (Гульнар – антропоним, буквальный перевод –гранатовый цветок), «ТАЛАП ТУР» (Талап – многозначное слово, для эргонима группы НТА отметим как актуальные семы: «стремление: упорное желание, цель, желание», и, возможно, как характеристика фирмы – «ответственность»).

Особенностью использования казахских онимических и апеллятивных единиц можно считать использование глубинных слоёв многозначности,



которые дают основание рассуждать об особенностях этнокультурного поля казахского ономастикона, семантику которого охватывает, прежде всего, социум, владеющий казахским языком (родным, государственным и международным). В связи с этим возрастает роль мотивации в усвоении казахского государственного языка, раскрывающего глубинные смыслы слов, в том числе - названий городской инфраструктуры.

4. Русские основы составляют 33,3 % эргонимов НТА:

«Ветер странствий», «Гермес-Тур», «Панорама», «1001 Ночь», «ВАШ МИР», «Глобус Тур», «Диана-тур», «Зевстур», «Круиз», «Лидер Тур», «МАНГО», «Мир путешествий», «Навигатор тур», «НИКА ТУР», «Пангея», «ПОСЕЙДОН». Промежуточную группу представляют «квазиварваризмы» «ТРОПИКАНА – ТУР» и «Тропикано».

Интересными являются турецкие по происхождению эргонимы «DENIZ» и «Аска-тур». «DENIZ» – по названию популярного в Казахстане турецкого сериала Deniz Yildizi («Дениз Йылдызы»), транслировавшегося в 2010-2011 - более 400 серий!). Эргоним «Аска-тур» включает турецкий компонент Аска, часто встречающийся в названиях сети отелей Турции: «Aska Baran Hotel», «ASKA PAN HOTEL 4*», «<http://travelstar.ru/Turkey/hotel/h21026/Hotel> «ASKA BUKET RESORT & SPA 5*», «ASKA JUST IN BEACH HOTEL 5*», «Aska Club Hotel Sun Heaven», «Aska Costa Holiday Club 5*», «Aska Sun Queen Hotel 4*», «Aska Costa Holiday Club Hotel Manavgat».

Пока единственный китайский компонент в эргониме «Dilai Tour» также вызывает ассоциации с Dilai - отелем в Бэйхай. Китай как туристическое направление пока не доминирует в структуре мест отдыха казахстанцев.

Основами эргонимов НТА могут быть апеллятивные единицы:

- казахские: «NurAi&Co», «Атамекен лтд», «НУР-АЙ и КО» и смешанные - «ОНУР ТРЭВЕЛ»;

- английские: «DELUXE TRAVEL», «Fantasy travel», «FANTASY TRAVEL», «Free Travel», «GOLDEN TRAVEL», «Uniserv travel», «West tour» и смешанные: «Тур Маркет»;

- русские: «ВАШ МИР», «Панорама», «Круиз», «МАНГО», «Ветер странствий», «АльянсТур», «Глобус Тур», «Лидер Тур», «Мир путешествий», «Навигатор тур» и смешанные: «Панорама трэвел», «Тропикано».

Обобщения по языковой представленности основ эргонимов – названий туристических агентств г. Уральск можно представить в виде диаграммы, которая показывает, что треть эргонимов имеет тюркские основы (казахский и турецкий языки), английские основы составляют 16 %, английские компоненты основ – 23%, доминирующее положение занимают русские онимические основы – 45 %.

Выбор языковых основ эргонимов – названий туристических агентств можно объяснить социолингвистическими причинами:

- активное развитие казахского языка не только как государственного (употребление в эргонимах – названиях туристических агентств, предлагающих услуги туризма и лечения внутри Казахстана), но и в качестве международного языка посредством продвижения новых казахстанских брендовых имен, имеющих глубокую этнокультурную и этнополитическую семантическую составляющую;



- определённое доминированием английского языка в сфере туристического бизнеса в большинстве регионов мира;
- безусловная территориальная близость, наличие развитых бизнес-контактов с туристическими агентствами России.


Диаграмма 2



Здесь следует отметить также активное межъязыковое взаимодействие оптимизируемых основ:

- русских и английских ("Азия трэвел", "Панорама трэвел", "Тур Маркет");
- казахских и английских ("NurAi&Co", "OtrarTravel", "Атамекен лтд". "ORALINTOUR", "ОНУР ТРЭВЕЛ", «Kazunion»);
- казахских и русских ("НУР-АЙ и КО", "ГУЛЬНАР ТУР", "КАЗИНТУР"
- "Оралкинтур ", "ТАЛАП ТУР");
- китайских и английских (Dilai Tour).

Диаграмма 3





Наблюдаемая высокая словообразовательная динамика тюркских (прежде всего – казахских) основ отражает высокий потенциал казахского языка, который вполне закономерно становится доминирующим в большинстве онимических со-пространств Казахстана и активно выходит на международный уровень употребления.

Достаточно часто основами эргонимов становятся онимические единицы других со-пространств. Так, нами отмечены следующие онимические группы основ эргонимов НТА:

- мифонимы: «ПОСЕЙДОН», «Гермес-Тур», «Диана-тур», «Зевстур», «НИКА ТУР»;

- ойконимы, где представлены только казахские названия, данные в латинской графической форме: «ORALINTOUR», «Otrar Travel»;

- поэтонимы: «DENIZ», «1001 Ночь»;

- топонимы: «Пангея», «Азия трэвел», «Азия-тур», «КАЗИНТУР».

Здесь доминируют названия, связанные с юго-восточным или центрально-азиатским направлениями туризма. Названные выше онимические основы достаточно хорошо известны социуму, они включают ономастическое пространство, входящее в круг изучаемых в средней школе единиц (Посейдон - бог моря, Гермес - бог торговли, прибыли, разумности, ловкости, плутовства, обмана, воровства и красноречия, дающий богатство и доход в торговле, бог атлетов. Он же - покровитель глашатаев, послов, пастухов и путников; Диана - богиня растительного и животного мира, женственности и плодородия, Зевс - бог неба, грома и молний, ведающий всем миром; Ника – богиня победы и другие). Семантика мифонимов достаточно часто обыгрывается в других тематических группах эргонимов, особенно в названиях магазинов, кафе и парикмахерских. Исключение составляет «ПАНГЕЯ» (См. Энциклопедический словарь: «ПАНГЕЯ (от греч. pan - все и ge - gaia - земля), гипотетический суперконтинент, объединявший в палеозое и начале мезозоя все современные материки. Расколы и раздвижение его частей связывают, согласно гипотезе "новой глобальной тектоники", с образованием новой системы конвекционных ячеек в мантии)» [3]. Онимическая основа употреблена, скорее всего, в буквальном смысле – вся земля.

- эргонимы: «Dilai Tour», «Аска-тур», «ТАЛАП ТУР»;

- антропоним: «ГУЛЬНАР ТУР».

Особенностью эргонимов – названий туристических агентств города Уральска является, как видим, крайняя не востребованность антропонимов, которые доминируют в других группах эргонимов. Семантические доминанты оказываются предсказуемыми: 31 эргоним группы НТА имеет в своем составе компоненты:

- тур (16 единиц),

- tour (3 единицы): «Dilai Tour», «West tour», «ORALINTOUR»;

- travel (6 единиц): «DELUXE TRAVEL», «Fantasy travel», «FANTASY TRAVEL», «Free Travel», «GOLDEN TRAVEL», «Uniserv travel»;

- транслитерированный вариант - трэвел (3 эргонима) «ОНУР ТРЭВЕЛ», «Азия трэвел», «Панорама трэвел»;



Присутствуют также группы эргонимов с семами «пространство и его символы»: «Панорама», «ВАШ МИР», «Глобус Тур», «Пангея», «ПОСЕЙДОН», «Ветер странствий».

Однако неожиданно редкими оказались эргонимы с семой «экзотичность»: «МАНГО», «ТРОПИКАНА - ТУР», «Тропикано». «Восточная» составляющая представлена семами в эргонимах: «1001 Ночь», «Dilai Tour», «NurAi&Co».

Отметим также наличие коннотативных значений части компонентов английского (DELUXE, Fantasy, Free, GOLDEN) и казахского (НУР-АЙ, ГУЛЬНАР, ТАЛАП, Атамекен) языков. Русские основы более нейтральны в точки зрения оценочности.

Подведём некоторые итоги:

- сложность определения структуры эргонимов группы НТА с точки зрения морфологической и деривационной представляется частью общего процесса увеличения количества и усложнения имен с иноязычными компонентами, что влияет на систему русского языка, «пополняя ее новыми формантами ... и изменяя продуктивность и статус самой модели» [4];
- сходные процессы протекают в казахском языке, особенно в онимической его составляющей;
- семантика эргонимов группы НТА тесно связана с функцией объекта номинации; почти нет немотивированных онимов;
- только 20 % эргонимов имеет коннотивную окраску, что нетипично для начального этапа формирования эргонимической подгруппы. Возможно, уже произошло перенасыщение положительной коннотацией других онимических со-пространств, что объясняет прагматичность анализируемых эргонимов;
- трёхязычие эргонимического пространства связано с государственной программой, в связи с чем «начата реализация культурного проекта «Триединство языков», цель которого - массовое овладение казахстанцами тремя языками: казахским, русским, английским» [5].

Литература

1. Русская грамматика: научные труды. В 2-х тт. / Брызгунова Е. А., Габучан К. В. (ред.) — М.: Институт русского языка имени В. В. Виноградова, 2005. — 1496 с.
2. Комлев Н.Г. Словарь иностранных слов – М.: ЭКСМО, 2006.- 672 с.
<http://www.sugargrovelibrary.org/index.php/list/10-slovar-inostrannyh-slov/66,%D0%9B.xhtml>
3. Большой Энциклопедический словарь. 2000.
<http://dic.academic.ru/dic.nsf/enc3p/226366>
4. Петрухина. Е. В. Новые явления в русском словообразовании
<http://www.bestreferat.ru/referat-216439.html>;
5. Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев призвал Ассамблею народа республики (АНК) активно участвовать в развитии трехязычия в стране. 06.08.2007- <http://1news.az/world/20070806>.



Г. Донскова
Туристтік агенттіктерінің эргоним тілдік ерекшеліктері
(Орал қаласы материалдары атауларының негізінде)

Бұл мақалада ономастикалық кеңістіктің қалыптасуындағы сараптаудың көкейтесті мәселелері және жолдары туралы мағлұмат беріледі.

Кілттік сөздер: ономастика, эргоним, кісі есімі, мифоним, топоним

Donskova G.A.
Linguistic features of ergonyms – names of travel agencies (on the basis of Uralsk city names)

The article is devoted to the consideration of one of the co-spaces of proper names, its functions and language norms.

Key words: onomastics, anthroponym, ergon, mifonym, toponym.

УДК 811.512.122

Ұ.Р. Ержанова - М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік университетінің доценті
E-mail: Uerzhanova@mail.ru

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҰЛТ ТІЛІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Аннотация. Қазақстан бүгінгі таңда дүниежүзілік қарым-қатынастың дәл ортасына енді. Сондай жағдайда мемлекетіміз ұлттық мүддесін сақтап қалу үшін темірқазығы болу керек: ол – мемлекеттік тілі, туған жері, салт-дәстүрі, туған тарихы. Жаһандану процесінің алғы шарты – жас ұрпақты осы төрт қасиетті қастерлейтін етіп тәрбиелеу.

Түйін сөздер: ұлттық мүдде, ана тілі мен тарихы, әдебиеті мен мәдениеті, әдет-ғұрлы, салт-дәстүрі, діні мен ділі

Қазақстан - адамдардың халықаралық қарым-қатынасы мен ақпарат алмасуында шекарасы ашық, дүниежүзілік саяси-әлеуметтік, экономикалық шараларға белсене араласатын демократиялық және зайырлы мемлекет болды. Евразия құрлығының дәл ортасында орналасқан біздің еліміздің қазірдің өзінде Батыс және Шығыс мәдениеттерінің, ірі діни конфессиялар мен әр түрлі саяси көзқарастар арасындағы бейбіт сұхбаттың алтын көпіріне айналып, жаһандану процесінің барлық жағдайларына тартыла бастады. Дәл осы жағдайда ұлттық мүддеміз бар тыныс-тіршілігіміздің темірқазығы болғаны абзал. Себебі, Қазақстанның мемлекеттік және аймақтық қауіпсіздігі мен тәуелсіздігі, ұлтаралық келісімнің сақталуы көп жағдайда «Қазақ» деп мемлекетке атын беріп отырған халықтың рухани әлеуметіне байланысты. Жаһандану процесінде ұлт ретіндегі мүддемізді сақтап, дүниежүзілік өркениет үшін де құнды болудың басты алғы шарты – жас ұрпақты ұлтының ана тілі мен тарихын, әдебиеті мен мәдениетін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлерін, діні мен ділін қастерлейтін азамат етіп тәрбиелеу.

Қазақ халқы – рухани зор байлықтың мұрагері. Бүкіл әлемдік өркениет тарихындағы ерекше орын алатын, бір халықтың ғана емес, адамзат тудырған алыптардың қатарындағы ғұлама бабаларымыздың ұлы мұрасы әлемдік озық үлгілермен астаса келіп, мектептің оқу-тәрбие беру процесіне негіз болса, сөз жоқ, ұлтымыздың рухы биіктейді.



Осының барлығы елімізде этноәлеуметтік және этномәдени құндылықтарымызды білім беру жүйесіне енгізудің аса қажет екендігін көрсетеді.

Ұлттық құндылықтардың іргетасы отбасында, әке өнегесі, шеше тәрбиесімен қаланады. Ал өздері белгілі бір этносқа жататын, бірақ ана тілін білмейтін, ата-бабаларының там-тұмдап жинақтаған салт-дәстүрінен бейхабар, төл тарихынан нақты түсінігі жоқ, отбасыларында өсіп жатқан ұрпақты қайтеміз? Нақты өмір шындығынан туындайтын осындай мәселелер бар екенін жоққа шығара алмаймыз.

Әрбір адам - ең алдымен, өз халқының перзенті екенін, өз Отанының азаматы болу керек екенін, ұлттың болашағы тек өзіне байланысты болатынын есте ұстауы тиіс. Осы тұжырымға тоқталуға ұлттық құндылықтар көптеп көмектеседі, солар арқылы ол жалпы адамзаттық әлемге аяқ басып, өз халқының игілігін басқа халықтарға жақын да түсінікті ете алады. Сондықтан әрбір ұлт өкілі өзінің ата-бабаларының рухани мұрасын игере түсу керек. Бұл мектептің, жоғарғы оқу орындарының оқу-тәрбие процесі арқылы жүзеге асады. Әрине, бұл жәйттер ғалымдардың зерттеуінен біршама орын алғанымен, әлі де болса баланы өз ұлтының өкілі етіп тәрбиелей алатын деңгейге көтеру мәселесі бұрынғыдан да басымырақ қойылуда. Әлемде жаһандану процесі жүріп жатқанда, мектеп оқушысын, студентті этнос субъектісі ету мәселесі көкейкесті сұраққа айналуға кез-келген этнос өкілінің басқа этностар кеңістігінде белгілі бір дәрежеде ұлттық құндылықтарын сақтап қалу үшін, ең алдымен, оның негізгі белгілерін білудің маңызы зор. Себебі негізгі белгілер арқылы этнос өкілдері топтасады.

Этнос субъектісі – ол өз халқының тарихы мен мәдениетіне немқұрайлы қарамайтын, түрлі халық өкілдерінің мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарайтын, өз халқының рухани әрекетін белсенді түрде тарататын, сақтайтын, жан-жақты «сегіз қырлы, бір сырлы» адам.

Ал, тілімізге тиек, ойымызға өріс болып отырған ұлттың ұлылығын көрсететін осы негізгі белгілер қазақтың аса көрнекті ақыны Мұхтар Шахановтың «Төрт ана» өлеңінде былайша сипатталады:

*Тағдырымды тамырсыздық індетінен қалқала,
Мазмұн жоқта мазмұнсыздық шыға келер ортаға.
Әр адамды өз анасынан басқа да,
Ғұмырына етер мәңгі астана,
Демеп жүрер, жебеп жүрер арқада,
Болу керек құдіретті төрт ана:
ТУҒАН ЖЕРІ – түп қазығы, айбыны,
ТУҒАН ТІЛІ – мәңгі өнеге айдыны,
ЖАН БАЙЛЫҒЫ, САЛТ-ДӘСТҮРІ – тірегі,
Қадамына шуақ шашар үнемі.
Және ТУҒАН ТАРИХЫ.
Еске алуға қаншама
Ауыр әрі қасіретті болса да.
Құдірет жоқ төрт анаға тең келер
Онсыз санаң қаңбаққа ұқсап сенделер.
Өзге ананың ұлы болғын танымас
Төрт анасын менсінбеген пенделер.*



*Төрт анадан сенім таба алмаған
Тамырсыздың басы қайда қалмаған?!
Төрт анасын сыйламаған халықтың
Ешқашан да бақ жұлдызы жанбаған.
Қасиетті бұл төрт ана – тағдырымның тынысы,
Төрт ана үшін болған күрес – күрестердің ұлысы!*

Осы өлең жолдарындағы сөз етіліп отырған этнос субъектісінің негізгі белгілері: **туған жер** - өмір сүріп отырған халықтар мен іргелес қоныстанған халықтардың тағдырының ортақтастығын білдіретін негізгі белгі.

Тіл – мәдениет және тарихтың куәсі. Жаратылыс көрсеткіші. Тіл – сезіміміздегі, арманымыздағы, ойымыздағы, әрекетіміздегі әсем сәулет өнерінің сөзге айналған әлемі. Соныдықтан да болар **Қорқыт бабамыз**: «Тіліңе ие бол! Тіліңнің мүмкіншіліктерін біл! Тіліңді қорға! Тіліңді ұмытпа», - деген екен. Біздің ойымызша, Қорқыт бабамыздың моральдық-психологиялық қағидалары, оның өз ана тілін аса қадір тұтып, құрметтеуі ерекше атап өтуді қажет ететін жәйт. Ол адамдарды тәртіпке салу, елдің бейбіт, бай өмір сүруі жөнінде қам жеу – бұл бәрінен бұрын халық игілігі үшін қызмет ету деп тұжырымдайды.

Мағжан Жұмабаев: «Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақтың тілінде оның сайран даласы, біресе желсіз, түнде тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сары даладай үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын мінезі көрініп тұр» - деген екен.

Белгілі ғалым М.Арын «Бес анық» еңбегінде тіл мен ұлт байланысын айта келіп, тілге терең мән береді, оның тек қатынас құралы ретінде ғана емес, психологиялық, дүниетанымдық қызмет атқаратынына көңіл аударады: «Тіл дегеніңіз-белгілі бір халықтың жинаған рухани қазынасының жиынтығы, соның бәрін сақтайтын қоймасы сияқты. Сол жиналған рухани байлықты ұрпақтан-ұрпаққа тіл жеткізіп беріп отырмаса, әр ұрпақ өзінің рухани өмірін жаңадан бастаған болар еді».

Осы орайда неміс философы В.Гумбольдтың мына ойын келтіруге болады: «Ұлттың өзіне тән, іштей данышпан рухы бар, сол рухтың ерекшелігін сыртқа шығарып сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа беруші күші - тіл». Тіл - ұлттың қадір-қасиетінің жаршысы. Олай болса, біз қарастырып отырған этнос субъектісі – жас ұрпақ, әлемнің әдебиеті мен мәдениетінің озық үлгілерін, дүниені, айнала қоршаған орта мен табиғатты, ең алдымен, өзінің туған ана тілін танып білу арқылы ғана сезінеді. Жан дүниесіне туған тілі арқылы берілген, халық аузынан тараған ертегі, аңыз -әңгімелер, қисса – дастандар, шежірелер оның жадында сақталып, ұлттық сана-сезімнің, ұлттық рухының қалыптасуына ықпал етеді.

Ұлтты біріктіретін де, ұлтты ұлттан айыратын да белгілердің бірі халқымыздың салт- дәстүрі мен тілі.

Салт-дәстүр - этнопсихологиялық түсінік, ол қоғамның санасын көрсетумен қатар, ондағы адамдардың өздеріне тән тұлғалық қарым-қатынасын да білдіреді.

Ф.Энгельстің: «Тарихын білмеген адам орманда адасқан арыстанмен тең», - деген сөзіне жүгінер болсақ, тарих әрбір этнос өкілінің, тарихи шежіресінің тамырының тереңдігін түсінуге мүмкіндік береді. «Адамның тұлғасы оның бойының ұзын-қысқалығымен өлшенбейтіні сияқты,



халықтардың да үлкен-кішісі, оның аз-көптігімен өлшенбейді, өткендегі тарихи мұрасымен, адамзат игілігіне қосқан үлесімен өлшенеді», - деген екен В.А.Гюго.

Олай болса, әрбір ұлт өзінің ұлт болып қалыптасуында өзінің рухани мәдениетін - тілі, әдебиеті, өнері, ғылымы арқылы мінез-құлық, болмыс, сана-сезім ерекшеліктері арқылы анық көрсетеді. Сөйтіп өмір ұзақтығын белгілейді. Қандай да болмасын халықтың өмір ұзақтығы, мәдениетінің ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, ұлт бастамасы «баланың» өз мәдениетіне ену мүмкіндігімен анықталады.

Рухани мәдениет – адамзаттық құндылықтармен үндесіп жататын болмыс пен сананың барлық салаларындағы ұлттың өмірге әкелген төлтума қазыналары - өнер, әдебиет, білім, т. б. қамтиды. Бұлар - ұлттың рухани дүние танымы. Сонымен бірге, рухани мәдениет - әр халықтың ақыл-ойының жемісі. Ол – халықтың сана-сезімін, мінез-құлқын, саяси белсенділігін арттыратын әлеуметтік күш. Осы тұрғыда тіл мен мәдениет сабақтаса дамып, екі жақты тоғысып келіп, халықтық танымды қалыптастырады. Ал халықтық таным – рухани мәдениеттің негізі, ол тіл арқылы өрбіп дамиды.

Көне мәдениеттің аз да болса жұрнағы жер бетінде қалады. Әр этнос әлемдік мәдениетке өз шама-шарқы келгенінше үлес қосады, осыған байланысты, академик М.Әуезовтің: *«Әлемдік мәдениетке әр халық асқан сұлу кескінін – тілімен және өнерімен, итальяндықтар әсем сазды музыка мәдениетімен, египеттіктер атақты пирамидаларымен, қытайлар фарфор бұйымдарымен із қалдырса, қазақ халқы бай ауыз әдебиетімен үлес қосады»* деген ұлағатты ой-пікірін еске ала кету орынды демекпіз.

Сөйтіп, жеке адам бала кезінен бастап-ақ өз ұлтының тілі мен мәдениетін меңгереді. Осылайша белгілі бір ұлт өкілінің ұлттық сана-сезімі қалыптасады.

Этникалық сөздікте «менталитет» ұғымына мынадай анықтама берілген: *«Этникалық менталитет грекше Etnos – халық, французша Mentalite – рухани»* әр халықтың өздеріне тән ойлау жүйелері, мәдениеті, өнері, тілі. Менталитет қай тілде айтылмасын, оның негізі латын сөзінен (Mentaliti) алынған. Бұл ұғым жеке адамдардың болмыс-бітімін, ойлау түрін, сонымен бірге мүмкіндігін бейнелеп, олардың басқа физикалық құбылыстарын, ерекшелігін ажыратып береді.

Шығыс халқының, олардың ішінде қазақтардың өз менталитеті бар. Көшпелі өмірден туындаған қазақ елінің менталитеті - бірте-бірте қалыптасқан мінез-құлқын, әдет-ғұрпын, ойлау жүйесін, салт-санасын бейнелейтін рухани келбетінің сомдалған жиынтығы.

Өз ұлтымыздың өкілдерінің бүгінгі тағдырына қанымыз қайнап, жанымыз ашитыны рас, өз тілін, этноәлеуметтік және этномәдени құндылықтарын білулері керек екендігін сезсе де, оған әлі де жатырқамай, жатсына қарайтын ұлтымыздың өкілдері баршылық. Олар қазақтың бір туар иерзенті Амангелді Айталы ағамыз айтқандай: *«Өздерін, ұрпағын жалпы ұлтсыздыққа қарай бейімдеп, ақ сүт берген анасының омырауын кесетін ұлтсыздар ұрпағын өмірге әкелетіндігін сезінер ме екен»*. Тіпті өзін ешқандай ұлтқа жатқыза алмайтын «космополит» та түптің түбінде басқа ұлт өкілінен айырмашылығын сипаттайтын негізгі белгілері туған жеріне, туған тіліне, салт- дәстүріне, туған тарихына жақын болады деп үміттенеміз.



Әдебиеттер

1. Шаханов М. Эверестке шығу. –Алматы, Атамұра, 2003ж.
2. Мағжан Жұмабаев. Шығармалар жинағы, Алматы, 2006 ж.
3. М.Арын «Бес Анық» Жинақ, Атамұра, Алматы 1998ж.
4. Айталы А. Ұлттану негіздері. –Алматы, 2003 ж.

У.Р. Ержанова

Роль национального языка в современное время.

В настоящее время Республика Казахстан находится в центре мировых событий. В таких условиях глобализации сохранение национальной самоидентичности государственного языка, родной земли, традиций и обычаев, историонации и воспитание подрастающего поколения в этом духе.

Ключевые слова: национальный интерес, родной язык и история наций, литература и культура, обычаи и традиции, субъекта этноса, духовная культура.

U.R. Erzhanova

The role of national language in modern time.

Nowadays the Republic of Kazakhstan is located in the centre of international relations.

In the context of globalization it is necessary to preserve the national identity: state language, native land, customs and traditions, history of science.

Keywords: national interest, native language and history of nations, literature and culture, traditions and customs, ethnos subject, spiritual culture.

УДК 659.131:81

Ұ.Р. Ержанова - М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік университетінің доценті

Л.Т. Ақболатова - М. Өтемісов атындағы БҚМУ

II курс магистранты

E-mail: lunara_akbulatov@mail.ru

ЖАРНАМА ТІЛІН ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДА ЗЕРТТЕУ

Аннотация. Мақалада жарнама мәтінінің ерекшелігі, тілдік тұрғыда зерттелуі, құрылымдық негіздері сөз болады. Жарнама мәтінінің эмоционалды-экспрессивті, жалпы халыққа ұғынықты тілмен жеткізілу қажеттілігі, жарнама мәтінінің тек лингвистикалық тұрғыдан ғана емес, әлеуметтік, психоллингвистикалық, саяси, экономикалық, т.б. ғылым салалары бойынша зерттелуі талданады.

Түйін сөздер: жарнама, семантика, психоллингвистика, стилистика, мәтін лингвистикасы, тақырыпша, түсініктеме, жарнамалық ұран (слоган), ұйытқы сөз.

Қазақ тіл білімі тұрғысынан зерттеліп отырған жарнама мәселесі біздің еліміздегі қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін алуымен тығыз байланысты ерекше қарқынмен дамып отыр. Жарнама тіл білімі тұрғысынан ғана емес, басқа да ғылым салаларының зерттеу нысанына айналуы аталған саланың қазіргі заманғы өзекті мәселелердің бірі екендігін нақтылай түседі. Жарнаманың экономикалық, әлеуметтік, саяси, психологиялық, лингвистикалық, т.б. ғылым салаларының зерттелуі-осының айғағы. Бұл турасында, жарнама тілін зерттеуші ғалым С.А.Асанбаева: "Жарнама ісі



нарықтық экономиканың дамуына байланысты, жыл санап біздің өмірімізден берік орын алуда. Оның экономикалық, мәдени өмірімізде алатын орны ерекше. Өйткені көпшілік қауым халық шаруашылығының әр қилы салаларында, атап айтқанда, өнеркәсіп, сауда-саттық, тұрмыстық қызмет көрсету, спорт, туризм, мәдениет пен басқа да өмір салаларындағы болып жатқан жетістіктерден тез хабардар ететін жарнаманы қажет етеді" [1,11], - деп түйіндесе, Ғ.Ә.Солтанбекова: "Жарнама ұғымына нарықтық қарым-қатынастардың бүгінгі жағдайының көзқарасымен қарағанда, мынадай анықтама беруге болады: жарнама - терминдік ұғымда көлемі кеңейген жаңа мазмұндағы қоғамдық-әлеуметтік термин; нарықтық қоғамның бір бөлігі, ұсыныстар мен ойларды, тауарларды, қызмет көрсетулерді насихаттайтын, әрбір өндірістің, ұйымның тиімді қызмет етуіне ықпал жасайтын, бәсекелестікті дамытатын форма; бұл оның экстралингвистикалық сипатына қатысты анықтама" [2,12], - деп атап көрсетеді. Ғалымдардың жарнаманы тілдік тұрғыдан зерттеу еңбектерінде жарнаманың қазақ жерінде нарықтық экономиканың енуіне байланысты мемлекеттік тілдің қоғамдық қызметінің өрістеуімен белең алғанымен байланыстырады. Ал, тілдің қоғамдық қызметі - оның барша салада мәдени, саяси, экономикалық өрісінде сұранысқа ие болуы.

Көптеген ғылыми әдебиеттерде жарнамаға төмендегіше анықтама беріледі: "Жарнама (французша - *reclame*, латынша - *reclamo* - айқайлаймын, әйгілеймін) - тауарлар мен қызмет түрлеріне тұтынушылық сұраныс туғызу ақпараты, яғни өндірісті, ақпаратты, әдебиетті, өнерді, т.б. әйгілеп жарнамалау" [3].

Аталған анықтамаларда жарнаманы тауарлардың өтімділігін арттырудың құралы ретінде қарастырады. Жарнаманың өзі тікелей адамзат баласына, әлеуметке, оның тұтынушылық қажеттілігіне қатысты туындағаны сөзсіз.

Ақпараттық қоғам, жаһандану үрдісінің қалыптасуы ақпараттық-коммуникативтік қатынастардың өзгеруі жаңа бұқаралық қарым-қатынас, коммуникативтік кеңістіктің құрылуын талап етеді.

XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басында лингвистиканың дамуы тілге жаңа парадигмалық білім, яғни когнитивтік, коммуникативтік, этномәдени тұрғыдан қарауды талап етті. Қазіргі заман лингвистикасында тілге функциональды-коммуникативті және тілдік қатынас тұрғысынан келу коммуникацияның дәстүрлі формасымен қоса жаңа үлгілерді де қарауды талап етеді. Бұл жарнама мәтініне (дискурс) тікелей қатысты. Себебі, жарнама мәтінінің ерекшелігі әлеуметтік факторларға, яғни ұлттық құндылықтарға және мәдениаралық, яғни халықтардың бір-бірімен ықпалдастығына тікелей қатысты тілдік бірліктер арқылы қалыптасады.

Жарнаманың пайда болуы ежелгі грек өркениетінен, яғни шеберлердің өз өнімдеріне белгі салуынан бастау алады. Біздің заманымызға жеткен жарнама мәтіндерінің бірі - Мемфистің "Я - Рино с острова Крит, по воле богов толкую сновидения" [4] деген сөзі.

Итальян психологы Антонио Менечетти: "...Фреск, картиналардың көмегімен сендіру идеологиясы жарнамаланды. Оны ең шебер жарнамашылар жасады" [5, 74].-дейді.

XV ғасырда Еуропада жаңа кітап өнімдерін жарнамалаушы алғашқы каталог пайда болды. Тарихшылар 1657 жылы алғашқы жарнама басылымы шықты деп есептейді. Кейін бірінші ақпараттық хат дүниеге келді. Ол біздің қазіргі заманғы мейл-адрестік сілтемелерге сәйкес келеді [6, 157].



Жарнама адамзат баласының ежелгі өркениетінен бастау алды, бірақ XIX ғасырдың орта тұсында БАҚ-тың коммуникативтік алаңын жаулап, жалпы бұқаралық масштаб алады.

Жарнама дискурсы салыстырмалы қарастырғанда жас, бірақ жеткілікті дәрежеде дамушы бағыт ретінде көптеген ғылым саласының (әлеуметтанушы, экономист, заңгер, психолог, тілші, т.б.) зерттеу нысанына айналып отыр. Тіл білімінде жарнама мәтіні әр түрлі қырынан: семантика, психоллингвистика, стилистика, мәтін лингвистикасы, т.б. қарастырылады.

Ғылыми әдебиеттерде жарнама мәтінінің қалыптасқан құрылымы төмендегіше беріледі. Қалыптасқан жарнама құрылымы тақырып, тақырыпша, негізгі мәтін, түсініктеме және жарнама ұран, ұйытқы сөз, яғни мәтіннің аяқтаушы ой үзігі сынды элементтерден тұрады.

Жарнама мәтінін хабарлау тақырыбы ерекше рөл атқарады. Себебі, жарнама тақырыбы - тұтынушының ең алғашқы көзі түсетінін және оқып үлгеретінін ескерту қажет. Жарнама атауында тауардан немесе белгілі бір қызмет түрінен келетін пайданы асыра сілтемей, нақты жеткізу маңызды. Психологтардың пікірінше, ол төмендегі талаптарды қанағаттандыру қажет:

- мақсатты түрде қысқа болуы қажет;
- мүмкіндігінше, тырнақшада болғаны жөн;
- бір уақытта тауардың, қызмет түрінің, жаңалықтың артықшылығын, таңданыс тугызуды көздеу;
- белгілі бір сауда нарығына, тұтынушылардың белгілі бір түріне қарата арнау;
- жекелеген қызығушылықты тугызу;
- адресатты тауардың артықшылығына көңілін аударту;
- жарнаманың шығармашылық бөлігіне емес, өнімге қызығушылықты бағыттау [1,78].

Тақырыпша деген – тақырып пен мәтін арасындағы көпір.

Негізгі мәтін тақырыптың мәнін ашады.

Түсініктеме – сатуға көмек беретін бірден-бір құрал.

Жарнамалық ұран (слоган) – фирманың логотипі (графикалық белгісі).

Слоган қазақ тіліне аударғанда жарнамалық ұран деген мағынаға саяды, мәтіннің ұраны. Жарнама ұранын ойлап табуда мынаған көңіл аудару маңызды:

- жарнаманың жалпы тақырыбындағы сәйкестік;
- қарапайымдылық;
- сөз ойнату жолымен есте ұзақ сақталуы;
- ұранда фирма немесе қызмет көрсетуші адресант атауын ескеру.

Ұйытқы сөз, яғни аяқтаушы ой үзігі - жарнама мазмұнының негізгі бөлігі, себебі жарнама мәтінінің тақырыбы мен соңы ортаңғы бөлігіне қарағанда, есте ұзақ сақталады. Жарнама мәтінінің ортаңғы бөлігі есте ұзақ сақталуы үшін, ол ерекше эмоциональды болуы тиіс.

Жарнама мәтініндегі ұйытқы сөз турасында Ә. Хасенов: «Жарнаманың мәтінінде бір сөз сол жарнаманың ұйытқы сөзі болуы мүмкін. Ұйытқы сөз – тақырыптың мәнін танытатын сөз. Бұл – негізгі нысанды білдіретін сөз. Бұл әлемдік лингвистикада қалыптасқан ұғым. Арнаулы әдебиетте мұның баламасы – «ключевые слова».[7] - деп тұжырым айтады.

Қорыта келсек, жарнама мәтінінің өзіндік тілдік, стильдік ерекшеліктерінің бары сөзсіз. Себебі, неғұрлым қысқа да нұсқа ақпаратты



эмоциональды-экспресивті, жалпы халыққа ұғынықты тілмен жеткізе отырып, сендіру құралына ие болу - жарнаманы құрушыларға тіл заңдылығымен қоса, әлеуметтік, психолінгвистикалық, саяси, экономикалық жағдаяттарды мұқият зерделей отырып, стилистикалық тұрғыдан жарнаманың сауатты құрылуын талап етеді.

Әдебиеттер

1. С.А.Асанбаева. Жарнама саласында мемлекеттік тілді қолданудың социолінгвистикалық өзекті мәселелері. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. 10.02.02. ҚР, Алматы, 2002.
2. Ғ.Ә.Солтанбекова. Қазақ жарнамалары тілдік сипаты және олардың ықпал ету қызметі. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. 10.02.19. ҚР, Алматы, 1999.
3. Большой энциклопедический словарь
4. Катенрюк А.В. Современное рекламные технологии: коммерческая реклама. – Ростов-н-Д.: Феникс, 2001. – 320 с.
5. Насибуллина Ф.Ф. Колоративная лексика и ее функционирование в рекламах интерьера. – Казань, 2010. – 315 с.
6. Андреева Ю.В. Психология имиджа и рекламы. – Казань: ЦИТ, 2006. – 356 с.
7. Ә.Хасенов Тіл білімінің теориялық және практикалық мәселелері. – Алматы: Мектеп. 1985.

Л.Т.Акбулатова

Исследование рекламного языка с точки зрения лингвистики

В статье говорится о структуре слов употребляющий в рекламе, а также особенности текста рекламы. Анализируется текст рекламы не только с лингвистической стороны, а социологической, психолінгвистической, политической, экономической стороны.

Ключевые слова: реклама, семантика, психолінгвистика, стилистика, лингвистика текста, подтекст, объяснительная, рекламный слоган, опорные слова.

L. T. Akbulatova

The study of advertising language linguistically

The article examines the variety of themes and features of advertising. It speaks of the need to use emotional and expressive vocabulary, plain language of the people in the preparation of advertising. The subject of advertising is examined not only from the linguistic point of view but also considered from psycholinguistic, political, economic, scientific sides.

Keywords: advertising, semantics, psycholinguistics, stylistics, text linguistics, subtitle, comment, slogan, headword.



УДК 94(574)"17":94(581)

Ә.Қ. Мұқтар - тарих ғылымдарының докторы,
Профессор, М. Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: muktar64@mail.ru

XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ-АУҒАН ҚАТЫНАСТАРЫ ЖӘНЕ АБЫЛАЙ ХАН

Аннотация. Мақалада XVIII ғасырдың екінші жартысындағы қазақ хандығының Қытайдың жаулап алушылығына қарсы жүргізген саясаты жаңа деректер бойынша талқыланады. Осы кезеңде қазақтың бас ханы Әбілмәмбет пен Абылай хан өзбек, қырғыз билеушілерімен бірігіп, Ауған шахы Ахмадпен байланысқа шықты. Бірлескен саясат Орта Азиядағы қанды қырғынның алдын алды, соғыс өрті тоқтатылды. Қазақ хандарының, соның ішінде Абылай ханның сарабдал саясаттары анық көзге түсті.

Түйін сөздер: Біртұтас қазақ хандығы, бас хан Әбілмәмбет, Абылай хан, Ауған мемлекеті, Ахмад шах, Қытай империясы.

Бүгінде әлемнің назарын аударып, саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайының тұрақсыздығымен аты шыққан Ауғанстан XVIII ғасырда Орталық Азияда алып ел болды дегенге ешкім сене қоймас. Өзара ішкі талас пен сыртқы күштердің стратегиялық ойындары әсерінен соғыстардан көз ашпаған ауғандар қазіргі таңда шекарасы шектеспегенімен Қазақстанмен сенімді қарым-қатынас орнатып, оның қолдауына ие болып отыр. Мұндай байланыстардың тарихы өткен ғасырларға кетеді.

Көне тарихқа назар аударсақ Қазақ және Ауғанстан мемлекеттерінің дипломатиялық байланыстары XVIII ғасырда-ақ қалыптасқанын байқаймыз. Бұл кезеңде Қазақ хандығы мемлекеттілігін сақтау жолында көршілері орыс-казактары, қалмақ, башқұрттармен, Жоңғариямен арпалысып жатса, Ауған тайпалары Азияның ұлан-ғайыр территориясын билеген парсы шахы Нәдір мен Ұлы Моңғолдар империясының қоластынан шығуға қарсы күресті бастаған-ды. Тарихта ауған (пуштун) жерінде XVI ғасырда хаттак тайпалары құрған Акора, Тери, XVII ғасырда афридия, XVIII ғасырдың басындағы Қандағар, Герат тәрізді ұсақ-ұсақ иеліктер болғанымен, олардың барлығын біріктіретін Дуррани державасы (1747-1819 жж.) біртұтас пуштундардың басын қосқан алғашқы тәуелсіз мемлекет екендігі белгілі. Ауған мемлекетінің құрылуына олардың сан ғасырлық күресі мен парсы империясының күйреуі ықпал жасады. 1747 жылы 20 маусымда Нәдір шахтың қаза табуы, Иранның бірнеше иеліктерге бөлінуі әсерінен әскер құрамындағы ауғандық абдал тайпалары зеңбіректер бөлімін басып алып, Хорасаннан Қандағарға қарай жылжып, 1747 жылы қазан айында Шир-Сурх мазары маңында Ахмад ханды шах ретінде сайлады [1, С.125-127]. Ирандағы жағдайды өзі көрген орыс елшісі В.Братищев: шах «... непрестанно бесчеловечно персиян мучает, заключая в колодки и цепи, иных под побоями выпрашивает, кто сколько пожитков имеет, и по объявлению все иждивение на себя описывает... И в таком грубиянстве себя ведет, что едва не каждый день людей казнит и под



палками жестоко пытается. Одним словом, ужасное тиранство от него происходит», - деп хабарлайды. Нәдірді құлатуға себепші болған көшпелі түркі тайпалары еді. 1747 жылы 16 тамыздағы викария Себастьяның хатына сенсек көтерілісшілердің Аликул ханды өз жақтарына шығаруы, соңында хан нөкерлерінің де оларды қолдауы Нәдірдің басының шабылуына әкелді. Сөйтіп Азиядағы Иран үстемдігі жойылды [2].

Ахмад шах өзі парсы әскерінің құрамында ауған атты әскерін басқарып, талай жорықтарға қатысты, тәжірибе жинады. Ауғандықтар Нәдірге 1739 жылдың мамырына дейін Индияны біржолата бағындыруға көмектесті. Үнді жорығында Нәдір шах 90 мың әскерімен өзінен бірнеше есе мол 340 мыңдық үнді әскерін талқандап, Азиядағы ең мықты мемлекетті қалыптастырды. Үндістандағы сұрапыл соғысты көзімен көрген Мырза Мехти: «Ат тұяғының дүбірінен жер дірілдеп, шаң бағаны көкке жетті; оқтың зуылы, жебенің сатыр-сұтыры, зеңбіректің күрсілі барлығы мидай араласып кетті; атыс ғүлінен күн жерге құлардай; айнала толған жансыз денелер, дұшпанның барлық бас қолбасшылары өлтірілді-ақыры әскер шіміркенді. Нәдір шахтың мерейі үстем болды », - деп жазған-ды [3, 74 б.].

Нәдір шах әскері 1740 жылы тамыз айында Бұхара мен Хиуаны бағындырып, Қазақ хандығы территориясына келіп тірелген-ді. Оны ескергендіктен де Әбілқайыр 1740 жылы 19 тамыз бен 1 қыркүйек аралығында Орынборда өткен қазақтың барлық белді тұлғалары (Әбілмәмбет хан, Абылай, Нұралы, Ерәлі сұлтандар, Есет, Бөкенбай, Құтыр, Жәнібек, Бөгенбай батырлар, т.б.) қатысқан қазақ-орыс келіссөзіне бармай, алдын-ала Арал теңізіне қарай аттанды. Әбілқайырдың кездесуге қатыспау туралы батыл шешімін үстірт тоң пішуге үйір Ресей тарихшылары ханның жеке басынан іздеп, ішкі алауыздық әсерінен деген қорытындыға келеді [4, С.64]. Шынын айтқанда мәселе басқада еді. Әбілқайыр ханның алдында елдің оңтүстігіндегі жағдайды реттеу, шахпен келісімге келіп, өзара қырғынды тоқтату міндеті тұрды. 1740 жылы 8 қарашада Әбілқайырдың Нәдір шахқа жіберген алғашқы елшілерінің құрамына сенімді адамдарымен бірге өзіне келген орыс елшісі геодезист И.Муравинді және қарақалпақтан, аралдықтардан 4 адамды енгізеді. 9 қарашада елшілер шах қабылдауында болады [5, С.178-179]. Міне, осылайша басталған қарым-қатынас кейін жаңа елшіліктерге ұласады. Елшілікке бір кезде Хиуаны билеген Батыр ханның ұлы Қайып сұлтан да тартылды. Қайып Хиуаны 1715-1728 жылдары билеген Шерғазы ханның қызынан туған [6]. Олай болса сөз жоқ, Қайып Хиуа хандарының жиені ретінде оның мәселесімен шұғылдануға толық құқылы болатын. Қазақ-иран қарым-қатынасын жіті қадалаған Н.П.Рычков күнделік жазбасында «Парсының патшасы Хиуа иелігіне дейінгі жерлерді жеңіп келіп, бұл жердің астанасы Хиуа қаласын да алған. Осы кезде Батырды қамқорлығына алуды сұрап, қазақ ханы Әбілқайыр Қайыпты Нәдір шахқа елші қылып жіберген», - деп анықтай түседі [7,85-86б.]. Сонымен Қайып Батырұлы Әбілқайыр тапсырмасымен, біздіңше, 1745 жылдың көктемінде Нәдір шахқа аттанған. Оны осы жылы жазда Әбілқайыр ханға Хиуа елшілері Құдайберді инақ пен Құтлы молда әкелген парсының әскер басы, Хиуалық Уәйісқұл михтырдың хаттары айғақтайды. Нәдір шах 1745 жылы 5 мамырда Әбілқайыр ханға «бізбен келісе отырып, иомут халқына соққы беруді сұрайсыз, сонымен бірге марқұм Шерғазы ханды мысалға ала отырып, Қайып



сұлтанды және басқаларын қоюға болатындығына үміттенесіз, біздің әуелден сізге қайырым көрсету ойымыз бар», - десе, Хиуалық Уәйісқұл: «Сіздің жіберген елшілеріңіз шах қызметінде болып, шахтардың шахы оларға көптеген мейірім көрсетті», - деп хабарлайды [8]. Қайып бастаған елшіліктің сәтті қабылданғанына көз жеткізген Әбілқайыр хан 1746 жылы өз елшісі Ақмырза арқылы парсы шахына тағы хат жолдайды. Хан: «егер орыстар тарапынан қысымға түссе, олардан қорғану мақсатында Хиуа иелігіндегі Бесқала қалашығын өзіне беруді» өтінеді. Ақмырза елшілік барысында Қайып сұлтанның шах сеніміне ие болғандығын анықтады. Бұхара хандары Үбайдолла (1702-1711), Әбілпейіз (1711-1747) сарайында кітапханашы болған Мұхаммед Вафа ибн Мұхаммед Захир Карминаги (Казы Вафа) «Тухфат ал-хани» («Хан сыйлығы» немесе «Тарихи Рахим хан») еңбегінде Қайыптың осы кезеңдегі өмірі мен қызметін толық ашып көрсетеді. Еңбектен Қайыптың шах бұйрығы бойынша атақты Фирдоуси ақынның отаны Хорасандағы (Иран) Туе қаласында қызметте болып, оның сеніміне ие болғанын байқаймыз [9, С. 45-50]. Қайыптың Хиуа тағына отырып, Хорасан қолдауына ие болуы Әбілқайыр хан саясатының жеңісі еді. Мұндай жағдай қазақ ханының оңтүстігіндегі елдің іргесін бекітіп, Нәдір құрған Иран мемлекетімен қарым-қатынасын жаңа деңгейге көтергендей болды. Мұның өзі қазақ ханының сыртқы саясатта Ресеймен ғана шектелмей, сол тұста әлем мойындаған Жоңғар мемлекеті, Иранмен байланысы көп векторлы даму бағытын ұстанғандығын дәлелдейді. Мұндай саясатты жалғастырған Әбілқайырдың сәтті дипломатиясын 1747 жылы 20 шілдедегі Нәдір шахтың және 1748 жылы 15 тамыздағы өзінің өлімі ғана тоқтатты.

Сонымен Қазақ хандығының оңтүстігінде XVIII ғасырдың ортасында Иран империясын ауыстырған жаңа Ауған мемлекеті дүниеге келді. Тәуелсіз мемлекет бастауында тұрған абдал тайпалары өз атауын дуррани (інжу-маржан) деп өзгертсе, Ахмад дурр-дурран (інжу-маржанның асылы) деген атаққа ие болады. Содан шах 1750 жылы бүкіл ауған жерін бағындырып, 1750-1754 жылдары Хорасанды, Панджабты, Кашмирді, кейбір өзбек иеліктерін жаулап алып, 1761 жылы Дели қаласына жақындайды. Дуррани державасы алып мемлекетке айналып, Орта Азия, Иран, Шығыс Түркістан елдерін Оңтүстік Азия мемлекеттерімен байланыстыратын ірі сауда-саттық торабын иеленді [1, С.129-130]. Дуррани империясы 2100 мың шаршы шақырымға созылып, Франция, Италия, Испания және Ұлыбританияны бірге қосқандағы ауқымнан асып түсті. Замандастарының пікірінше, Ахмад осынша елді 80 мың тұрақты, 200-300 мың жинап алынған әскер, 2 мың жеңіл және 40 ауыр зеңбірек күшімен бағындырды. Ауғандықтар артиллериялық қарудан басқа атқан оғы 1 шақырымға жететін «эраде-бан» ракеталық қондырғыларын пайдаланды [10, С.62,70-71]. Қай уақытта да Ахмад әскерлері тез, әрі шапшаң қимылдап, қарсыластарын қысқа мерзімде жеңуге үйретілді. 1760 жылдары Ауғаныстан мемлекетінің, оны билеуші Ахмадтың ең күшейген кезеңі еді. Осы тұста оның мемлекеттік мүддесі шығыстағы келесі бір алып ел Қытаймен тоғыспай қалды. Бұл кезеңде Қытай Жоңғарияны бағындырып, әскери жорығын оңтүстік-батысқа бағыттады. Орталық Азиядағы саяси-экономикалық ахуал түбірімен өзгеріске ұшырады. 1756-1757 жылдары қазақтар, 1758-1759 жылдары қырғыздар, өзбектер қытай әскерлерімен бетпе-бет соғысты. Абылай хан «Ата-бабамыз Есімхан мен



Жәңгірханнан бері Жүңғомен хабарласа алмадық» дей келе, ендігі жағдайда ортақ келісімнің маңыздылығын Қытай патшасына жолдап, қазақ-қытай байланыстарының жаңа кезеңін қалыптастырды [11, 66-67 б.]. Қытайлықтар осы сәтте бір кезеңде Жоңғарияға бағынған Шығыс Түркістанда да батыл қимылдай бастады. Ш.Уәлиханов Қашқарға саяхатында «Батысында Болор қыраттары және Тянь-Шаньмен, оңтүстігінде Куен-Лунмен, шығысында монғолдық Гоби шөлімен шектелген аумақтың әлі күнге белгілі-бір атауы жоқ. Елдің шығысында бұл жерлер Алтышаһар – алты қала, Ұйғырстан, немесе Қашқар деп аталса, Еуропада ол Кіші Бұхария, Шығыс Татария, Шығыс немесе Қытай Түркістаны атымен белгілі, кейде Қашқария деп те атайды» деген тоқтамға келген-ді [12, 86.]. Шығыс Түркістан маньчжур-қытай билеушілері үшін Орта Азияны бағындыру жоспарындағы плацдарм болды. Олардың жаулап алушылық әрекеттеріне бірден-бір қарсылық танытқан мұсылман дінінің өкілдері қожалар болатын. 1759 жылдың басында Жихан қожа (бір деректе Жаһанғир) Орта Азия мен Қазақстанға үміт артып, адамдарын жіберген. Қожа елшілерінің Орта жүзге келгенін көрген орыс көпесі У.Сеюшев Жиханның ташкенттіктермен келісімге келгенін хабарлайды. Қытай экспанциясынан Ресей де шошынды. Орта Азиядағы өзара келісімді Қытайдың жаулап алушылығына қарсы пайдалану үшін Ресей А.И.Тевкелев пен П.И.Рычковқа тезарада адамдар жіберуді бұйырады. 1759 жылы Нұралы хан жанында болған капитан Тевкелевтен орыс үкіметіне «қытайлықтар «Яркендті, Қашқарды, Ташкентті бағындырды» дегенін естіген бойда Ресей саясаткерлері қазақтарға «жаңа қорқынышты» жиі-жиі жеткізіп, оларды қарсы дайындау үшін «способным человекам немедленно и через то взять бы повод по условию с ним ханом о подвижении киргизов противу китайцев и мунгалов» деген қорытындыға келеді [13]. 1759 жылы жаз айларында қожадан Абылай ханға, кейін Әбілмәмбет ханға елшілер келген. Ол тұрасында М.Арапов «қожалар ханнан қолдау сұрады. Қазақ билеушілері өтінішті қабылдағанымен, «алдымен ұйғыр бектері өзара қырғынды тоқтатып, келісімге келсін» деген талап қойғандығын анықтады [14, С.181-182]. Мұндай талап заңды болатын. Өйткені Шығыс Түркістанды билеген қожалардың өздері 1755 жылдан бастап екіге бөлініп, өзара таласты қыздырған еді. Қожалардың бір тобы «ақтаулықтар» ұлттық еркіндікті қолдаса, екіншілері, «қаратаулықтар» қытайлар жағына шыққандар болатын. Ақтаулық қожаларды Қашқар, Яркенд, Үш-Тұрфан, Ақсу тұрғындары, қаратаулықтарды тұрфандықтар, комулдар, т.б. қолдаған [12,11,128 б.]. Бухан ад-Дин қожа қытайлықтар көмегімен 1756 жыл басында Жакия қожаны жеңіп, Қашқар мен Яркендті иеленді. Алғашқы жеңісті ақтаулықтар мүддесіне пайдаланған Бурхан ад-Дин Жоңғариядан қашып келген бауыры Жаһанғирмен бірге билікті қытайлықтарға бермей елді өз соңдарына ерте бастайды. Ағайынды қожалардың атағы осы азаттық үшін күреспен шықты. Азаттық үшін күресті кезінде жоңғарларға қарсы бастаған олардың әкесі Махмуд қожа 1755 жылы қаза тапқан-ды. Ішкі тартыстың арты созылмалы соғыстарға ұласты. Соның кесірінен 1759 жылы тамызда 30 мың әскерімен Қытай әскері Яркендті, Қашқарды бағындырды. Ақтаулық қожалардың Шығыс Памирға, Бадахшанға өту жоспары жүзеге аспады [14, С.158]. Орыс зерттеушісі В.В.Григорьев «Қытай ықпалымен Бадахшан билеушісі Сұлтан шах белді қожаларды шақырып, оларды өлтіріп, біреуінің басын Чин



патшасына жолдады. Қашып құтылған Мұхаммед Әмин қожаның ұлы Ай кожа Кабулге келіп, Ахмадтан көмек сұрайды. Содан Ахмад әскерімен Бадахшанды бағындырып, Сұлтан шахты жазалады» деп түйіндейді [15, С.355]. Қытай деректері Бухан ад-Дин, Жаһангир қожалардың соңына Чиң әскерлері түскенін, олардың 1759 жылғы өлтірілгенін растайды [16]. Қожалардың Шығыс Түркістаннан күшпен ығыстырылып, толықтай Қытай билігінің орнауы көрші мемлекеттерге әсерін тигізді. Кейін Құлсары батыр Қытайдың өзге жерлерді бағындыру жоспары «Үлкен Бұхара мен Хиуадан» әрі қарай асатындығын айғақтады [17]. Міне, осы арада шығыстанушы В.С.Кузнецов: «Однако страх за собственную судьбу заставил многих правителей сопредельного мусульманского мира не препятствовать цинскому Китаю завоевывать Восточный Туркестан, население которого было мусульманским и где правила фамилия, которую причисляли к потомкам пророка. Наглядный пример тому - поведение одного из правителей казахского Среднего жуза султана Аблая. Он извлек для себя урок из своей неудачной попытки укрыть Амурсану, вожака антицинской борьбы в Джунгарии, и потому отказался помогать кашгарским братьям-ходжам в борьбе с империей Цин. По данным переводчика Арапова, собранным им в 1759 г., к Аблаю был направлен из Кашгара посол с просьбой о помощи и подарками. Аблай говорил, что «он и Кашгарцы, Еркенцы, Самарканцы, Ташкенцы и Туркенстанцы одного Мухамеданского Закона: так бы единственно уже всем противу Китайцев примириться, или войною поступать, одного же не осмелился принять на себя обязанности беспокоить Китайцев отгоном лошадей и набегами и не давать им селиться в Зенгории». Сама по себе уже война цинского Китая против правителей Восточного Туркестана – ходжей, которые причислялись к семейству пророка Мухаммеда, - была вызовом мусульманскому миру. Однако судьбы «потомков пророка» в Кашгарии не определяли позицию мусульманских правителей отношении империи Цин. После захвата ею Восточного Туркестана кокандский двор принимал послов цинского командования, а потом отправил своих посланников к повелителю «неверных». Бадахшинский эмир убил оказавшихся в его владениях ходжей, и голова одного из них была выставлена для обозрения в Пекине. А властитель могущественнейшей по тем временам мусульманской империи – Дурранийской державы – Ахмад-шах по собственному почину направил посла ко двору цинского богдыхана. В этой связи уместно рассмотреть вопрос о “мусульманской коалиции” во главе с афганским правителем, которая якобы ставила своей целью высвобождение Восточного Туркестана из-под власти “неверных», - дей келе Қытайға қарсы Қазақ хандығы, Қоқан билеушісі Ердене би, қырғыздар, ұйғыр бектері және Ахмад шах біріккен мұсылман елдерінің одағына үлкен күмәнмен қарады [18]. Соған қарамастан Орталық Азиядағы мұсылман елдерінің қорғаныс шараларын жүзеге асыру мақсатында өзара келіссөздер жүргізіп, елшілер алмасулардың жүзеге асқандығын дәлелдейтін құжаттар жеткілікті. Осы сәтте Дуррани империясының шахы Ахмад пен қазақ хандарының, Орта Азия хандықтарының арасында дипломатиялық қатынастардың күшейгендігін Б.П.Гуревич, Р.Б.Сүлейменов, В.А.Моисеев зерттеулері де айғақтайды [19]. XVIII ғасырдың 60-жылдарының басында-ақ Абылай хан Орта Азияның кейбір билеушілеріне елшілер жіберіп, Қытайға



қарсы одақ құру мәселесін көтерген [14, С.183]. Қазақ билеушілері Ахмад шахқа да арнайы елшілерін жіберген. 1762 жылы Ауған шахы Түркістандағы Әбілмәмбет ханға жолдаған хатында Абылай ханның жағдайды талдаған хатымен таныс екендігін, соның әсерімен Қытайға елшілік жіберетіндігін ашық айтады. Әбілмәмбет хатшысы Бабазянның Абылайға жеткізген хатымен орыс тыңшысы Ф.Гордеев те танысып үлгереді. Тыңшының 1763 жылы 3 қазанда Ресейге жолдаған хатында Абылай мен өзге билеушілердің Ахмадқа Бадахшанда өлтірілген қожалардың ұлдарын жіберіп, көмек сұрағандығы белгілі болды. Содан шах қолдау білдіріп, қожаның ұлдарын әкелері орнына тағайындап Қашқарға кейін қайтарған екен [20, № 219]. Осындай келісімдерден соң Ауған шахы өз елшілерін Қытайға аттандырады. Ахмад елшілерінің хабарын алған Қытай патшасы 1762 жылы 18 қарашада арнайы бұйрығымен шекара басшыларына «ауғандықтардың алғашқы елшілігі екендігін, олардың үлкен, әрі біртұтас мемлекеттігін» ескертіп, оларға ерекше құрмет көрсетуді тапсырады [20, №215]. 40 адамнан тұратын ауған елшілігі Құтшымыр ханның басшылығымен 1762 жылдың күзінде Қытайға барып, Цин империясының Орталық Азияның Солтүстік-батыс аймағындағы жаулаушылық саясатына қарсылық білдіреді. Осы елшілік Пекинге бара жатқанда және 1763 жылы көктемде қайтар сапарында қазақ хандарын, ел игілерін қосып, Ахмад шахтың жоспарымен таныстырады. Ауған басшысы қазақ ханы Абылайға арнайы хат жолдайды. Хатында соғыс бола қалған жағдайда әскері одақ құру, Қытай әскерлеріне азық-түлікпен, көлікпен көмектеспеу жөнінде айтылған [21]. 1763 жылдың алғашқы жартысында Ахмад шах Цин империясымен соғысқа шынымен-ақ, әзірлік жүргізіп, қазақ даласына, Хиуа, Бұхара және Қоқанға әскери одақ құру ниетімен елшіліктер жібереді. Ауған мәселесінде қазақ билеушілері ішкі бірлікті сақтады деуімізге әбден болады. Ауған елшілері Әбілмәмбет хан арқылы Кіші жүз ханы Нұралыға да хабар салып, соғыс бола қалған жағдайда әскеріне көмек алуды жоспарлаған. Егер азық-түлік, жылқылармен көмек көрсетілсе мол алтын, күміс төленетіндігі жөнінде уәде де берілген [5, С.670-671]. Қазақтың бас ханы Әбілмәмбет «жасының үлкендігіне қарамастан» Нұралы ханмен үнемі байланыста болған. Тіпті Нұралы адамдары ауған елшісі Құтшымырмен кездесіп, одан Қытай патшасынан Ахмадқа елшілер шыққандығынан хабардар болған. Араға уақыт сала Әбілмәмбет хан Байтұрған бастаған елшілігін Ахмадқа жібереді. Осы тұста Қоқан билеушісі Ердене де ауған елшілерінің келіп, өзара көмек мәселелерін талқылағанын Абылайға хабарлайды. 1763 жылы жазда Ердене бек елшілері Әбілмәмбет ханға да келген [20, №222,223]. Көп ұзамай Әбілмәмбет хан қазақ-ауған мәселелерін талқылау үшін үш жүздің белді тұлғаларын қосқан кеңесті Түркістанда ұйымдастырған. Құлсары батырдың анықтауынша оған 6 мың адам жиналған. Кейін белгілі болғандай көпшілік Ауған-Қытай арасында соғыс бола қалса, қазақтар Ахмад шахты қолдайды деген шешім қабылдаған [22]. 1763 жылы қазақ даласында болған орыс тыңшылары көпестер М.Возмилов, Кузнецовтар Сұлтанмәмбет сұлтан және Құлсары батырмен кездесіп, Қазақ хандығындағы ауғандармен арадағы байланысты айқын сезінген. Дегенмен олар Абылайдың Қытайға да елші жібергендігін де анықтайды. 1763 жылы 16 желтоқсанда орыс үкіметі Астрахан губернаторы Н.А.Бекетовке тез арада Ауғанстанға елші жіберуді тапсырады. Көп ұзамай



барлау мақсатында капитан Б.Аслановты Ахмад шахқа жіберу туралы шешім қабылданады [20, № 221]. 1764 жылы 15 наурызда Сібір шебі әскерлерінің қолбасшысы И.И.Шпрингер Санкт-Петербургке Абылай сұлтанға 20 адамнан тұратын ауған елшілігі келді деп хабарлайды. Бұл жөнінде Ахмад шахтың Абылайға жазған хатында Цяньлунға құрамында 40 адамы бар елшілік жібергені және оған: «Боғдыханның мұсылман дініндегі халықтар мен Қашғар, Жаркент секілді басқа да осындай елдерге билік жүргізуге ешбір құқы жоқ», — деп ескерткені айтылған [23]. Сонымен қазақ билеушілері Қытайдың солтүстік-батысындағы Жонғарияны жұтқан екпінді саясатының алдын алуға барын салды. Сол кезеңге дейін екі алыптың – Ресей мен Қытайдың ортасында ел тәуелсіздігін сақтау жолында көп векторлы бағыт ұстанған Қазақ хандығы күшейген Ауған шахымен де саяси дипломатиялық қатынас орнатты. Оның нәтижесі ауған елшілерінің Қытайға, Қазақстанға, Қоқан хандығына өзге де мұсылман халықтарына баруы бола алады. Қазақтар бір сәт Қытай бағытын ұмытпады. 1762 жылдың қыркүйегінде Абылай ханнан Дәулеткерей сұлтанның, 1763 жылы ақпанда батыс қазақ Үргеніш елшісі Сейтқұл, Кіші жүзден Нұралы ханнан Үкібас Болаттың, 1764 жылы сәуір айында Әбілмәмбет ханнан Қанжығалы бастаған 22 адамның Қытай патшасымен кездесуі біртұтас мемлекеттілікті сақтаудан туындаған қадамдар болатын. Бір қызығы қазақ елшілерімен бірге 1763 жылғы сапарда Қоқан елшісі Бабашық, ұйғырлардан Әшімбек, Әкебектер еріп барған. 1763 жылы ақпанда Нұралы ханға жолдаған Ежен патшаның хатынан Бадахшан, Қоқан, Бұйрат, Орта жүздің қазақтарының бірлескен саясаттарын байқауымызға болады [24, 58,62-65 б.]. Қытайдың келесі бір дерегінде 1763 жылы 11 ақпанда «Ауған елшісі Қожа-Мирхат, Бадахшан елшісі Абдул-Хамза, Қоқан елшісі Бабашық, Батыс Қазақ Үргеніш тайпасының елшісі Сейіткерей, Кіші жүз тайпасының елшісі Үкібас, Болат және «Хуэй бу» Қашқар қалаларының үшінші дәрежелі әкім-бегі Ақбек қатарлылар патшаға сәлем беру үшін «У мэнь» -нің алдында патшаны күтті», ал 1763 жылы 17 ақпанда аталған елшілерге қонақасы берілді, 1763 жылы 21 ақпанда елшілер құрметіне арнап арнайы әскери шеру өткізілді деген жолдарды кездестіруге болады [25, 60-61 б.]. Сонау алыстан Кіші жүзден келген елшілерді Қытай кеңсесі «Оң бөлік қазақ Кіші жүз Нұралы», «Оң бөлік қазақ Кіші жүз Батыр», «Оң бөлік қазақ Үргеніш», деп бөліп жазып, оларды бізге бағынушылар деп анықтағанымен қазақтар үшін басты мақсат өзінің бірлігін көрсету, сауда-саттық жасау, сенімді дипломатиялық келісім орнату болатын. Қазақтар осы жолы тек өз бірлігін ғана дәлелдеп қоймады, сонымен бірге өзімен көршілес мұсылман елдерінен де елшілерді ертіп келді. Әрине олардың ішінде ауған елшілерінің бірге болуы көзі қарақты Қытайға әсер етпей қоймады. Қытайлықтар да олардың мұндай өзара келіскен қадамдарына әрдайым қауіптен қарады. Мәселен, Абылай хан мен Ердене бек арасындағы елші алмасуларды естіген бойда «Соган қарағанда бір-бірімен астасуы бар көрінеді. Жансыз салу арқылы олардың арасына қызғаныш түсіру керек» деген тапсырмалар берілген [24, 65-66 б.]. Қытай патшасы Ахмад елшілерінің «мұсылмандарды қорғауына» менменсі қараған сияқты. Елшілік сапарын саралаған орыс тыңшылары кейін «ауған елшісі лайықты қабылданбады», Қытай ешкімнен қорықпайтындығын мәлімдеді деген қорытынды жасайды [14, С. 185]. Қытай мәлімдемесіне қарамастан



Ахмад шах мұсылман елдері билеушілерімен бірлесіп болашақ соғыс мәселесіне дайындықты жалғастырған. Шах қазақ хандарына елші салып соғысқа қажетті азық-түлік, жылқылар әзірлеуді тапсырған. Қ.Қазанбаевтың хабарына сенсек, мұсылман елдері шахтың ұсынысын қолдаған. Орыс тыңшылары «соғыс шамамен 1764 жылы көктемде басталады, шах 100 мың әскерді дайындап, Бұхара шекарасына орналастырды» деген ақпаратты Ресейге жеткізеді. 1764 жылы тамыз айында ұйғыр бектерінің қайта-қайта шахтан Қытайдан қорғануға көмек сұрағаны дәлелденеді [14, С.187-188]. Қытай экспанциясын тоқтату мақсатында мұсылман елдері арасындағы келісімдерді Ресей де өз саясаты үшін пайдаланып қалуға барын салды. 1764 жылдың аяғында Ауғанстанда болған орыс елшісі Б.Асланов оған қолдау көрсетіп, шахтың соғыс жөнінде Ресеймен байланысуын жүзеге асыруы тиіс еді. Б.Асланов Қытай бағытына ауған әскерінің аттандырылмау себебі Үндістан сикхтарымен болған соғыста шах қобасшысы Жеханның 60 мыңдық қолының жеңілуі деп анықтады [26, С.83-85]. Тарихшы Б.П.Гурьевич ауған жорығы 1765 жылы Уәлиханның басшылығымен басталып, Бадахшанда Қытай патшасына сүйенген Сұлтан шахтың үстемдігі құлатылғанымен бұл оқиға Орталық Азияның солтүстік батыс аймақтарына шешуші әсер ете қоймады деген қорытынды шығарады [14, С.190]. Башқұрт Қ.Қазанбаевтың Құдайменді сұлтаннан естіген хабарына сенсек, жорық алдында Ахмад шах 200 адамды Хиуаға, кейін Бұхараға жіберген. Соғысқа аттанар алдында шах өз адамына Бұхара ханын өлтіріп, орнына Батырханұлы Қайыпты хан тағайындауды ұсынған [27]. Біздіңше бұл арада шах Қайыптың Иран бағытындағы тәжірибесін ескеріп, одан ашық қолдау күткен тәрізді. Сонымен Орталық Азиядағы мұсылман мемлекеттерінің Цин империясына қарсы ашық әскери одағы түрлі себептермен құрылмағанымен, біздіңше, қалыптасқан ішкі келісімдер мен дипломатиялық қарым-қатынастар әсерімен Қытай Шығыс Түркістаннан әрі аса алмады. Ауғаныстанды арқа тұтқан азиялық елдердің 1760 жылдардағы бірлескен саясатын кезінде Ш.Уәлиханов «орта азиялық билеушілер біраз уақытқа өзара талас-тартысты ұмытып, одақ құрады, оның басшылығына Қандағардың билеушісі Орталық Азияның ең қуатты билеушісі, Дуррани әулетінің негізін қалаушы Ахметті сайлады», «бұл одақ еш нәтижесіз аяқталды, дегенмен оның маңызы, Қытайдың өз шекарасын жоңғарларға тәуелді болған Ташкент, Сайрам, Созақ пен Түркістанға дейін таратпақ болған пиғылы тоқтатылды» деп бағалады [12, 138-139 б.]. Шоқан пікірін қырғыз тарихшылары да «Осенью 1762 г. регионах проживания казахов, кыргызов и узбеков распространилась информация о предполагавшемся вторжении весной 1763 г. цинских войск в Среднюю Азию. Перед опасностью иноземного нашествия народы Средней Азии сумели преодолеть внутренние мелкие разногласия и проявить сплоченность и единодушие. Отчасти этим можно было объяснить добровольное возвращение кокандским бием Ирданой в 1763 г. прежним хозяевам – кыргызам – городов Ош и Узген. Сплоченность мусульманских народов, где определенные надежды возлагались и на афганского Ахмет-шаха, несомненно, стала сдерживающим моментом для цингов в их завоевательных устремлениях в сторону Средней Азии», - деген қорытындысымен қолдайды [28, С.150]. 2010 жылы жарық көрген академиялық «Қазақстан тарихы» 1760 жылдары мұсылман елдері арасында



болған өзара келісімдерді еш дәлелсіз «60-жылдардың екінші жартысына» жылжыта салған [29, 252 б.]. Мұрағаттық құжаттармен және мәселемен терең таныс жоғарыдағы зерттеушілер өзара келісімнің XVIII ғасырдың 60 жылдардың басында жүзеге асқанын дәлелдейді. Оның үстіне 1765 жылдардан бастап, қазақ-қырғыз, қазақ-қоқан қатынастары қайта шиеленіскен-ді. Қалай болғанда да Қытаймен көршілес мұсылман елдері Жоңғарияға жасалған қанды қырғынға куәгер ретінде Қытаймен болатын жойқын соғысты қаламады, мәселені бейбіт шешуге ұмтылды. Осы мақсатта Ахмад шахпен тығыз байланыс орнатылды. Мұндай бірлескен қадамдардың барлығынан Қытай хабардар еді. Мұсылман елдері елшілерін де бірге жіберді. Ол өз нәтижесін берді де. Жағдайды есепке алған Қытай күшпен жаулап алушылық саясатын тоқтатуға мәжбүр болды. Мұның өзі де сол заман үшін үлкен жеңіс болатын. Ал қазақ, өзбек, қырғыз, ұйғыр бауырларына қолдау көрсетіп, елшілік аттандырған, Қытай назарын аудартқан Ахмад шах тарихта «мұсылмандарды қорғаушы» ретінде қалды. Қазақтар кейін де Ахмадпен байланысын үзбеген сияқты. Абылай ханның Ахмад шахтың саясатынан хабардар болғандығы 1773 жылы да анықталды. Ол турасында Орыс сұлтан 1773 жылы 7 шілде де Деколонгке «Ауғаныстанның ханы Ахметшах қарулы қолмен, оған қоса пілдері де бар, парсы жеріне шабуыл жасап, өзіне бағындырып алыпты. Одан кейін Үлкен Бұхараға аттанбақ көрінеді, оны жаулап алмақ. Қазірдің өзінде Бұхарияның екі шағын қаласын шауыпты, ондаған адамдарды тұтқынға алыпты. Біздің жақта Ахметшах Абылай ханға келеді екен, онымен әскери бітім жасамақ деген әңгіме тараған», - деп хабарлайды [30, 294 б.]. Қорыта келгенде, қазақ-ауған қарым-қатынасы мұрағаттық құжаттар бойынша мемлекеттік деңгейде дәл осы кезеңде қалыптасты. Оған екі жақ та мүдделі болды. Дегенмен Қазақстанның Ресейдің отарлау аумағына енуі, 1773 жылғы Ахмад шахтың өлімі, ол құрған империяның өзіндік қиыншылықтары, оған қоса еуропалық елдердің бұл аймақтағы екпінді шаралары байланыстарға кедергі жасады. Ахмад ұлы Тимур шахта қызмет жасаған Хусайн Алидің 1803 жылы аяқтаған еңбегінде XVIII ғасырдың соңғы ширегіндегі ішкі жағдай, өзбек тайпаларының қарсылықтары толық көрініс табады [31]. Кеңестік заманда ауған тарихшысы Сеид Касем Риштия мойындағандай «Ауғанстан өзінің сәтті кезеңін ел билеушілері саясатының таяздығынан және талас-тартыстың кесірінен жіберіп алды. Ахмад шах құрған Орта Шығыстағы мықты империяны сақтап, шахтың ісін жалғастырғанда ауған елі әлемдегі ұлы державалардың қатарында болар еді» [32, С.27]. Ал қазақ билеушілерінің, соның ішінде Абылай ханның көрші елдермен жүргізген сарабдал саясаты XVIII ғасырда біртұтас елдікті, мемлекеттілікті, ұлтымызды сақтады. Қазіргі таңда екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастар тарихы өз зерттеушілерін күтуде. Бүгінгі мемлекеттік деңгейдегі тарих ғылымына деген жаңа көзқарас пен шетелдерден әкелініп жатқан мыңдаған құжаттар бұл мәселеде де жаңалықтар мен тың тұжырымдар жасауға көмектеседі деген сенімдеміз.



Әдебиеттер

1. История Афганистана с древнейших времен до наших дней / Отв. Ред. Ю.В.Ганковский. –М.: Мысль, 1982. –368 с.
2. Русские страницы Proxomitron / Восток - дело тонкое - часть 290... (электрондық ресурс) // proxomitron.ru/help/content/other/i
3. Әбілқайыр хан және Нәдір шах / Ә.Мұқтар // Отан тарихы. - 2012. - №1 (57).- 73-77 б.
4. Начало оренбургской истории (Создание Оренбургской губернии в середине XVIII в.). / Д.Сафонов. –Оренбург: Изд-Во «Оренбургская губерния», 2003. -92 с.
5. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. Сб. документов и материалов. -Алма-Ата, 1961. -740 с.
6. Батырұлы Қайып хан және оның әулетінің тарихы (1745-1860 жж.). Ж.А.Исмурзин. / Тарих ғ. к. дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясы. - Орал 2008, 32 б.; РИССМ. 122 қ., 122/1 т., 1747, 3 іс, 265 п.
7. Капитан жазбалары / П.И.Рычков, Н.П.Рычков. - Алматы: Ана тілі, 1995. -104б.
8. РИССМ. 122 қ., 128/1 т., 1745, 3 - іс, 132,142 п.
9. Казахстан и Бухарское ханство в XVIII – пер. половине XIX в. / Ж.М.Тулибаева. - Алматы. Дайк-Пресс, 2001. -156с.
10. Армия и военная система шахов Дуррани / Ю.В.Ганковский // Индия и Афганистан. Очерки истории и экономики. –М.: Издательство Восточной литературы, 1958. -290с.
11. Тарихи зерттеулер: Шежірелік деректер / Н.Мұқаметқанұы. – Алматы: Жалын, 1994. -144 б.
12. Қашқарға сапар ұйымдастыру туралы жазбалар // Көп тодық шығармалар жинағы / Шоқан Уәлиханов. –Алматы: «Толағай групп», 2010.Т.3. -424 б.
13. ОРОММ. 3 қ., 1т., 52 іс, 1, 13п.
14. Международные отношения в Центральной Азии в XVII – пер. половине XIX в. / Б.П.Гуревич. - Второе, дополненное издание. –М.: Наука, 1983. -308 с.
15. Восточный или Китайский Туркестан / В.В.Григорьев. - СПб., 1873.
16. Бадахшан, Цины и афганцы (электрондық ресурс) // auroga.mybb2.ru/viewtopic.php?p=341
17. РИССМ. 122 қ., 122/1 т., 1760, 4 - іс, 73 п.; Международные отношения в Центральной Азии в XVII – пер. половине XIX в. / Б.П.Гуревич. -Второе, дополненное издание. –М.: Наука, 1983. –С.160
18. Империя Цин и мусульманский мир (К вопросу о мусульманской реконкисте с Центральной Азии) (электрондық ресурс) / В.С.Кузнецов // Мусульманский мир Восточного Туркестана. Uighur.narod.ru/uigur2/article29b.h... копия
19. Международные отношения в Центральной Азии в XVII – пер. половине XIX в. /Б.П.Гуревич. - Второе, дополненное издание. –М.: Наука, 1983. -308 с.; Из истории Казахстана XVIII века (О внешней и внутренней политике Абылая) / Р.Б.Сулейменов, В.А.Моисеев. –Алма-Ата: Наука, 1988. -144 с.



20. Международные отношения в Центральной Азии. XVII-XVIII вв. Документы и материалы. Книга 1-2. –М.: Наука, 1989. -343с.
21. РИССМ 27 қ., 27/1 т., 1763-1766, 1-іс, 27-п
22. РИССМ 122 қ., 122/2 т., 1762-1775, 14 іс, 198 п.; Из истории Казахстана XVIII века (О внешней и внутренней политике Абылая) / Р.Б.Сулейменов, В.А.Моисеев. –Алма-Ата: Наука, 1988. –С.104-105
23. РИССМ 122 қ., 122/2 т., 1763, 2-іс, 8-п
24. 100 құжат (Қазақ хандығы мен Чиң империясы арасындағы қарым-қатынастарға байланысты құжаттар). –Алматы: Санат, 1998. -176б.
25. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. II том. Сұңғатай С., Еженханұлы Б. Тарихи-мәдени жәдігерлер. –Алматы: Дайк-Пресс, 2005. -80 б.
26. Миссия Богдана Асланова в Афганистан в1764 году / Ю.В.Ганковский // Советское востоковедение. -1958.-№2.-С.83-85
27. РИССМ. 122 қ., 122/2 т., 1762-1775, 14 іс, 279п.
28. История кыргызов и Кыргызстана: Учебник для вузов / Отв. ред.акад. В.Плоских; НАН КР, Кыргызско-Славянский университет. -4-е изд. Доработ.. –Бишкек: Илим, 2003. -384 с.
29. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. –Алматы: «Атамұра», 2010. -768 б.
- 30.Қазақтың ханы-Абылай: Дәуірі, өмірі мен қызметі. Ғылыми басылым. –Алматы: «Ел-шежіре» ҚК, 2011. –Т.2. -640 б.
- 31.Украшение летописей / Хусайн Али. Ташкент: Наука, 1965. -175с.
- 32.Афганистан в XIX веке / Риштия С.К. - М.: Изд. иностранной литературы, 1958. -485 с.

А.К. Mukhtar

The Kazakh-Afghan relations and Abylay khan in the XVIII century

In article on the basis of new sources analyzed the policy leading by the Kazakh khanate in the second half of the XVIII century against capture of China. At this time the main khan of Kazakhs of Abulmambet and Abylay khan together with the Uzbek and Kyrgyz governors contacted with the shah of Afghanistan - Ahmad. The joint policy prevented bloodshed, suspended the fires of war. The accurate policy of the Kazakh khans, including Abylay khan was defined.

Keywords: the centralized Kazakh khanate, the main khan Abulmambet, Abylay khan, the state of Afghanistan, Ahmad shah, the Chinese empire.

А.К. Мухтар

Казахско-афганские отношения и Абылай хан в XVIII веке

В статье на основе новых источников анализируется политика, проводимая Казахским ханством во второй половине XVIII в. против захвата Китая. В это время главный хан казахов Абулмамбет и Абылай хан совместно с узбекскими и киргизскими правителями вышли на связь с шахом Афганистана - Ахмадом. Совместная политика предотвратила кровопролитие, приостановила пожар войны. Определилась четкая политика казахских ханов, в том числе Абылай хана.

Ключевые слова: централизованное казахское ханство, главный хан Абулмамбет, Абылай хан, государство Афганистан, Ахмад шах, Китайская империя.



УДК 94(574) "17/19":32.019.5

Ұ.Т. Ахметова - тарих ғылымдарының докторы
А.Б. Дакешева - 2 курс магистранты,
06M1140 - «педагогикалық тарих»
E-mail: akzila@mail.ru

И.А. КАСТАНЬЕНЫҢ ТҮРКІСТАНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

Аннотация. Мақалада XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ жерін кешенді зерттеу бағытында іргелі жұмыстар жүргізген Түркістан өлкесінің ғылыми ұйымдары – Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесі мен Императорлық Орыс географиялық қоғамы Түркістан бөлімшесінің белсенді мүшесі болып, он жылға жуық қызмет еткен француз ғалымы И.А.Кастаньенің қазақ тарихы, археологиясы, этнографиясына қатысты зерттеулері баяндалады.

Түйін сөздер: Түркістан өлкесі, ғылыми мекемелер, француз ғалымы, қазақ тарихы, ғылыми зерттеулер.

Қазан төңкерісіне дейінгі Ресей мемлекетінің ғылыми қоғамдары мен мекемелері Қазақстан аумағында зерттеу жұмыстарын кеңінен жүргізді. Қазақтардың Ресей боданына айналуына орай қазақ өлкесін жүйелі зерделеу міндеттерін алға қойған ғылыми ұйымдар жоспарлы түрде зерттеулермен жұмыстанды.

XIX ғасырдың II жартысында Императорлық Орыс географиялық қоғамының Орынбор, Батыс Сібір, Семей, Түркістан бөлімшелері және Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы, Археология әуесқойларының Түркістан үйірмелері ғылыми-тарихи еңбектерімен таныла бастады. Сол дәуірде жинақталған ғылыми мәліметтер патшалық әкімшілік сұраныстарын қанағаттандырумен қатар, олардың мүшелері еліміздің өткеніне қатысты құнды еңбектерін жарыққа шығарды. Қазіргі таңда сол еңбектерді жинақтап тану, зерделеу қазақ тарихы ғылымы үшін маңызды деректерді, тың мағлұматтарды беріп, қомақты үлесін қосатыны анық.

Ғылым жолында өз заманының түрлі зерттеу орталықтарына мүше болып, төңкеріске дейінгі қазақ халқының археологиясы, этнографиясы, тарихын жинақтаған француз ғалымы Жозеф Антуан Кастаньені атауымызға болады.

Француз ғалымының қазақ көне археологиялық ескерткіштерін зерделеуге қосқан үлесіне қазақстандық ғалымдар К.Л.Есмағанбетов пен Ғ.Исахан, Ұ.Т.Ахметова арнайы мақалалар арнаған болатын [1].

Біздің мақсатымыз ғылымда аты қалған ғалымның ғылыми қызметіне, қазақ тарихына қатысты мұраларына кеңірек тоқталып, саралау болып табылады.

И.Кастаньенің саяси-қоғамдық қызметі мен ғылыми ізденістері жанұясымен бірге тұрақтанған Орынбор және Ташкент қалаларымен байланыста өрбіді.

И.А.Кастанье 1875 жылы Францияның Гайяк қаласындағы қарапайым отбасында дүниеге келген. Тулуза қаласындағы лицейде оқыған кезінде жоғарғы курстарда француз тілінен дәрістер тыңдап, куәлік алған [2, 7п.].

1899 жылы көктемде И.Кастанье Ресейге қоныс аударып, Кавказда тұрақтайды. Кавказ оқу округінде Пятигорск гимназиясында француз тілінің мұғалімі қызметін атқарады [3].



1901 жылы Орынбор қаласына ауысып, алдымен реальдық училищеде, кейін ерлер гимназиясы мен Неплюев кадет корпустарында жұмыс жасайды. 1902 жылы Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясына толық мүшелікке қабылданып, 1904 жылдан археологиялық ізденістерге рұқсат алады. Зерттеу жұмыстарының есептері комиссия «Еңбектерінде» жарыққа шыққан [3].

1912 жылы 1 тамызда И.Кастанье сырқаттануына байланысты Түркістан өлкесіне қызмет ауыстырып, Ташкент реальдық училищесінде француз тілінің мұғалімі ретінде жұмысқа орналасады [2, 59 п.].

1912 жылы И.А.Кастанье бірден Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесіне қабылданады. Бұл ғылыми орталық төңкеріске дейінгі кезеңде Орта Азия, Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісудың өткен дәуірлері жөніндегі тарихи деректер жинақтауда белсенді болды. Оның мақсат-міндеттері үйірме Жарғысының екінші бабында нақты айтылған. Үйірме қызметі археологиялық материалдарды жинауға, ескерткіштерді тіркеуге, сипаттауға бағытталды. Сыр бойынан Алтайға дейінгі ежелгі қалалар, қамал-бекіністер, обалар, архитектуралық ескерткіштер мен мазарлар алғаш рет зерттеу нысанына алынды. Алғашқы археологиялық карталар жасалды. Эпиграфикалық, нумизматикалық мұралар жиналды. Үйірме мүшелерінің жұмысы Орыс археологиялық қоғамының Шығыс бөлімшесінің бақылауында болды. 1895 жылы 11 желтоқсанда Ташкентте құрылып, 1917 жылға дейінгі қызметін жалғастырған қоғамда әр кезеңде Е.Т.Смирнов, И.В.Аничков, Ә.Диваев, В.А.Каллаур, А.К.Кларе, Н.П.Остроумов, В.В.Бартольд, Н.Н.Пантусов белсенді жұмыс атқарды. Жыл сайын шығарылған «Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесі мүшелерінің хабарламалары мен отырыс хаттамалары (I-XXI шығарылымдар)» атты өзінің баспа құралы арқылы ғылыми зерттеулерін жариялап келді [4, С.10-11].

Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесінің хаттамаларынан И.Кастаньенің «Культ змей у различных народов и следы его в Туркестане», «Отчет о поездке в Шахрохию и местность "Канка"», «Древности Ура-Тюбе и Шахристана», «Археологические разведки в Бухарских владениях» атты есептері тыңдалып, отырыстарында қызу талқыға түскенін байқаймыз.

1912 жылы 11 желтоқсан күні Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесінің отырысы Түркістан Оқруғының Инженерлік Басқармасында өтті. 42 мүшесі қатысқан жиналыста И.Кастанье «Следы древнего культа змей в Туркестане» баяндамасын жасады. Зерттеуші жұмысын оқыған кезде құнды жәдігер болып келетін жыланның тас мүсінін көрсетті [5, С.2].

Бұл жұмысын жазуға 1899 жылдың 9 қарашасында өткен үйірме отырысындағы талқылаулар түрткі болған. Онда Қокан уезінің Сох қыстағынан 3 аршын тереңдікте ірі бойтұмардың табылғаны туралы хат оқылған болатын. Аталған жәдігер сақина секілді оралып, бір-біріне қаратылған екі жылан түріндегі қара тастан жасалған еді.

Ғалым: «Бұл тастағы бейне кездейсоқтық емес, тек ой-өрісі жоғары адамның қолынан шыққан туынды болуы мүмкін» [6, С.17] – деген ой түйіп, Түркістан өлкесінен табылған бойтұмарда жыланның айшықталу сырын ашуға бел байлайды.

Жыланға табыну салтын қасиетті Інжіл, Құран, Таурат беттерімен қоса әлемнің түкпір-түкпіріндегі ежелгі халықтардың салт-дәстүрлерімен салыстыра отырып талдауға көшеді. Көне кезеңдегі фетишизм мен тотемизм діни



жүйелерінің сарқыншақтары ретінде жыланға арнап құрбандық шалу, мереке ұйымдастыру рәсімдерін қазіргі кезеңдегі мифологиялық, этнографиялық, археологиялық материалдар негізінде жан-жақты қарастырады. Қазақ даласындағы көшпелілер арасында Жаңакент қаласының жыландармен қиратылуы туралы аңыздың кеңінен тарағандығын сөз етеді [6, С.23].

1912 жылы «Орынбор Оқу Округының Хабаршысы» журналында жарық көрген өзінің «Из области Киргизских Верований, нечистые силы и злые духи» мақаласынан үзінді беріп, қазақ шамандары мен бақсыларының үндеулері мен кейбір эзззіл әңгімелерінде жыланды жамандық шақыратын, зиянкес рухтың ерекше түрі кейпінде сииаттайтындықтарын жазады [6, С.24]. Жұмысын қорытындылай келе, И.Кастанье жыланға табыну дәстүрінің Түркістан жерінде толықтай тарамағандығын айтады. Салт-жора белгілерінің кей жерлерде шығысындағы көрші жатқан елдермен қарым-қатынасқа түсу нәтижесінде кездесетіндігі туралы тұжырымды ойын білдіреді.

1913 жылы ғалым Императорлық Орыс географиялық қоғамының Түркістан бөлімшесіне қабылданады. Бұл ұйым 1896 жылы 20 мамырда ашылған болатын. 1898-1917 жылдар аралығында Ташкент қаласынан «Хабарларының» 13 томын жарыққа шығарады [7, С.276].

Орыс географиялық қоғамы Түркістан бөлімшесі «Хабарларының» беттерінде түрлі жылдарда И.Кастаньенің «Историко-этнографическая поездка в Наманганский уезд», «Современные успехи спелеологии и мои спелеологические поездки по Туркестану 1913-14 гг.», «Некролог на смерть французского исследователя-лингвиста Р.Гатьо» атты жұмыстары жарияланады. Сол жылы Түркістан халық мұражайы мен кітапханасы жанындағы бақылау комитетінің мүшелігіне сайланады [8].

1913 жылдың 30 сәуірінде өткен кезекті үйірме отырысында И.Кастанье «Краткое сообщение о поездке к развалинам Ахсыкента и в горы для осмотра построек, известных под именем «хана-и-муг»» хабарламасын оқып, Ахсыкент тауларында археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізуді ұсынады. И.А.Кастаньенің ұсынысына үйірме мүшесі Л.А.Зимин өз пікірін білдіреді. Ол бұл мәселе толық зерттелді деген уәж айтады. Алайда баяндамашы Ахсы жерінде жарты сағаттық қазба жұмысының қорытындысы негізінде әлі де зерттеуді қажет ететін көне мекен деген пікірінен таймайды. Осы сөз айтысын мұқият тыңдаған вице-төрага Н.П.Остроумов И.Кастаньенің ұсынысын құптап, нәтижелі ізденісіне кеткен 44 рубль көлеміндегі шығынының үйірме есебінен жабылатынын хабарлайды. Жиналыс алдағы уақытта Ахсыкент жерінде қазба жұмыстарын жалғастыруды И.Кастаньеге тапсырады [9, С.57-58].

1913 жылы 28 қыркүйекте кезекті басқосу Ташкенттегі қалалық думаның акт залында ұйымдастырылады. Отырыс Императорлық Орыс географиялық қоғамының Түркістан бөлімшесі және Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің бірігуімен өтеді. Генерал-лейтенант А.С.Галкин төрагалық еткен жиналысқа танымал саяхатшы П.К.Козлов қатысып, баяндамасын оқиды. Күн тәртібінде екінші болып аталған екі қоғамның тең мүшесі И.А.Кастанье «Историко-этнографическая поездка в Наманганский уезд» тақырыбындағы хабарламасын жасайды. Баяндама ежелгі Ахсыкент қаласы қирандыларына сипаттамадан, тарихи анықтамадан және Чуст тауларындағы жергілікті халықтың арасында тараған сенімдерді, түрлі ырымдарды хабарлаудан тұрды [9, С.109].



И.Кастанье есебінде өзінен бұрын аталған тарихи мекенде болған Н.Н.Веселовский, Н.Г.Павлов, В.В.Бартольд және ортағасырлық тарихшылар Ибн Хаукаль, Әл-Макдиси, Идрисиден жеткен деректерді негізге алып, Ахсы қаласының орны туралы нақты деректің жоқтығын дәлелдейді. Өзінің сәуір мен маусым айларындағы екі сапарының мақсаты ежелгі мекенді көзбен көріп, ежелгі қала туралы кеңінен тану болғанын сөз етеді. Осылайша түрлі кезеңде Ферғананың астанасы болған көне мекенге жол бастайды. Сырдарияның оң жағалауындағы Наманган уезінен 20 верст жерге жетіп, зерттеу жұмысын жүргізеді. Қазба жұмыстарының нәтижесінде алып орлармен ажыратылған үш түрлі бөліктен тұратын ежелгі қаланың орнын анықтайды. «Бірінші бөлігі – сәнді сарайы бар биіктікте орналасқан цитадель, екіншісі – цитадельді қоршай мешіт, түрме, теңге сарайлары бой көтерген қаланың орталық бөлігі, үшіншісі – базар, бақша, шеберханалары бар адамдар көп тұратын бөлігі» [10, С.18] - деп сипаттайды. Ондаған түрлі шырақтардың, араб әріптері көрінетін шыны ыдыс қалдықтарының, моншақтардың, кірпіштердің табылғанын жазған автор Ахсыкент қирандысының археология ғылым саласы үшін маңызды мағлұмат беретінін баса айтады. Осылайша, ғалым бұл өңірде сауда мен қолөнердің орталығы болған көшпелілер мен отырықшы халық арасындағы байланыс ошағының топографиялық орналасуына қатысты нақты тұжырым жасайды.

Наманган уезінің Чуст бөктеріндегі халықтардың наным-сенімдері жөнінде Н.П.Остроумовтың аттас хабарламасымен байланыста әңгімеленген. Әулиелер жерленген мазарларға барып түнеуден, ақтық байлаудан, көз тиюден сақтанудан, ежелгі ағаштарға табынудан тұратын шамандық сенім сарқыншақтарының әлі күнге шейін сақталғандығын жазған. Сапары кезінде жазып алынған Ежелгі Қара қорған, хазірет Мәулен, Қотыр бұлақ, Көктұңлық Ата мазарларының құдіреттері туралы халық аузындағы аңыз-әңгімелерге тоқталған. Көне ескерткіштер мен жергілікті халықтардың тәңірге сенімі жөнінде хабардар ететін ел ішінде тараған әпсаналар мәтінінде ел тарихы жатқанын дәлелдеген.

1913 жылдың 15 қазанында өткен кезекті үйірме отырысында И.Кастанье «Летняя поездка к развалинам Шахрохия и Канки» баяндамасын жасады. Жиналыс алдында И.А.Беляев және баяндамашының өзі түсірген суреттер көрсетілді. Ғалымның зерттеуіне қатысты үйірме мүшелері А.А.Семенов, А.Е.Скворцов, Л.А.Зимин өзара қызу пікір алмасты. Отырыс қаулысында И.Кастаньеге аталған тарихи мекенде зерттеу жұмыстарын жалғастыруға рұқсат берілді [9, С.110].

Аталған есебінде И.А.Кастанье 1913 жылдың 28-нші мамырында археология әуесқойларының Түркістан үйірмесінің тапсырмасына байланысты Орталық және Шығыс Азияны зерттеуге арналған Орыс комитетінің қаражаты есебінен Шахрухия қаласының ескі орнын барлауға аттанғанын хабарлайды. Жазғы сапарының мақсаты аталған қалалардың орналасуы, ежелгі тарихы, ескерткіштері туралы кеңінен білу болды. Осылайша, Жаңақорған қыстағы арқылы Шахрухияға бет алады. Шамар Қара әулие жеріндегі бақташылардан Әмір Темір мен Абдолла хан жөнінде жазып алады. Абдолла хан салғызған мешіт қирандыларынан белгісіз полковниктің, Әлім молданың, М.С.Андреев пен Е.Т.Смирновтың жазулары бар біршама заттарды алып кеткенінен кейін бұл жерге ешкім аяқ баспағанын естиді.



Шахрухия мен Канка жеріне ғылыми мақсаттармен барған зерттеушілердің еңбектерімен толық танысқан И.Кастанье өз жұмысында кеңінен қолданады. Атап айтсақ, 1876 жылы «Туркестанские ведомости» газетінің №24 санындағы Д.К.Зацепин мақаласына сүйеніп, сол кездегі Абдолла хан мешітінің сипаты мен өзі көрген жайттарды салыстыра баян етеді. Осылайша, ғалым мешіт қабырғасының солтүстік бөлігінде тек дарбаза бұрышының сақталғандығын, қалған бөліктерінің толық қирандыға айналып, жаңа мешіт құрылысы үшін тастарының алынғандығын байқайды. Мешіттің ескі орнының қасында күйдірілген кірпіштен салынған Шамар Қара әулиеге арналған мазарды суреттеп береді.

Шахрухия ежелгі қаласы туралы Әл-Максиди және Әли Шерефеддин деректерін талдайды. Сонымен қатар И.Кастанье В.Бартольдтің 1900 жылы жарыққа шыққан «Моңғол шапқыншылығы кезіндегі Түркістан» еңбегін негізге алып, Шаш облысының қалалары құрамына кірген Бенакент атты ежелгі қаланың Ангрен өзенінің сағасында орналасқанын жазады. Ал Бенакенттің Шахрухия деп аталуына қатысты «Бенакент қаласын 1220 жылы моңғолдар жаулап алған және XII ғасырдың II жартысындағы бүліктер кезінде қиратылып, Әмір Темір кезінде қайта тұрғызылды» деген В.Бартольдтің, «1392 жылға шейін бұл қалада адам баласы тұрмаған» деген 1893 жылы Ташкентте басылып шыққан «Бакудан Ташкентке дейінгі Орталық Азия бойынша жолсілтегіш» атты Д.И.Эварницкийдің еңбектеріндегі тарихи деректерді ұсынып, оқырман талқысына салады [11, С.5].

Аталған мәліметтерді ғылыми сараптаудан өткізген ғалым Әмір Темір билігінің гүлденген кезеңін ескере келіп, ежелгі қалашық қайта қалпына келтірілген соң ұлы мырза Шахрухқа сыйға тартылып, осыдан келіп Шахрух-шар немесе Шахрухия атауы шыққанын талдап көрсетеді.

Сапарының нәтижесінде жергілікті жердің сызбасын құрастырған И.Кастанье Бенакент қалашығының қалдықтарын Шара-Кия немесе Шахрухия жерінің солтүстік-батысында деп белгілейді [11, С.7].

Есепті толыққанды жеткізуде И.А.Беляевтың Сырдария мен Шахрухияның жалпы кескіні мен Канка қалашығы суреттелген фотоларымен қатар Абдулла хан мешітіндегі дарбаза бұрышы, Бенакенттің жалпы көрінісі атты қосымшаларды тіркейді.

1913-1914 жылдары И.Кастанье Өгем өзені бойындағы үңгірлерге зерттеу жүргізеді. Сол сапарында тікелей Ташкентке бастайтын жер асты жолы жөніндегі аңызды жазып алады. Канигут үңгірінің тылсым тарихын жазуда 1981 жылғы зерттеуші Вилькинсомның, 1896 жылғы Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесі мүшелері М.С.Андреев пен Н.Г.Маллицкийдің және П.С.Назаровтың сапарлары кезінде жазылған мәліметтеріне сүйеніп, нақтылы көргендерімен салыстырмалы талдау жасайды. Ел аузындағы аңыз-әңгімелерден сол мекен үңгірлерінің тарихын шығарады [12, С.20].

1914 жылы 14 наурыз күні Императорлық Орыс географиялық қоғамының Түркістан бөлімшесінің кезекті отырысы А.С.Галкин төрағалығымен өтті. Жиналыс кезінде төраға орынбасары Н.Г.Маллицкий бөлімше мүшесі Иосиф Антоновичтің өтінішін жеткізеді. Бұл өтінішінде И.Кастанье 1914 жылдың маусым-шілде айларында Самарқан облысы мен Ферғана облысының Қоқан уезіндегі этнографиялық және спелеологиялық



зерттеулерін жалғастыруды көздегенін әңгімелейді. Бұл сапарына шамамен 230 рубль шамасында қаражаттың қажеттігін айтып, ұйым есебінен бөлуді сұрайды [13, С.273].

1914 жылы 19 наурызда бөлімше отырысы жоғарыда аталған аудандағы жергілікті халықтардың сенімдері мен салт-дәстүрлері, үңгірлеріне қатысты ізденістерді жалғастыруға И.Кастаньеге 400 рубль мөлшерінде қаражат бөлуді шешеді [13, С.276].

1914 жылы 29 қараша күні оздырылған жалпы жиналыста И.Кастанье өзінің «Об археологических разведках в песках Ферганы в 1914 году» есебінен үзінді келтірді. Бұл жұмысында Фергана облысының солтүстік-батысындағы құмдарға, ондағы геологиялық түзілімдерге, желдің жұмысына, құммен көмкерілген ежелгі мекендерден табылған зат қалдықтарына тоқталады [13, С.285].

1915 жылы 19 қаңтарда өткен жиналыста бөлімше «Хабарларының» келесі ХІ томының І шығарылымына И.А.Кастаньенің «О пещерах Туркестана» есебін басып шығару шешімі қабылданады [13, С.290].

1915 жылы 14 ақпан күні үйірме мүшелерінің кезекті отырысы Түркістан мұғалімдер семинариясының ғимаратында вице-төраға, үйірменің Құрметті мүшесі Н.П.Остроумовтың төрағалығымен, В.Н.Миловановтың хатшылығымен және 24 мүшесінің қатысуымен өтті. Аталған жиында И.Кастанье «Древности Ура-Тюбе и Шахристана» тақырыбындағы баяндамасын жасады. Өз хабарламасын зерттеуші берілген жерлердің жалпы сипаттамасына, кездесетін көне ескерткіштеріне және өткен тарихына арнады. Жұмыс үлкен қызығушылықпен тыңдалып, пікір алмасуларға жалғасты. Үйірме мүшелері ғалым баянында кездескен ежелгі Кирополис қалашығының орнына қатысты өз пікірлерін білдірді. Аталған өңірге археологиялық мақсаттармен барып, топографиясымен жақсы таныс ғалымдар Н.П.Остроумов пен П.С.Скварский Кирополистің биіктікте орналасқан Ұра-төбенің ежелгі орнында болғанын айтып, баяндамашының тұжырымын қолдайды. Және де профессор В.В.Бартольдтің әскери қамалдың жазық даладағы Шахристанда орналасуы мүмкін деген пікіріне қарсылықтарын білдіреді [14, С.159].

Ғалым: «Аталған хабарлама осы жерлер туралы түрлі мәліметтерді біріктіріп, тарихымен толыққанды таныстыру, сапар кезіндегі өзімнің жеке пікірлеріммен бөлісу мақсатында жасалынды» [15, С.32] - деп бөліп айтқан.

1915 жылы 11 қарашада өткен үйірменің кезекті отырысына ұйымның 50 мүшесі қатысты. Үйірме мүшесі И.Кастанье 1915 жылдың жаз айларында Бұқар иеліктеріне жүргізген археологиялық барлау жұмыстары жөнінде хабарламасын жасады. Өз сапарында жүріп өткен жолдар және кездескен түрлі көне ескерткіштерге сипаттама беріп, кейбіріне қатысты аңыз-әңгімелерге тоқталды. Баяндама кезінде түрлі фотосуреттер, сызбалар, карталар көрсетілген. Өз есебін қорытындылай келе, ғалым Абдолла хан медресесі, Захар мен Мирон қамалы, Кала-и-Дабус қала орындары, Әулие Әбу-Хир мазары, Нұр Ата мен Газган қыстақтарын болашақта тарихи-археологиялық, этнографиялық зерттеулер үшін құнды деректер қоймасы деп ой түйіндеген. Жиналыс мүшелері И.Кастанье жұмысын жоғары бағалап, ризашылықтарын білдірген [14, С.169].



1916 жылдың 6 қаңтарында И.Кастанье Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясының төрағасы А.В.Поповтың атына хат жолдайды. Хатта француз ғалымы таяу арада Орал облысының Покровка селосынан табылған 4 жәдігермен қоса өзінің Бұқар неліктеріне сапары жөнінде жазылған есебін жіберетінін жазған [16, 3п.].

И.А.Кастанье «Исламның Түркістандағы қасиетті орындарына табынушылық» атты соңғы еңбектерінің бірінде сакралды эпиграфика мен аңыздарға назар аудара отырып, 160-тан астам дін өкілдерінің есімдерін атап, бейіт, мазар, архитектуралық ескерткіштер мен кешендердің тізбесін жасайды. Француз ғалымының қаламына іліккен қазақ халқының қасиетті жерлері қатарында «Түркістандағы түмен бап», Қазығұрт әулие, Шақпақ ата, Қошқар ата, Әулие ата, Айша бибі, Қарахан ата т.б. аталған. Осы еңбегі арқылы сол өңірдегі көп жылдық бақылаулары мен зерттеулеріне қорытынды жасайды.

1917 жылы Қазан төңкерісінен кейін Жозеф Кастанье жаңа мұражай коллекцияларын құрастырумен айналысып, Түркістан халық мұражайы мен кітапханасында және Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесі мен Императорлық Орыс географиялық қоғамының Түркістан бөлімшесінде таратылғанға дейін қызмет етеді. 1920 жылы «Түркістанда өнер мен көне ескерткіштерді қорғау ісін ұйымдастыру» үшін құрылған мұрағат істері бойынша Орталық Басқарма басшысы Д.И.Нечкиннің орынбасары қызметін атқарады [8].

Кеңес дәуірінің ғалымдары А.И.Зевелев, Ю.А.Поляков, Л.В.Шишкинаның И.Кастанье туралы: «Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін «археологиялық жұмыстарды жүргізген болып» Ташкентте тұрақтады. Түркістанның археологиялық картасын жасауды бүркемелеп тыңшылық жұмыспен айналысты. 1917-1919 жылдары ағылшын тыңшыларымен қосылып Кеңес үкіметіне қарсы күресті. 1921 жылы әскери тұтқындармен бірге Францияға оралды» [17, С.49] – деген тұжырымдары өз уақытында ғалымның ғылыми ізденістеріне сенімсіздік тудырған болатын.

Алайда, академик, әрі шығыстанушы В.В.Бартольдтің «Ближайшие задачи изучения Туркестана» мақаласындағы: «Қазіргі уақытта Түркістанның археологиялық картасын жасап, кейін оған толықтырулар енгізіп тұру мүмкіндігіне иеміз және де бұл жұмысты орындауға айтарлықтай дәрежеде елімізді тастап, өз Отанына кеткен И.Кастанье жинақтары септігін тигізеді» [18, С.549] – деген пікірлері ғалымның аталған өлкенің археологиясы, тарихын зерттеудегі елеулі еңбегін көрсетеді.

Түркістан өлкесінде 1912 жылдан 1920 жылға дейін қызмет жасаған И.А.Кастанье осыншама аз уақытта аталған жердің үңгірлеріне, этнографиясына, археологиясына қатысты ауқымды деректерді жинақтап, нақтылы ғылыми сипаттауларын жасай білді.

Қорыта айтқанда, XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр бас кезеңінде ғылыми мақалалары мен есептері арқылы қазақ елінің көне ескерткіштері мен жәдігерлерін әлемдік тарих ғылымына қосуда француз ғалымы Жозеф Кастаньенің өзіндік үлесі болды.

Әдебиеттер

1. Есмағанбетов К., Исахан Ғ. Гайак қаласында туып, қазақ даласын кезген француз // Егемен Қазақстан, 2005. 26 қаңтар.; Akhmetova U.T. The history of Kazakhstan and Iosif Antonovich Kastanye / Modern Science: Problem



and Perspectives. International Conference. Volum 4. Las Vegas, NV, USA. April15, 2013. Compiled by: ICET, USA. 2013. С. 260-262

2. Ресей Федерациясының Орынбор облыстық мемлекеттік мұрағаты(РФ ОрОММ) 79 қ., 1т., 348 іс

3. Ахметова Ұ.Т. Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясының құрылуы және қызметі(1887-1918) // т.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы қолжазбасы. – Атырау, 2010. – 268 б.

4. Лунин Б.В. Из истории русского востоковедения и археологии в Туркестане. Ташкент: Изд. АН Узб.ССР, 1958. – С.319

5. Протоколы заседаний и сообщения членов ТКЛА. Ташкент: Типография Штаба Турк. воен.Округа, 1913. – Год 17-ый (11 декабрь 1912 г.- 1 апрель 1913г.). – Вып.1.

6. Кастанье И.А. Культ змей у различных народов и следы его в Туркестане. – С. 17-28 // Протоколы Туркестанского кружка любителей археологии. Ташкент: Типография Штаба Турк.воен.Округа, 1913.- Год XVIII.- Вып.1.

7. Лунин Б.В. Научные общества Туркестана и их прогрессивная деятельность (конец XIX – начало XX вв.). Ташкент: Изд. АН Узб.ССР, 1962. – С.342

8. Горшенина С.М. Странный археолог Кастанье // Звезда Востока – 1996.- №3. – С. 147-159

9. Протоколы заседаний и сообщения членов ТКЛА. Ташкент: Типография Штаба Турк.воен.Округа, 1913.- год 17-ый (1 апрель 1913г. - 11 декабрь 1913гг.). - Вып.2.

10. Кастанье И.А. Историко-этнографическая поездка в Наманганский уезд Ферганской области. Ташкент: Коммерческая типография Я.П. Эдельмана, 1914.- С.30

11. Кастанье И.А. Отчет о поезде в Шахрохию и местность «Канка». Ташкент/отд.отг./:Типография Штаба Туркестанского военного Округа, 1913. – С.14

12. Кастанье И.А. Современные успехи спелеологии и мои спелеологические поездки по Туркестану 1913-14 гг. – С.3-51 // Известия ТОРГО. Ташкент, 1915. – Т. 11. – Вып. 2.- Часть 2.

13. Известия Туркестанского отдела Императорского Русского географического общества. Ташкент: Тип.-лит. В.М. Ильина, 1916. – Том XII – Вып.2.

14. Протоколы заседаний и сообщения членов ТКЛА. Ташкент: Типография при Канц. Турк. Ген. Губ., 1916 – Год 20-ый (11 декабрь 1914г. – 11 декабрь 1915гг.). – Вып. 2.

15. Кастанье И.А. Древности Ура-Тюбе и Шахристана. - С.32-52 // Протоколы Туркестанского кружка любителей археологии. Ташкент: Типография при Канц. Турк. Ген. Губ., 1916. – Год 20-ый (11 декабрь 1914г.- 11 декабрь 1915гг.). – Вып.2.

16. РФ ОрОММ 96к., 1т., 94 іс

17. Зевелев А.И., Поляков Ю.А., Шишкина Л.В. Басмачество: правда истории и вымысел фальсификаторов. Москва: Мысль, 1986. – С.225

18. Бартольд В.В. Собранные сочинения. Вып. IX. Работы по истории востоковедения. Москва: Издательство «Наука», Главная редакция Восточной литературы, 1977. – С.966



У.Т. Ахметова, А.Б. Дакешева
Научные исследования И.А.Кастанье в Туркестане

В данной статье рассматриваются научные исследования французского ученого, члена Туркестанского кружка любителей археологии и Туркестанского отделения Императорского Русского географического общества Жозефа Антуана Кастанье, внесшего огромный вклад в историю казахского народа.

Ключевые слова: Туркестанский край, научные общества, французский ученый, казахская история, научные исследования

U.T. Ahmetova, A.B. Dakesheva
Scientific research work I.A. kastanye in Turkestan

This article discusses the research of French scientists, member of the Turkestan group lovers of Archeology and Turkestan branch of the Imperial Russian geographical society, Castanet Joseph Antoine, who made a great contribution to the history and archeology of the Kazakh people.

Key words: Turkestan region, scientific publics, French scientist, Kazakh history, scientific research works



30 сентября 2013 года кафедрой педагогики и психологии педагогического факультета Западно-Казахстанского государственного университета им. М.Утемисова совместно с филиалом АО «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу» «Институтом повышения квалификации педагогических работников по Западно-Казахстанской области» была проведена областная научно-практическая конференция «Формирование функциональной грамотности учителей начальных классов в условиях 12-летней школы».

В работе конференции приняли участие преподаватели педагогического колледжа им. Ж.Досмухамедова, преподаватели, методисты АО «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу», преподаватели и магистранты Западно-Казахстанского государственного университета им. М.Утемисова, учителя школ города и области. На конференцию было заявлено более 180 докладов. Работа конференции осуществлялась по следующим направлениям: современное состояние и перспективы формирования функциональной грамотности учителей начальных классов; психолого-педагогические аспекты реализации компетентностного подхода в образовании; содержание и технология обучения в 12-летней школе; новый формат повышения квалификации учителей по Кембриджской программе.

В целом конференция прошла на высоком научном уровне, присутствовало активное обсуждение актуальных проблем. Для пленарного заседания конференции доклады подготовили такие ученые как д.п.н., доцент Сардарова Ж. И. «Бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық сауаттылықтарын қалыптастырудың теориялық негізі»; д.п.н., профессор, Курманалина Ш. Х. «Основные направления реформирования содержания высшего образования в условиях 12-летнего обучения»; к.п.н. Измуханбетова С.С. «Жаңа форматты мұғалім: функционалдық сауаттылық немесе кәсіби шеберлік»; д.п.н., доцент Мухамбетжанова С. Т. «12-жылдық білім беруге көшу бағытында информатика мұғалімдерінің әдістемелік жүйесін құрудың дидактикалық мүмкіндіктері»; д.п.н., доцент Сарсенбаева Б. И. «О подготовке учителя начальной школы»; к.п.н., доцент Ергалиева Г. А. «Бастауыш мектеп оқушыларының рухани- адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы өзін-өзі тану пәнінің ролі».

По итогам конференции были разработаны и приняты рекомендации по модернизации проводимой работы среди педагогического коллектива в соответствии с Национальным планом действий по развитию функциональной грамотности школьников на 2012 – 2016 годы; расширению ресурсных баз по распространению идеи развития функциональной грамотности учащихся; модернизации работы по распространению передового опыта учителей, занимающихся внедрением элементов развития функциональной грамотности школьников в опыт школ с общественно-гуманитарным и естественно-математическим направлением и другие.



2013 жылдың 27 қыркүйегінде Жаратылыстану-география факультетінде биология және экология кафедрасының ұйымдастыруымен және университет ректоратының қолдауымен «Иванов оқулары» ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.

Конференция жұмысына университет ғалымдары, ардагер-ұстаздар, облыстық биологиялық-экологиялық орталығының мамандары, Орал ауылшаруашылық тәжірибе станциясының ғалымдары «Биология», «Экология» мамандықтарының магистранттары және студенттері қатысты. Конференция отырысын Жаратылыстану-география факультетінің деканы х.г.к., доцент А.Б.Ниязбекова ашты. Сөз кезегін алған Ғылым және коммерцияландыру деиартаментінің директоры Э.Ж.Имашев барлық қатысушыларды конференцияның ашылуымен құттықтап, сәттілік тіледі.

Конференция жұмысында б.г.к., профессор М.М. Фартушина, б.г.д., профессор Т.Е.Дарбаева, а/ш.г.к. С.Г.Чекалин, магистр Н.А.Хрысева, магистранттар Ж.Калиева, К.Удреева баяндамалар жасады.

Конференция барысында б.г.д., профессор В.В. Ивановтың өмірі мен еңбек жолы туралы сөз қозғалып, естеліктер айтылды. Ғалымдардың көтерген мәселелері сан қырлы. Профессор Т.Е.Дарбаева, магистранттар Ж.Калиева, К.Удреева Батыс Қазақстан облысы, Жайық өзені бойындағы жайылма ормандардың трансформациясы, қазіргі экологиялық жағдайы туралы кеңінен мағлұмат беріп, мәліметтер келтірді. А/ш.г.к. С.Г. Чекалин көпжылдық шөптесін өсімдіктердің топырақ қабатын биологияландырудағы рөліне тоқталып өтсе, магистр Н.А.Хрысева топырақ жамылғысының антропогендік әсерлерге тұрақтылығын бағалау турасында сөз қозғады.

Сондай-ақ конференция соңында ардагер-ұстаз Г.М.Мулдашева, георафия кафедрасының меңгерушісі г.г.к. В.И.Амельченко, х.г.к., доцент Н.К. Череватова сөз алып, профессор В.В. Ивановтың өмірі мен еңбек жолы туралы толық мағлұматтар беріп, конференция жұмысына белсене қатысушыларға алғыстарын білдірді.

Конференция қорытындысы бойынша осындай ғылыми-тәжірибелік конференцияларды жылда өткізу және мұндай шараларға оқушыларды, студенттер мен магистранттарды көптеп тарту, конференцияның географиялық аумағын кеңейту, зерттеу жұмыстарының нәтижелерін оқу үрдісінде пайдалану, конференция материалдарын БҚМУ хабаршысына баспаға беру туралы қаулы қабылданды.

С.А. Кажиахметов,
биология және экология
кафедрасы меңгерушісінің м.а.



**БІЗДІҢ
МЕРЕЙТОЙ**

**НАШИ
ЮБИЛЯРЫ**

**OUR
JUBILEES**

Нурсулу Куспановна Байтлесова



После окончания средней школы в 1980 году Нурсулу Куспановна работала пионервожатой в Актауской средней школе. Педагогический коллектив рекомендовал инициативную девушку для поступления в Уральский педагогический институт им. А.С.Пушкина. Пять лет учебы в Уральском педагогическом институте им. А.С.Пушкина пролетели незаметно для отличницы и активистки естественно-географического факультета. Свою трудовую деятельность продолжила в СШ им. И.Алтынсарина, в пос. Шагатай, Акжайыкского района качестве учителя химии и биологии. Молодого, перспективного преподавателя заметили и пригласили в Уральский педагогический колледж им. Ж.Досмухаммедова преподавателем естественнонаучных дисциплин.

На кафедре «Теории и методики преподавания физической культуры» Нурсулу Куспановна работает на протяжении десяти лет и пользуется авторитетом как среди коллег, так и студентов. Она замечательная мама для троих сыновей, любимый куратор для студентов, для коллег - педагог идущий вперед (29 октября 2012 года она защитила диссертацию на соискание кандидата педагогических наук в Белгороде).

Счастья, успехов, удачи во всех ваших начинаниях, с днем рождения, дорогая Нурсулу Куспановна.

*С наилучшими пожеланиями,
кафедра теории и методики преподавания
физической культуры*



МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ CONTENTS

ПЕДАГОГИКА ПЕДАГОГИКА PEDAGOGICS

Назаров В.И., Завозяев И.И. ОСОБЕННОСТИ ДЕТЕРМИНАЦИИ ПОВЕДЕНИЯ ШКОЛЬНИКОВ И СТУДЕНТОВ С РИСКОМ НАРКОТИЗАЦИИ: К ПОСТАНОВКЕ ПРОБЛЕМЫ ИССЛЕДОВАНИЯ.....	3
Артамонов М.А., Турчин А.С. ОСОБЕННОСТИ КОНСТРУИРОВАНИЯ УЧЕБНЫХ ЗАДАЧ И ОСВОЕНИЯ УЧЕБНЫХ ДЕЙСТВИЙ В ПРОЦЕССЕ ФОРМИРОВАНИЯ МАТЕМАТИЧЕСКИХ ПОНЯТИЙ У УЧАЩИХСЯ.....	14
Мұхамбетжанова С.Т. 12-ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУГЕ КӨШУ БАҒЫТЫНДА ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІН ҚҰРУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ.....	22
Потапчук Т.В. ЯЗЫК – ФАКТОР ФОРМИРОВАНИЯ НАЦИОНАЛЬНО-КУЛЬТУРНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ ЛИЧНОСТИ.....	28
Арыстанова Ш.Ү., Бахитова С.М. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӨЗІНДІК ОҚУ ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....	35
Шайхиев Т.Т. ЖАС ҰРПАҚҚА ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ БІЛІМ МЕН АЗАМАТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ МӘСЕЛЕСІ.....	41
Ергалиев А.С. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ.....	47
Ергалиева Г.А., Доскалиева Р.Б., Маденова Л.М. ЭТНОПСИХОЛОГИЯДА ЭТНИКАЛЫҚ СТЕРЕОТИПТЕРДІ ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІ.....	55
Мұлдағалиев В.С., Ибрашева Б.С. МАТЕМАТИКА ПӘНІНДЕ КҰЗЫРЕТТІЛІК ТҰРҒЫДАН БІЛІМ БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ МАЗМҰНЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІГІ.....	63
Шамуратова К.Ш., Муханбетчина А.Г. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯНЫ ЕНГІЗУДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК- ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....	67
Ниегова А.С. ОРЫС СЫНЫПТАРЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ.....	75
Темиргалиева М.Х., Иргалиев А.С. РЕАЛИЗАЦИЯ ИНТЕРАКТИВНОГО ОБУЧЕНИЯ В ВУЗЕ МЕТОДАМИ РАЗВИТИЯ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ.....	79

ФИЛОЛОГИЯ ФИЛОЛОГИЯ PHILOLOGY

Safronova N. THE METAPHYSICAL MOTIVES IN JOSEPH BRODSKY'S «MARBLE».....	84
Shtakina L.A. RHYTHMIC MODELLING AND PRONUNCIATION TEACHING.....	88
Кадыров Ж.Т., Жусипов Н.К., Шапауов А.К., Муханбеткалиев А.С. ПРОБЛЕМЫ ИНСЦЕНИРОВКИ ИЛИ ДРАМАТИЧЕСКИЙ ОБРАЗ.....	95



Шапауов А.К., Кажыбаева Г.К., Муханбеткалиев А.С., Сутжанов С. НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИИ И РАЗВИТИЯ ЖАНРА КАЗАХСКОЙ КИНОДРАМАТУРГИИ НА МАТЕРИАЛЕ ДРАМАТИЧЕСКИХ ПОЭМЫ И СЦЕНАРИЕВ.....	104
Қажыбаева Г.К., Муханбеткалиев А.С., Жүсіпов Н.К., Шапауов Ә.К. КОМЕДИЯДАҒЫ УАҚЫТ ШЫНДЫҒЫ (1970-1990 жылдардағы пьесалар негізінде).....	111
Жусупов Н.К., Шапауов А.К., Муханбеткалиев А.С., Досанов М. КОНФЛИКТ И ХАРАКТЕР В КАЗАХСКОЙ ДЕТСКОЙ ДРАМАТУРГИИ.....	119
Шапауов Ә.Қ., Әжіғалиев М.Қ. XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	125
Шапауов Ә.Қ. ПРОЗАДАН ДРАМАҒА.....	131
Донскова Г.А. ЯЗЫКОВЫЕ ОСОБЕННОСТИ ЭРГОНИМОВ – НАЗВАНИЙ ТУРИСТИЧЕСКИХ АГЕНТСТВ (НА МАТЕРИАЛЕ Г. УРАЛЬСК).....	140
Ержанова Ұ.Р. ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҰЛТ ТІЛІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ.....	147
Ақболатова Л.Т. ЖАРНАМА ТІЛІН ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТҮРҒЫДА ЗЕРТТЕУ.....	151

ТАРИХ ИСТОРИЯ HISTORY

Мұқтар Ә.Қ. XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ-АУҒАН ҚАТЫНАСТАРЫ ЖӘНЕ АБЫЛАЙ ХАН.....	155
Дакешева А.Б., Ахметова Ұ.Т. И.А. КАСТАНЬЕНИҢ ТҮРКІСТАНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ.....	166
<u>ҒЫЛЫМИ ӨМІР - НАУЧНАЯ ЖИЗНЬ</u>	175
<u>БІЗДІН МЕРЕЙТОЙ - НАШИ ЮБИЛЯРЫ</u>	177



АВТОРЛАР ҮШІН МӘЛІМЕТ МАҚАЛАНЫҢ ДАЙЫНДАЛУ ТӘРТІБІ

«БҚМУ хабаршысы» жинағына жариялауға білім мәселелеріне қатысты ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстар гуманитарлық, жаратылыстану, экономикалық, өнертану, техникалық ғылымдар, сонымен бірге университеттің құрылымдық бөлімшелерінің қызметі, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының мәселелері мазмұнын құрайтын қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде мақалалар қабылдайды.

Журналға бағытталған мақала (компьютерлік мәтін көлемі 8 беттен аспайтын) USB-жинағышы, CD-R дискімен (мәтіннің қолжазба түрінде, 1,0 интервалымен, 11 шрифтісінен кем емес, және бір данасы А4 формат қағазында) берілуі керек.

Суреттегі берілген барлық әріп және сандық белгілер ең басты және сурет астындағы мәтінде түсіндірілуі қажет. Қолжазбадағы суреттері бар беттері мен мәтін беттері нөмірленген болуы керек. Мәтін мұқият тексерілген және редакцияланған болуы қажет. Сканерленген мәтіндер, грамматикалық және техникалық қателері бар мақалалар жинаққа енгізілмейді.

«БҚМУ хабаршысы» ғылыми журналына дайындық кезінде материалдарды жариялауға автор туралы мәлімет көрсетілуі қажет (аты-жөні (толық), ғылыми атағы, дәрежесі, лауазымы, жұмыс орны, мекенжайы, электрондық почтасы, тел.), ƏОЖ нөмірі, ішкі және сыртқы рецензиясы (жариялауға ұсынылған ғылыми жұмыстың ғылым кандидаты және докторларының сын-пікірлері болуы керек); аңдатпа, мақала тіліндегі түйін сөз (10 сөзден артық); Т.А.Ә., мақаланың атауы, түйіндеме, түйін сөз (мемлекеттік тілде жарияланатын мақалаға - орыс немесе ағылшын тілінде, басқа тілде жарияланатын мақалаға - мемлекеттік, орыс немесе ағылшын тілінде), жариялауға төленген түбіртек міндетті түрде болуы қажет.

Мақаланы жариялауға expertтік комиссия бекіткен ғылыми-техникалық Кеңестің expertтік тұжырымдамасы болуы керек.

Материалдар белгіленген тәртіп бойынша сай келмесе, жариялауға қабылданбайды. Қолжазбалар редакция көзқарасын білдірмейді және авторларға кері қайтарылмайды.

К СВЕДЕНИЮ АВТОРОВ ПРАВИЛА ОФОРМЛЕНИЯ СТАТЕЙ

Для публикации в «Вестнике ЗКГУ» принимаются статьи на казахском, русском, английском языках, содержащие результаты научных и научно-методических работ в области гуманитарных, естественных, экономических, искусствоведческих, технических наук, посвященных проблемам образования, а также материалы, отражающие деятельность различных структурных подразделений университета, вопросы социально-экономического развития региона.

Статья (объемом не более 8 страниц компьютерного текста), направляемая в журнал, представляется на дисках CD-R, USB-накопитель (с обязательной распечаткой текста, шрифтом не менее 11, 1,0 интервалом и графики на бумаге в одном экземпляре на формате А4).

Все буквенные и цифровые обозначения, приведенные на рисунках, необходимо пояснить в основном или подрисуночном тексте. Страницы рукописи должны быть пронумерованы, включая листы с рисунками. Текст должен быть тщательным образом выверен и отредактирован. Сканированные тексты с грамматическими и техническими ошибками не будут включены в сборник.

При подготовке материалов к опубликованию в научном сборнике «Вестник ЗКГУ» обязательным условием является представление сведений об авторе (Ф.И.О. (полностью), ученая степень, звание, должность, место работы, адрес, электронная почта, тел.), номер УДК, внутренней и внешней рецензии (публикуемые в издании научные работы должны быть рецензируемы кандидатами наук и докторами); аннотация, ключевые слова на языке статьи (более 10 слов); Ф.И.О., название статьи, резюме, ключевые слова (статьи, публикуемой на государственном языке, должно быть на русском и английском языках; статьи, публикуемой на других языках – на государственном, русском или английском языках); наличие квитанции оплаты за публикацию.

Решение о возможности опубликования статьи подтверждается expertтной комиссией научно-технического Совета актом expertтного заключения.

Материалы, не соответствующие данным требованиям, к публикации не принимаются. Рукописи не рецензируются и не возвращаются авторам.



АВТОРЛАРДЫҢ ТҮПНҰСҚАСЫНАН БАСЫП ШЫҒАРЫЛДЫ

ОТПЕЧАТАНО С ОРИГИНАЛОВ АВТОРОВ

Редакторы-Редактор:

Р.Р. Құжасалиева

Корректоры-Корректор:

С.А. Бекқұжасиева

Материалдарды

компьютерде беттеген:

Верстка и изготовление

оригинал-макета:

В.М. Миликеева,

С.К. Сахметова, М.Е. Есенғалиева

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан

мемлекеттік университеті, 2013

090000, Орал, Достық даңғылы, 162

Басуға 11. 09. 2013 ж. қол қойылды.

Көлемі 22,6 б.т. Таралымы 350 дана.

Тапсырыс № 9

Подписано в печать 11. 09. 2013 г.

Объем 22,6 п.л. Тираж 350 экз.

Заказ № 9

*Западно-Казахстанский государственный
университет им. М. Утемисова, 2013
090000, Уральск, пр. Достык, 162*